
**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының**

**2017 ЖЫЛҒЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

1-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» дербес білім беру ұйымының қызметі



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕР	6
1-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	10
1.1. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	12
1.2. ОҚУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ	12
1.3. ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ КАНИКУЛЯРЛЫ МЕКТЕП	15
2-ТАРАУ. ПЕДАГОГ МАМАНДАР	16
2.1. МҰҒАЛІМДЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ	18
2.2. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ (БАЖ).....	19
2.3. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ҚЫЗМЕТТІК БАҒАЛАУ	26
2.4. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ	27
2.5. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ	27
3-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ	30
3.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	32
3.1.1 «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ NIS PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ	32
3.1.2 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫ	39
3.2. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	40
3.3. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ	41
3.3.1. ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР	41
3.3.2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП	44
3.3.3. СЕРІКТЕС МЕКТЕПТЕР	45
3.4. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ	46
3.4.1. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	46
3.4.2. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	48
3.5. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ	50
3.5.1. NIS-PROGRAMME СӘЙКЕС ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ӘЗІРЛЕУ	50
3.5.2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ	52
4-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ	56
5-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ	62
5.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ	64
5.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	67
5.3. 10 ЖӘНЕ 12-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ	68
5.4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТАЦИЯЛАУ	71
6-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	72
6.1. ҮЛГЕРІМ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫ	74
6.2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРҒА, ҒЫЛЫМИ БАЙҚАУЛАР МЕН КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІ	74
6.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАР НӘТИЖЕЛЕРІ	78
6.4. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ	78
6.5. НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ МОЙЫНДАЛУЫ	79
ФИЛИАЛДАР МЕН ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ	80
ҚОСЫМШАЛАР	82
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ	94

АЛҒЫ СӨЗ



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, АТА-АНАЛАР, СЕРІКТЕСТЕР!

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2017 жылғы жұмысына арналған кезекті жылдық есепті (I, II бөлімдер) назарларыңызға ұсынамын.

Біздің ұйым әрдайым алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, елімізде және халықаралық білім беру аренасында мойындалып келеді.

Бүгінгі таңда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымында Қазақстан тарапынан «Білім беру – 2030» жобасының үйлестірушісі болып табылады және ЮНЕСКО-мен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды. Сонымен қатар, қазіргі таңда Астана, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау, Қызылорда, Семей, Өскемен, Шымкент қалаларындағы 10 Назарбаев Зияткерлік мектебі CIS халықаралық аккредитациясын иеленді.

Қазақстан және Ресей мемлекеттерінің басшылары Н. Назарбаев пен В. Путин Челябинск қаласында өткен білім беру көрмесіне қатысты, онда біздің ұйымның «Адам капиталын дамыту» атты XIV өңіраралық ынтымақтастық шеңберінде жасаған жұмысы мен тәжірибесі таныстырылды.

<https://youtube/b30lk329k4A>

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» дербес білім беру ұйымдары Жоғары Қамқоршылық Кеңесі отырысында Зияткерлік мектептерде атқарылған жұмыстар мен даму перспективалары жөнінде ұсыныстар талқыланып, еліміздегі барлық Зияткерлік мектептердің тиімді жұмысы аталып өтілді. Орта білім беру жүйесіне оң тәжірибесін тарату мақсатында аймақтардағы Зияткерлік мектептерді жаңартылған білім мазмұны мен мұғалімдердің біліктілігін арттыратын әдістемелік Орталықтарға айналдыру тапсырмасы берілді.

<http://primeminister.kz/ru/news/obrazovanie/nursultan-nazarbaev-prinyal-uchastie-v-zasedanii-visshego-popechitel'skogo-soveta-autonomnih-organizatsii-obrazovaniya-14666>

Зияткерлік мектептердің 2 248 оқушысы халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарында жүлдегер атанып, түлектердің 99,8%-ы еліміздің және шетелдің үздік жоғары оқу орындарына түсті.

Тәжірибе тарату аясында ауқымды жұмыс атқарылды: 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жалпы білім беретін мектептердің 1, 2, 5 және 7-сынып оқушылары «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы әзірлеген жаңартылған бағдарламамен оқуды бастады; бағдарламаларды сәтті енгізу мақсатында еліміздің 29 306 педагог маманы кәсіби дайындықтан өтті.

2018 жылы ДББҰ қызметін тұрақты даму жолына қоюды жоспарлап отырмыз.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқармасы атынан серіктестер мен Зияткерлік мектептер командасына кәсіби біліктілігі, идеяға адалдығы және біздің ұйымның дамуына қосқан үлестері үшін алғысымды білдіремін!

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымының
Басқарма төрайымы
Күләш Шәмшидинова



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕР



Мамыр

Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» дербес білім беру ұйымдарының Жоғары Қамқоршылық Кеңесінің отырысы өтті

Қаңтар-желтоқсан

10 Зияткерлік мектебі білім беру қызметтерінің халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары сапасын растайтын Council of International Schools халықаралық аккредитациясынан өтті



CIS
COUNCIL OF
INTERNATIONAL
SCHOOLS



Ақпан

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына «Ұлы дала мұрагерлері» Назарбаев Зияткерлік мектептерінің әлеуметтік жобалары мен тәжірибелері негізінде оқушылардың қойылымы ұйымдастырылды

Наурыз

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Б. Сағынтаев Семей қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне сапары




Маусым

Еліміздің жалпы білім беретін ауыл мектептерінің 100 оқушысына арналған «EXPO-2017 көрмесінің жас елшілері» жазғы мектебі ұйымдастырылды

Шілде

EXPO-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесінің аясында НАМК қолданбалы ғылымдар университетімен (Финляндия) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды



Тамыз

Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жаңа ғимараты ашылды



Қазан

«Білім берудің жарқын болашағына арналған құндылықтар, әл-ауқаттылық және инновация» тақырыбындағы IX халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды

Қазан

«Ақбота» Қоғамдық қорының қолдауымен БҰҰ Даму Бағдарламасы мен «Алматы қаласының тұрақты транспорты» Жаһандық экологиялық қорының «Сенің қалаңның экологиясы мен сенің денсаулығыңа қауіпсіз велосипедің!» атты гранттық жобасы аясында 1500 адамның қатысуымен вело-фестиваль өткізілді



Қараша

«Адам капиталын дамыту» тақырыбында Челябинск қаласында Қазақстан және Ресей басшылары Н. Назарбаев пен В. Путиннің қатысуымен Қазақстан-Ресей XIV өңіраралық ынтымақтастығы форумы, Зияткерлік мектептердің көрмесі ұйымдастырылды

Қараша

Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның отырысы аясында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин және Ресей Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Игорь Шуваловтың Ақтөбе қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне сапары



Қараша

Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебіне Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Әлеуметтік-экономикалық даму комитеті мүшелері келді

Желтоқсан

ҚБТУ-дың Зияткерлік мектептердің түлектерін екінші курсқа қабылдау туралы шешімі. Жоғары мектеп пәндерін жоғары оқу орындарындағы білім беру пәндердің кредиттері ретінде қабылдау туралы ұлттық жоғары оқу орындарымен келісімге қол қойылды







20 Зияткерлік мектепте
14 837 оқушы оқиды.



IELTS емтиханы нәтижелері бойынша
орташа балл – **5,9** құрады.

Түлектердің 18%-ы жоғары нәтиже
– **7** және одан жоғары балға қол
жеткізді.



2 248 (61,4%) оқушы
халықаралық олимпиадалар мен
байқауларда жүлделі орындарға
ие болды.



404 түлек жоғарғы оқу
орындарына түсті:

323 түлек –
еліміздің жоғарғы оқу
орындарына,

ал **81** түлек – шетелдік
жоғары оқу орындарына
қабылданды;

340 (84%) оқушы грант
бойынша оқуға түсті.



Зияткерлік мектептерде

2 879 педагог жұмыс істейді,
оның ішінде

2 684 – қазақстандық,
195 – шетелдік мұғалімдер.

4 Phd докторы,
22 ғылым кандидаты,
719 магистр.

6 зерттеуші-мұғалім,
243 сарапшы-мұғалім,
892 модератор-мұғалім,
1 342 мұғалім,
522 стажер-мұғалім.

562 тренер, оның ішінде

112 адам – 2017 жылы тренерлік
курстан өткен педагогикалық
қызметкерлер.



Екі оқытушы – «Үздік
педагог–2017» республикалық
байқауының жеңімпаздары
атанды:

Бекжан Көпбосынов, Шымкент
қаласы физика-математика
бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Нұрым Нұрғалиев, Алматы
қаласы химия-биология
бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебінің биология
пәнінің мұғалімі.

1-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ





1.1. ЗИАТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Зияткерлік мектептердің оқушылары мен бала-бақша тәрбиеленушілерінің контингенті «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқармасының 2017 жылғы 11 тамыздағы (№40 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының бала-бақша тәрбиеленушілері мен оқушылар контингентін тіркеу бойынша Мектепшілік құжаттама жүргізу туралы нұсқаулықпен реттеледі.

2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша 20 Зияткерлік мектепте 14 837 оқушы оқиды (қосымшаны қараңыз).

Зияткерлік мектептердің жатақханаларында 2 394 оқушы тұрады.

Оқушылар контингентінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы (2017 жылғы 1 қыркүйектегі көрсеткіштер бойынша):

- ◆ 1 982 (13,2%) бала — көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларынан;
- ◆ 2 364 (16,3%) бала — толық емес отбасыларынан;
- ◆ 404 (1,5%) баланың ата-аналары — зейнеткерлер;
- ◆ 293 (1,1%) — ата-аналары мүгедек балалар;
- ◆ 42 (0,3%) мүгедек балалар;
- ◆ 35 (0,2%) қамқорлыққа алынған балалар;
- ◆ 1 бала — балалар үйінің тәрбиеленушісі;
- ◆ 2 961 (19,7%) бала — ауылдық жерлерден және шағын қалалардан келген.

Сонымен қатар, Астана қаласындағы Халықаралық мектепте 1 123 оқушы білім алады. «РФММ» КЕАҚ-та 2 040 оқушы, оның ішінде Астана қаласындағы филиалда 1 160 оқушы оқиды.

1.2. ОҚУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Зияткерлік мектептерге оқуға түсуге үміткерлер конкурсын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі ҚР Үкіметінің қаулысымен, сондай-ақ ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің және ДББҰ Басқармасының шешімдерімен (қосымшаны қараңыз) бекітілген бірнеше нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.

Есептік кезеңде 1-2, 4-6, 7-9, 11-сыныптардан оқушыларды конкурстық іріктеуге 17 805 үміткер қатысып, олардың ішінен 2 051 оқушы (11,5%) әртүрлі сыныптарға түсті.

2017-2018 оқу жылында Зияткерлік мектептердің 7-сыныбында оқуға үміткерлерді конкурстық іріктеудің нәтижелері Cito (Педагогикалық өлшеулер институты, Голландия) мен СТУ (Джонс Хопкинс Университетінің Талантты жастар орталығы, АҚШ) сияқты стратегиялық серіктестермен бірлесе отырып, 7-сынып оқушыларын конкурстық іріктеудің бірегей жүйесі әзірленді және ол өз қызметін ойдағыдай атқарып келеді.

Аталған жүйенің ерекшелігі оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын білу қабілетін анықтауға мүмкіндік беру болып табылады, бұл:

- ◆ NIS-Programme бағдарламасының мазмұнын тиімді меңгеруге;
- ◆ кең ауқымды дағдыларды дамытып, мектепте білім алу кезеңінде жетістіктерге жетуіне;
- ◆ академиялық білім беру және пәндер аясындағы көптеген күнделікті міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

2017 жылғы 7-сыныпқа конкурстық іріктеудің ерекшеліктері төмендегідей сипатталады:


- ◆ конкурстық іріктеуде оқушылардың қабілеттіліктерін бағалауға қатысты тест тапсырмаларын орындау барысында алғаш рет видео-нұсқау пайдаланылды;
- ◆ мүдделі тараптарға конкурстық іріктеуге қатысқан үміткерлердің тест тапсыру үдерісін көрсететін онлайн-тарату жүйесі апробацияланды;
- ◆ конкурстық іріктеу нәтижелеріне ұлдар мен қыздар бойынша статистикалық талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде тест тапсырмаларының гендерлік белгі бойынша кемсіту белгілерінің жоқтығы расталды.

Ағымдағы жылдың наурыз айында ҚР орта білім ұйымдарының 17 338 6-сынып оқушылары Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарында оқу үшін Cito және СТУ-мен бірігіп өткізген конкурстық іріктеуге қатысты. Олардың ішінен 1 820¹ оқушы Грант тағайындау жөніндегі республикалық комиссия отырысының 2017 жылғы 12 маусымдағы шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасының «Өркен» білім беру грантының (бұдан әрі — Грант) иегері атанды.

Іріктеуге қатысушылар үлесі еліміздегі 6-сынып оқушыларының жалпы санының 6,3%-ын құрады. Олардың басым бөлігі Астана (14,8%), Атырау (11,9%) және Алматы (11,1%) қалаларының үміткерлері, ал аз бөлігі Талдықорған (2,4%), Өскемен (3,4%), Семей (3,7%) және Көкшетау (3,7%) қалаларынан.

¹ Резервтік тізімді есептегенде Грантқа барлығы 1 948 адам ие болды.

Диаграмма. 2016-2017 жж. конкурстық іріктеу деректері.



Шектік балл жинаған және Грант тағайындау конкурсына өткен үміткерлердің үлесі 2016-2017 жылдарда айтарлықтай өскені байқалады.

Есептік жылдағы конкурс бойынша бір орынға 9,5 адам конкурсқа түсті. Осы ретте қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы конкурс орыстiлiнде оқытылатын сыныптарға қарағанда 2 есе артық (бір орынға тиісінше 12,6 және 5,5 адам) болды.

Ақпараттық дерек: небәрі жеті жыл ішінде бір орынға үміткерлер саны 5 есеге көбейді (1,8 адамнан 9,5 адамға дейін).

Кесте. Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарында оқуға үміткерлер саны

Жылы	Үміткерлер саны	Бір орынға конкурс
2016	16 052	7,3
2017	17 338	9,5

Жеке аймақтарда (Атырау, Тараз, Қызылорда, Алматы, Шымкент қалаларында) конкурсқа бір орынға 13-15 оқушыдан қатысты.

2017 жылғы пәндік тестілеу бойынша үміткерлердің орташа балы 560,5 балды құрады (максималды балдың 56,05%-ы). 2016 жылмен

салыстырғанда үміткерлердің орташа балының (543-тен 560,5-ке дейін) 17,5 балға өскенін байқауға болады.


Үміткерлердің орташа балы бойынша (ең жоғарыдан ең төменгіге дейінгі) Қазақстан аймақтарын 3 топқа бөлуге болады: 1-топқа Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Орал, Көкшетау қалалары кірсе; 2-топқа Ақтөбе, Семей, Петропавл, Қостанай, Тараз, Өскемен; ал 3-топқа Ақтау, Шымкент, Атырау, Талдықорған, Қызылорда қалалары кіреді.

Үміткерлердің орташа балы бойынша Астана қаласы (651) көш бастаса, Қызылорда қаласының үміткерлері (508) ең төмен көрсеткіштер көрсетті. Ең жоғары балл мен ең төменгі балл арасында елеулі айырмашылық бар, ол 143 балды құрайды (2016 жылғы айырмашылық 154,6 балды құрады).

Пәндер бойынша ең жоғары балл жинаған үміткерлер саны:

- ♦ математикадан (400 б.) – Алматы (ФМБ) және Атырау қалаларынан басқа барлық қалалардан 129 үміткер;
- ♦ қазақ тілінен (бірінші тіл ретінде) (200 б.) – Петропавл қ. қалаларынан басқа 317 үміткер;
- ♦ қазақ тілінен (екінші тіл ретінде) (200 б.) – үміткерлердің ешқайсысы ең жоғары балл жинай алған жоқ;

Диаграмма. Қалалар бойынша конкурстық іріктеуге үміткерлердің пәндік тест нәтижелері



- ♦ орыс тілінен (бірінші тіл ретінде) (200 б.) – Астана, Алматы, Ақтау, Көкшетау, Петропавл қалаларынан 10 үміткер;
- ♦ орыс тілінен (екінші тіл ретінде) (200 б.) – барлық қалалардан 246 үміткер;
- ♦ ағылшын тілінен (200 б.) – барлық қалалардан 259 үміткер.

Қазақ тілі (екінші тіл ретінде) пәні бойынша бірде-бір үміткердің максимал балды жинамағанын атап айтқан жөн.


Үміткерлердің «Математика» пәні бойынша тест нәтижелері оқушылардың көбінесе модульдің геометриялық мәнін қолдану арқылы модульді табу, пайыз, пропорционалды бөлу және сызықтық теңдеулерді шешуге арналған мәтіндік тапсырмаларды орындауға келгенде қиналатынын көрсетті.

«Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша алынған жауаптарға сүйенсек, үміткерлер мәтіннің негізгі идеясын, құрылымын және синонимдік сөздерді анықтауға, сондай-ақ мәтіндегі ақпаратты нақтылау арқылы қорытынды шығаруға арналған тапсырмаларды орындағанда қиналады.

Үміткерлердің қабілеттіліктерін бағалау бойынша тестің орташа балы 2017 жылы 59,4 балды құрады (максималды балдың 45,6%). 2016 жылмен салыстырғанда үміткерлердің орташа балы (57-ден 59,4-ке дейін) 2,4 балға өсіп отыр. Үміткерлердің ең жоғары балдары Астана (71,2) және Алматы (66,2) қалаларында байқалса, ең төмен көрсеткішті Қызылорда (51,5) және

Диаграмма. Грант иегерлерін қабілеттері бойынша бөлу

■ төмен
■ жеткілікті
■ жоғары
■ өте жоғары




Қабілеттілікті бағалау тестінің нәтижелері бойынша Грант иегерлері қабілеттілік деңгейлері бойынша төмендегідей сараланды:

- ♦ **өте жоғары:** оқушылардың қабілеттері жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбындағы ең үздік оқушылардың 1%-ның қабілетімен деңгейлес;
- ♦ **жоғары:** оқушылардың қабілеттері жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбындағы ең үздік оқушылардың 25%-ның қабілетімен деңгейлес;
- ♦ **орташа:** оқушылардың қабілеттері жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбындағы ең үздік оқушылардың 25%-на кірмеген оқушылардың қабілетімен деңгейлес;
- ♦ **жеткілікті:** «Орташа» деңгейінің сипаттамасына сәйкес келеді, бірақ кеңістікте ойлау қабілеттері айтарлықтай төмен.

Грант иегерлерінің қабілеттілік деңгейлері бойынша бөлінуі оқушылардың 75%-ының

Диаграмма. Қалалар бойынша конкурстық іріктеуге қатысатын үміткерлердің қабілеттілікті бағалау тестінің нәтижелері



Талдықорған (52,2) қалалары көрсетті.

Үміткерлердің ең жоғары балдары:

- ♦ «Сандық сипаттамалар» бөлімі бойынша 60-тан 60 балды Петропавл қаласынан 1 үміткер алды (конкурстық іріктеуді жүзеге асыру кезеңіндегі алғашқы жағдай);
- ♦ «Кеңістікте ойлау» бөлімі бойынша 74-тен 74 балды Алматы қаласынан (ХББ) 1 үміткер алды.

жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша жоғары және өте жоғары деңгейдегі қабілетке ие екендігін көрсетеді, ал бұл олардың NIS-Programme бағдарламасын оңай меңгере алуына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың 23%-ының қабілеті – жеткілікті, ал 2%-ынікі – төмен деңгейде болып отыр, дегенмен, мектептегі оқу үдерісі дұрыс ұйымдастырылса, олардың жақсы оқу үлгерімін көрсете алары сөзсіз. Аталған ақпарат мектептерге оқу үдерісін саралап ұйымдастыру мүмкіндігін береді, яғни әр оқушының дербес жолмен дамуы қамтамасыз етіледі.

Үміткерлердің байқау тестілеуі бойынша нәтижелері

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына Зияткерлік мектептердің 7-сыныбына оқуға түсуге дайындалу, конкурстық іріктеу өткізу форматымен және шарттарымен танысу мүмкіндігін беру мақсатында биыл «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі» және «Ағылшын тілі» пәндерінен алғаш рет компьютерлік форматта байқау тестілеуі жүргізілді.

Кесте. Үміткерлердің пәндік тест бойынша жинаған орташа балы

Үміткерлердің орташа балы			
конкурстық іріктеу	байқау тестіне қатыспағандар	байқау тестіне бір рет қатысқандар	байқау тестіне бірнеше рет қатысқандар
560,5	532,6 [-27,9 балл]	605,9 [+45,4 балл]	658,7 [+98,2 балл]

Оқушылардың конкурстық іріктеу нәтижелерінің ілгерілеуіне олардың байқау тестілеуіне қатысуы себепші болып отыр (байқау тестілеуіне жиі қатысқан сайын, шынайы конкурстық іріктеудің орташа балы жоғарылай түседі). Байқау тестілеуін енгізу нәтижесі ДББҰ Зияткерлік мектептерге түсушілердің құқығын теңестіріп, конкурстық іріктеу үдерісінің айқын және қолжетімді болуының өзектілігін арттырады.

Конкурстық іріктеудің сапалы болуын қамтамасыз ету үшін ДББҰ төмендегідей жұмыстар жүргізді:

- ◆ Зияткерлік мектептердің 1-6, 7, 10-11-сыныптарына қосымша конкурстық іріктеуге арналған бағалау құралдарының базасы жаңартылды;
- ◆ төмендегідей мақсаттарда қолданылатын емтихан материалдары дайындалды:
 - ◇ Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 1-сыныптарына конкурстық іріктеу, 20 Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына конкурстық іріктеу;
 - ◇ Астана (ХБ), Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қостанай, Семей, Талдықорған, Тараз, Қызылорда, Шымкент (ФМБ) қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 1-2, 4-6, 8-9, 11-сыныптарына оқушыларды қосымша конкурстық іріктеу.

Келешекте еліміздегі жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жағдайында конкурстық іріктеудің тиімділігін сақтау мақсатында форматты оңтайландыру, тест тапсырмалары қорын жаңарту және жыл сайын үміткерлердің саны өсіп келе жатқанын ескере отырып, конкурстық іріктеу рәсімдерін автоматтандыру жоспарлануда.

1.3. ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ КАНИКУЛЯРЛЫ МЕКТЕП

Виртуалды және Каникулярлық мектептерді ұйымдастыруға бағытталған жұмыс дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен бекітілген Нұсқаулық негізінде жүзеге асырылады (қосымшада берілген).

2017 жылы «Виртуалды мектеп» және «Каникулярлық мектеп» жобаларын жүзеге асыруы жалғастырылды.

2017 жылдың наурыз айында жалпы білім беретін мектептердің 5-сынып оқушыларын, ал қыркүйек айында 6-сынып оқушыларын Виртуалды мектепке тіркеу жұмысы жүргізілді. Барлығы **4 961** оқушы қатысты.

Виртуалды мектеп тапсырмаларын сәтті орындаған оқушылар аймақтардағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне «Каникулярлық мектепке» математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінен сабақтарға шақырылды.

Виртуалды мектептің 5-сынып қатысушыларының 78,4%-ы және 6-сынып қатысушыларының 84,4%-ы Каникулярлық мектепке өтті.

Барлығы каникулярлық мектепке орта білім беру ұйымдарының 5-сыныбынан **2 040** оқушы, 6-сыныбынан **1 516** оқушы қатысты.

Жүргізілетін жұмыс нәтижесінде:

- ◆ «Виртуалды мектеп» қатысушыларының 16,4%-ы (501 оқушы) Зияткерлік мектепке қабылданды;
- ◆ «Каникулярлық мектеп» қатысушыларының 17%-ы (388 оқушы) Зияткерлік мектепке қабылданды.

Аталған бағыттағы жұмыс болашақта жалғастырылады.

2-ТАРАУ. ПЕДАГОГ МАМАНДАР







Зияткерлік мектептерде **2 879 мұғалім** қызмет атқарады, оның ішінде **2 684** – қазақстандық, **195** – шетелдік мұғалімдер.

2.1. МҰҒАЛІМДЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Жергілікті педагог мамандарды конкурстық іріктеу «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2013 жылғы 29 тамыздағы (№48 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның негізгі қызметі білім беру болып табылатын филиалдары педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының бос қызмет орындарына конкурс өткізу ережесі» негізінде жүзеге асырылады.

Педагог мамандар санын толықтыру мақсатында еліміздің барлық аймақтарында конкурстық іріктеу өткізіліп, оған 3 673 үміткер қатысты. Үміткерлердің ішінен:

- ♦ **337 адам** Зияткерлік мектептерде жұмыс істеуге ұсынылып;
- ♦ **417 педагог қызметкерлер** бос қызмет орындарын уақытылы толықтыру мақсатында құрылған резервке алынды.

Алғаш рет мұғалімдеріміздің қатарына Назарбаев Университеті мен еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында білім алған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 27 түлектері қосылды. Жас мамандар үш тілді еркін меңгерумен қатар терең академиялық білім мен құзыреттіліктерге ие.

Үштілді оқу ортасын қолдау, пәндерді ағылшын тілінде оқытуда жергілікті мамандардың әлеуетін көтеру мақсатында шетелдік педагогтер жұмысқа тартылды.

Шетелдік педагог мамандарды конкурстық іріктеу «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 13 шілдедегі шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-на шетелдік педагогтерді жұмысқа алу ережесіне» сай жүзеге асырылады.

Шетелдік мұғалімдерді іріктеу жұмысы Teach Away Inc. (Канада), Teachanywhere – Ranstad Education Ltd. (Ұлыбритания), Search Associates (Ұлыбритания) және Teacher International Consultancy Ltd. (Ұлыбритания) сияқты стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықта жалғастырылды.

Халықаралық университеттердің ресми сайттарында Зияткерлік мектептердің парақшалары өз жұмысын сәтті атқаруда, педагогикалық қауымдастықтар мен шетелдік мерзімді баспа басылымдарында жарнамалар орналастырылып, мамандарға арналған LinkedIn әлеуметтік желісінде шетелдік үміткерлер белсенді түрде іздестірілуде.

Шетелдік үміткерлерді іріктеудің қосымша ресурсы ретінде ДББҰ-ның сайтында <http://careers.nis.edu.kz> парақшасы құрылып, үміткер шетелдік мұғалімдерге тікелей өтініш қалдыруға мүмкіндік берілді. Аталмыш жылда осы парақша арқылы 20 үміткердің өтініші тіркелді.

Есептік мерзімде 700-ден аса шетелдік мұғалімдердің жұмыс өтініштері қарастырылып, 205 сұхбаттасу өткізілді. Іріктеліп алынған 100-ден аса үміткердің жеке ісі тексеріліп, оның 78-і мектепке жұмыс істеуге шақырылды. 117 мұғаліммен еңбек шарты ұзартылды.

Шетелдік мұғалімдерді жұмысқа қабылдау барысында үміткерге қойылатын біліктілік талаптары, жұмыс өтілі ескеріліп, үміткердің жеке құжаттары, бұрынғы жұмыс орындарынан берілген мінездеме хаттары, біліктілік құжаты, сотталмағаны жайлы анықтама мен жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық куәлігі тексеріледі.

Былтырғы жылмен салыстырғанда Зияткерлік мектептерде төрт және одан да ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған шетелдік мұғалімдердің саны (9,5%-ға) артты:

44
мұғалім

4 жылдан
астам

40
мұғалім

3 жылдан
астам

111
мұғалім


1-2 жыл

Шетелдік мұғалімдердің сапалық құрамы: 4 Phd докторы, 113 магистр және 53 білім берудегі халықаралық сертификат иегерлері (IBDP, TESOL, ESL, TEFL, IELTS, CELTA, DELTA емтихан алушылары).

Диаграмма. Елдер бойынша шетелдік мұғалімдердің саны



Шетелдік педагогтердің педагогикалық жұмыс өтілі:



Шетелдік педагогтер жоғары сыныптарда ғылыми бағыттағы пәндерді оқытады, халықаралық емтихандарға дайындайды, қазақстандық әріптестерінің кәсіби біліктілігінің артуына қатысады.

2.2. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ (БАЖ)


Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2014 жылғы 29 тамыздағы шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, оның филиалдары, өкілдіктері мен еншілес ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ережесіне» сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылады.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің (БАЖ) одан әрі дамуы әртүрлі құзыреттіліктерді дамытуға, оқу үдерісінде

туындайтын кәсіби қиыншылықтарды шешудің тиімді жолдарын табуға бағытталған оқыту бағдарламалары шеңберінде жүйелі түрде жүзеге асып келеді.

Есептік мерзімде барлығы 8 879 адам мектепішілік, елде және шетелдік курстардан өтті.

Диаграмма. Біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылған педагог қызметкерлер саны



МЕКТЕП ІШІНДЕ

4464 адам төрт модуль бойынша мектепішілік курстарды аяқтады:

- ♦ «Педагогикалық білім» - 1967 адам;
- ♦ «Қазақ тілі» - 627 адам;
- ♦ «Ағылшын тілі» - 1473 адам;
- ♦ «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» - 397 адам.

ЕЛ ІШІНДЕ

Ел ішінде 54 курс бойынша 4 386 адам бес бағыт бойынша оқып шықты.



Академиялық білімді дамыту, оқыту тәжірибесін жетілдіру, педагогикалық шеберлік деңгейін арттыру.

Аталған бағыт шеңберінде сыни ойлауға, қарым-қатынас және бірігіп жұмыс жасай алу дағдыларына, сондай-ақ шығармашылық тәсілдеме мен сандық ортада әрекет ету дағдыларына үйретуге қажетті дағдылар мен біліктіліктерді дамытуға бағытталған курстар өткізілді.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Академиялық жазу бойынша біліктілікті арттыру курсы, <i>Häme University of Applied Sciences (Финляндия)</i>	19
2	Ойлап тапқыштық тапсырмалардың теориясы және шешімі (бұдан әрі – ТРИЗ) педагогикасының теориялық негіздері және тәжірибесі, <i>ТРИЗ-профи (Ресей)</i>	20
3	«Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша біліктілікті арттыру курстары, <i>Назарбаев Университет (Қазақстан)</i>	133
4	Оқушыларды жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерді мәліметтерді тіркей отырып зерттеу арқылы оқуға тарту, <i>PASCO (АҚШ)</i>	40
5	2-санаттағы диплом бағдарламасына арналған <i>Economics, International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	2
6	Әлеуметтік және мәдени антропология, 2-санат, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	1
7	<i>History SL, 1-санат, International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	1
8	<i>Design: Implementing the MYP curriculum, 1-санат, International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	1
9	<i>Design: Delivering the MYP curriculum, 2-санат, International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	2
10	2-санаттағы диплом бағдарламасына арналған <i>Chemistry, International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	2

11	Theory of knowledge, 2-санат, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	5
12	Approaches to teaching and learning in the DP, 3-санат, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	5
13	The role of the supervisor in extended essays, 3-санат, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	25
14	Тұжырымдарға негізделген оқу, <i>Малкольм Николсон атындағы Erimus Education (Ұлыбритания)</i>	39
15	Білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің этикалық қыры, <i>Марит Ховейд, Техника және жаратылыстану ғылымдары бойынша Норвегия Университеті, Норвегия.</i>	13
16	Академиялық мақалаларды жазу, <i>Филип Монтгомери, Назарбаев Университетінің профессоры, Қазақстан</i>	19
17	Сандық технологиялардың экономикаға әсері, «Инновациялық Зият технологиялары академиясы» ЖШС, (Қазақстан)	18
18	CLIL бойынша бағалау, <i>Питер Мехисто, Ұлыбритания</i>	15
19	Алғашқы әскери дайындық бойынша курс, «Гранд Радиан» оқыту және оқу орталығы» ЖШС, (Қазақстан)	2
20	«TALIS» біліктілікті арттыру курстары, (Қазақстан)	20
Барлығы:		382

2-бағыт.

Мұғалімдердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту.
Тіл тұрақты түрде оқытылады.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Online General English Course, <i>British Study Centres (Ұлыбритания)</i>	100
2	Language A: Language and literature, 2-санат, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	4
3	Language A: Literature (Cat.2), SL 2-санат, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	3
Барлығы:		107

Кәсіби деңгейдегі қазақ және ағылшын тілдерін дамыту мақсатында мұғалімдердің тілдік құзыреттіліктеріне мониторинг жүргізіледі.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Қазтест курсы, <i>Ұлттық тестілеу орталығы (Қазақстан)</i>	1814
2	Курс APTIS, <i>British Council (Қазақстан)</i>	921
Барлығы:		2735

3-бағыт.

Коммуникативтік қабілет, өмірлік дағдылар мен мета-пәндік біліктерді дамыту

Аталған бағыт бойынша күйзеліске бой алдырмауға, уақытты ұйымдастыруға, мәтіндік және сандық ақпаратты өңдеуге, өз көзқарасын дәлелді түрде қорғауға және т.б. мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастырып, дамытуды көздейтін біліктілікті арттыру курстары өткізілді.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Стрессіз мектеп: білім беру тәжірибесіндегі интегративті кинесиология. <i>Смирнова С. С. (Ресей)</i>	48
2	«Стрессіз мектеп: білім беру тәжірибесіндегі интегративті кинесиология» (супервизия) атты біліктілікті арттыру курсы <i>Смирнова С. С. (Ресей)</i>	48
3	Уақытты ұйымдастыру. <i>Педагогикалық шеберлік орталығы (Қазақстан)</i>	20
4	Мектептің араға түсуі: оқушылар арасындағы қақтығыстар мен шиеленістерді шешу. <i>Күйзелісті жеңу институты (Қазақстан)</i>	75
5	Балалар мен жасөспірімдердің коучингі. <i>Ата-аналар, балалар мен жасөспірімдерге арналған Халықаралық коучинг институты (Ресей)</i>	22

6	Оқушылардың психологиялық тұрғыдан сау болуының құпиялары <i>Gordon Neufeld (Канада)</i>	80
7	Өмірлік мәселелерді шешу <i>ТРИЗ-ПРОФИ (Ресей)</i>	15
8	Қоғамдық сананы жаңғырту – Назарбаев Зияткерлік мектептер оқушылары дамуының жаңа бағдарлары <i>(Қазақстан)</i>	20
9	«Зияткерлік мектепте жемісті баспасөз қызметін құру» атты мектеп баспасөзіне арналған курс <i>(семинар) (Қазақстан)</i>	16
Барлығы		344

4-бағыт.

АКТ құзыреттіліктерін дамыту және бақылау, оқу үдерісінде білім берудің жаңа технологиялары мен құралдарын қолдану.

Робототехника және бағдарламалау курстарында педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктері дами түсті.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Олимпиадалық робототехника бойынша курс <i>Білім беру ресурстары орталығы(Қазақстан)</i>	23
2	Java SE7 негіздері <i>«High Tech for Human» Қазақ ғылым және білім орталығы (Қазақстан)</i>	4
3	2-санаттағы дипломдық бағдарламаға арналған Computer Science, <i>International Baccalaureate Organisation, IBO</i>	1
4	Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген Зияткерлік мектептер тұлғаларын аттестация шеңберінде бағалау <i>Педагогикалық өлшеулер орталығы (Қазақстан)</i>	60
5	«OneNote және Sway: OneNote; STEM және Minecraft-пен жұмыс бастау: Проблемаға бағытталған оқыту; Сыныптағы Skype: сыныпта Skype-ты қолдану», <i>Microsoft Қазақстан</i>	105
Барлығы		193

5-бағыт.

Зияткерлік мектептер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру

БАЖ шеңберінде мектептің барлық қызметкерлерінің оқуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың денсаулығын сақтау мен қорғауға бағытталған Зияткерлік мектептердегі медициналық қызмет жүйесін тиімді ұйымдастырып, ауруды әдепкі емдеу мен оның алдын алу және сауықтыру шараларының сапасын арттыру мақсатында Зияткерлік мектептердің медициналық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылды.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	«Педиатрияның өзекті мәселелері» <i>«University Medical Center» корпоративтік қоры</i>	6
2	«Жалпы медбикелік технологиялар» <i>«University Medical Center» корпоративтік қоры</i>	11
3	Медициналық қызметкерлерге арналған «Дұрыс тамақтану негіздері» курсы <i>«University Medical Center» корпоративтік қоры</i>	4
4	«Балалардың стоматологиялық ауруларының алдын алу» <i>«University Medical Center» корпоративтік қоры</i>	3
5	«Балалар стоматологиясындағы алдын алу мен емдеудің клиникалық аспектілері» <i>«University Medical Center» корпоративтік қоры</i>	1
6	«Стоматологиялық қабылдау кезіндегі септика, антисептика және дезинфекцияның заманауи тәсілдері мен құралдары. Жұмыс орнын дайындау» <i>«University Medical Center» корпоративтік қоры</i>	3
Барлығы:		28

Еңбек заңнамасындағы өзгерістерге байланысты заңгерлер мен кадрлық сұрақтар жөніндегі инспекторларға арналған курстар өткізілді, сонымен қатар, заңнама талаптарына сай лицензияланған қызмет шеңберіндегі мамандарға арналған оқыту жыл сайын жүргізіледі.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, оларды қолдану және сақтау. «Спецпромообразование» ЖШС (Қазақстан)	433
2	Қазақстан Республикасындағы еңбек қарым-қатынасының ерекшеліктері, іс қағаздарын жүргізу. «Гранд Радиан» оқыту және оқу орталығы (Қазақстан)	19
3	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы жұмыс беруші мүддесінде «ADK project» ЖШС (Қазақстан)	15
4	«Нарықтық қарым-қатынас жағдайындағы баға белгілеу тәжірибесі» атты біліктілікті арттыру курсы (Қазақстан)	4
Барлығы:		471

Оқу үдерісін қолдауды қамтамасыз ету мақсатында Зияткерлік мектептер интернаттарының ұйымдастырылуы мен кітапхана жүйесінің дамуына үлкен көңіл бөлінеді.

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
Ел ішінде		
1	Кітапханашыларға арналған курс «Сауатты оқу дағдысын іс жүзінде жетілдіру – оқушылардың зияткерлік және шығармашыл дамуын қалыптастырудың негізі», Бора Чон (Оңтүстік Корея)	27
2	Кітапханашыларға арналған курс «Сауаттылық мәдениетін құру: STEM мектептерінде кеңістіктік дағдыларды дамыту және оқуды арттыру», Линда Сварлис (АҚШ)	36
3	Жатақхана меңгерушілеріне арналған курс «Жатақхана жұмысын жетілдіру: тәжірибе және даму жолдары», Зияткерлік мектептер (Қазақстан)	18
Барлығы:		81




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕМБРИДЖ БАҒАЛАУ КЕҢЕСІ КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТКІЗІЛГЕН БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ

Емтихандық материалдарды әзірлеушілерге арналған курс – информатика пәні бойынша **20 мұғалім** – әзірлеушілер, редакторлар, тексеріп оқу мамандары. Курс нәтижесінде мұғалімдер 10-сыныптарға арналған «Информатика» пәнінің 2-компонентінің емтихандық материалдарын әзірлеудің практикалық тәсілдерін үйренді.

Елімізде Халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі Кембридж бағалау кеңесі кеңесшілерінің қатысуымен өткен **45 адамға** арналған **2 курс** ұйымдастырылды.

Зерттеу жүргізу дағдыларын дамыту бойынша курс – БББО-ның **25 қызметкері**. Курстың нәтижесінде қатысушылар зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талдау дағдыларын меңгеріп, өзекті зерттеу тақырыптарын анықтауды, гипотеза құруды, зерттеу жүргізу мен деректерді түсінуге қажетті құралдарды іріктеуді үйреніп, өздерінің зерттеу жүргізу өрістерін кеңейтті.

Зияткерлік мектептердің
1 113 педагогі
Педагогикалық шеберлік
орталығында оқытылды.



Зияткерлік
мектептердің
500 педагог
қызметкері
(деңгейлік) білім беру
бағдарламалары
бойынша оқытылды:

«Тиімді оқу» -
283 адам.

«Мектептегі
көшбасшылық» -
165 адам.

«Мұғалімнің
педагогикалық
қоғамдастықтағы
көшбасшылығы» -
52 адам.

Бұған қоса, Зияткерлік мектептердің 593 мұғалімі үшін «Эмоциялық зият» атты бағдарлама әзірленіп, вебинар жүргізілді.

«Уақытты ұйымдастыру» курсының жаңа білім беру бағдарламасы әзірленіп, 20 мектеп директорының орынбасарлары оқытылды.

Педагогикалық қызметкерлерді әдістемелік қолдау

ПШО тренерлері Зияткерлік мектептер мұғалімдеріне циклограммаға сәйкес кеңес беріп әдістемелік қолдау көрсетті:

Аптасына бір рет	Оқыту әдістемесі бойынша мұғалімдерге онлайн кеңес беру;
Айына бір рет	- Мақсатты аудиториямен жұмыс жасау бойынша менторларға әдістемелік қолдау көрсету; - Шығармашылық зертхана басшыларына тәлімгер болу (онлайн немесе «бетпе бет» түрінде); «Оқып-үйрен де бөлісе біл» атты электрондық парақшада материалдарды орналастыру - Әдістемелік қолдауды жалғастыру үшін пәндік мұғалім сабақтарын бақылау.
Тоқсанда бір рет	- Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстарда сарапшы-мұғалім мен зерттеуші-мұғалімдердің қатысуларға шеберлік-сабақтар өткізуі; - Мектеп мұғалімдерінің сұраныстарына орай тұрақты түрде жұмыс жасайтын семинарларды өткізу; - Зияткерлік мектеп директорларына (мектептің өзіне барып тұрып) тәлімгер болу.
Жарты жылда бір ет	Мұғалімдерде туындайтын қиыншылықтар бойынша диагностика өткізу (оқу жылының басы мен соңына қарай).

ПШО Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлері үшін **2 052** әдістемелік іс-шара өткізді.



ШЕТЕЛДІК ОҚЫТУ КУРСАРЫ

10 біліктілікті арттыру курсы шетелде өткізілді (**29** адам).

Кесте. Шетелде өткен біліктілікті арттыру курстары мен оған қатысқан адамдар саны

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны
1	CELTA біліктілікті арттыру курсы, <i>Docetis International Ltd</i> (Ұлыбритания)	7
2	DELTA біліктілікті арттыру курсы, <i>Docetis International Ltd</i> (Ұлыбритания)	3
3	Кітапхана мүмкіндігін кеңейту – мектепте медиа-оқу мен зерттеуді қамтамасыз ету», « <i>FIF Technologies</i> » ЖШС, (Сингапур)	11
4	Дипломдық бағдарламаға арналған биология, 2-санат, <i>IBO</i> , Дубай (БАӘ)	2
5	Approaches to teaching and learning in the DP, <i>IBO</i> , Ковентри (Ұлыбритания)	1
6	Language A: Language and Literature, дипломдық бағдарламаға арналған, 2-санат, <i>IBO</i> , Ковентри (Ұлыбритания)	1
7	Heads of school/IB coordinators: Implementing the MYP curriculum, <i>IBO</i> , Рига (Латвия)	1
8	Mathematics HL, дипломдық бағдарламаға арналған, 2-санат, <i>IBO</i> , Варшава (Польша)	1
9	Mathematics SL, дипломдық бағдарламаға арналған, 2-санат, <i>IBO</i> Варшава (Польша)	1
10	Heads of school/IB coordinators: Implementing the MYP curriculum, <i>IBO</i> , Берлин (Германия)	1
Барлығы:		29

Зияткерлік мектептердің мұғалімдерінің мақсатты кәсіби дамуы

Мұғалімдердің кадрлық қорын дайындап, шетелдік мамандарды алмастыру саясатын жүзеге асыру мақсатында жыл сайын педагог қызметкерлер еліміздің және шетелдің жетекші білім беру ұйымдарында оқытылады. 2017 жылы 96 адам оқытылды.

Кесте. Назарбаев Университетінде магистратура оқыған және «Болашақ» пен «ДББҰ педагог мамандарының тағылымдамасы» бағдарламалары бойынша тағылымдамадан өткен педагог кадрлардың саны

№	Оқыту бағдарламасы	Түлектер саны	Оқу мерзімі
1.	Назарбаев Университетінің магистратурасы	37	2017-2019
2.	«Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдама	3	2016-2017
3	«ДББҰ педагог қызметкерлерінің Ұлыбританиядағы тағылымдамасы»	56	2017

Назарбаев Университетінің магистратурасы

Назарбаев университетінде оқу мұғалімдерге өз біліктіліктерін арттырып, өндірістен қол үзбей немесе өндірістен қол үзе отырып доктор, магистр академиялық дәрежелерін алуға мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептер жүйесінде Назарбаев Университетінің 81 түлегі жұмыс атқарады, оның ішінде PhD – 1 адам, магистр – 65 адам, бакалавр – 15 адам.

Оған қоса, 2017 жылы Назарбаев Университетінің магистратура бағдарламасына **37 адам өтті**.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдама

Қазіргі таңда ДББҰ филиалдарында «Болашақ» бағдарламасының **102 түлегі** жұмыс атқарады: тағылымдама – 47 адам (2017 жылы Кембридж Университетінде – 3), магистратура – 51 адам, бакалавриат – 4 адам.

ДББҰ педагог мамандарының Ұлыбританиядағы тағылымдамасы

Қағидаттар мен тәжірибедегі қолданбалылықты зерттеу мақсатында, сондай-

ақ пән мен тілді кіріктіре оқыту бойынша өз тренерлерін дайындау үшін **32 педагог маман «Ұлыбританияның орта мектептерінде CLIL² әдісін қолдана отырып тәжірибеден өту»** тағылымдамасын өтті. Оған қатысқан адамдар **тағылымдамадан өткеннен кейінгі** үйренген материалын мектеп ішіндегі курстарда қолдану үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 11-сынып оқушыларына арналған химия, биология, физика және информатика бойынша CLIL дизайны қолданылған практикалық тапсырмалар жинағы» **оқу құралын әзірледі**.

2017 жылы Зияткерлік мектептер желісі **Кембридж университеті Білім беру факультетінің мектептерімен серіктестік өрісін кеңейтіп**, оның негізінде Ақтау, Алматы, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Петропавл және Тараз қалаларындағы Зияткерлік мектептердің **24 мұғалімі** бейінді пән бойынша **тағылымдамадан өтті**.

Педагогтер STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts and Math) пәндері мен осы бағыттағы жобалық жұмыстар бойынша бірігіп жұмыс жасады. Серіктестердің мектептерінде өткен тағылымдама педагог қызметкерлерге оқыту тілі ана тілі болып табылатын оқушылар

² Content and language integrated learning – пән мен тілді кіріктіріп оқыту, британдық орта білім беру жүйесі деңгейіндегі оқыту

алдында сабақ беріп көру тәжірибесін беріп, өз зерттеу әлеуетін жетілдіру мүмкіндігін ұсынды. әлеуетін өсірудің негізгі ішкі ресурстарының бірі болып табылады және өз әріптестеріне тәлімгер болып, оқыту арқылы қолдау көрсетеді.

Сертификатталған тренерлер

БАЖ-ды жүзеге асыру нәтижесінде Зияткерлік мектептерде 562 тренер, оның сертификатталған тренерлер кластері құрылды, ішінде 2017 жылы тренерлік курсты өткен олар Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің 112 педагог маман жұмыс істейді.

Кесте. Сертификатталған тренерлер кластерінің құрамы

№	Оқыту курсының/бағдарламаның атауы	Саны	Оның ішінде 2017 жылда
1	«Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасының тренерлері, Джонс Хопкинс Университеті	47	
2	«Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасын бағалау бойынша сарапшылар, ДББҰ-ның Педагогикалық өлшеулер орталығы	9	
3	ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығының деңгейлік бағдарламалары бойынша тренерлері, ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы	52	
4	Педагогикалық шеберлік орталығының деңгейлік бағдарламаларын бағалау бойынша сарапшылар, ДББҰ-ның Педагогикалық өлшеулер орталығы	14	
5	«Робототехника негіздері» бағдарламасының тренерлері, Назарбаев Университет	4	
6	«Сын тұрғысынан ойлау» курсының тренерлері, CICTT Cambridge International Certificate for Teachers and Trainers	25	
7	Teaching Knowledge Test тренерлері, TKT	7	
8	«Үлестірмелі көшбасшылық» бағдарламасының тренерлері, Пенсильвания Университеті	2	
9	Тест тапсырмаларын әзірлеуші тренерлер, Cito Педагогикалық өлшеулер орталығы	84	
10	PISA тренерлері, Pearson	23	
11	Microsoft тренерлері, Microsoft компаниясы	11	
12	Тілдік құзыреттілік бойынша тренерлер (4 дағды), ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы	14	
13	«Робототехника» бағдарламасы бойынша тренерлер ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы	59	
14	«Робототехника» бағдарламасы бойынша тренерлер Малайя Университеті, Малайзия	12	
15	CELTA сертификатының иегерлері, Кембридж Университетінің ағылшын тілі бойынша емтихан департаменті	26	7
16	DELTA сертификатының иегерлері Кембридж Университетінің ағылшын тілі бойынша емтихан департаменті	6	3
17	CLIL әдістемесінің тренерлері, Docetis International	54	32
18	Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясында педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары бойынша тренерлер, ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы	39	5
19	Халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша тренерлер, International Baccalaureate Organisation, IBO	16	8
20	CELTYL сертификатының иегерлері	1	
21	Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренерлер, ДББҰ-ның Педагогикалық өлшеулер орталығы	57	57
Тренерлердің жалпы саны:		562	112

Осылайша, өмір бойы білім алу, серіктестік, іздену және кәсіби диалог қағидаттарын ұстанатын педагогикалық қоғамдастық құрылды.

2.3. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ҚЫЗМЕТТІК БАҒАЛАУ

ДББҰ Басқармасының 2016 жылы 14 шілдедегі (№33 хаттама) отырысында бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарындағы педагог мамандар мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестациялау Ережелері», сондай-ақ ДББҰ Басқармасы Төрайымының 2016 жылғы 11 қарашадағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Астана қаласындағы Халықаралық мектептің педагог мамандары мен оларға теңестірілген тұлғаларды 2016-2017 оқу жылында аттестациялауды ұйымдастыру және өткізу туралы» №548/ОД бұйрығына сәйкес 2016 жылдың қараша айынан бастап, 2017 жылдың шілде айына дейін Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Астана қаласындағы Халықаралық мектептің педагог мамандары мен оларға теңестірілген тұлғалардың аттестациясы өтті. 2017 жылы Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың аттестациясы жаңа модель бойынша үш кезеңде өткізілді:

- ◆ мектептегі бағалау,
- ◆ тәуелсіз бағалау,
- ◆ аттестация жайында шешім қабылдау.

Жаңа модельде басты назар **мұғалімнің сабақ жүргізуіне** аударылады, сондықтан **мектептегі бағалау** кезеңі қыркүйектен сәуір айына дейінгі ұзақ кезең. Аталған кезеңде мұғалім оқу жылына талап етілетін педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес кәсіби дамудың мақсатын айқындайды. Бұл кезеңді өту барысында мектеп әкімшілігі мен әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері бекіткен график бойынша аттестациядан өтіп жатқан мұғалімнің сабағы мен тәжірибесін бақылайды.

Тәуелсіз бағалау кезеңінде мұғалімдер сабақтың рефлексивті есебін жазады, оны Педагогикалық өлшеулер орталығының қызметкерлері бағалайды. Мектеп ДББҰ-ның аттестациялық комиссиясына әр кезеңнің қорытындысы бойынша ұсынымдар ұсынылады.

Қорытынды кезеңде мұғалімдер аттестациялау кезеңінде жасаған жұмысының нәтижелерін көрсетеді. Презентация барысында мұғалімнің өз жұмысына жасаған рефлексиясы бағаланады, сондай-ақ оқыту, оқу және тәжірибені таратуды бағалап, талдау қорытындысы негізінде мұғалім жұмысындағы өзгерістерді болжау бағаланады.

2016-2017 оқу жылында аттестацияға қатысқан адамдар:

- ◆ педагогикалық шеберліктің алты деңгейі бойынша аттестацияланған **724 педагог қызметкер**;
- ◆ педагогикалық шеберліктің екі деңгейі бойынша **165 педагог қызметкер** мен оларға теңестірілген тұлғалар.

Педагогикалық шеберліктің алты деңгейі бойынша аттестацияланған 724 педагог қызметкер ішінен:

626 адам (86,5%) талап етілген педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес болып шықты, оның ішінде: «мұғалім» – 112; «мұғалім-модератор» – 462; «мұғалім-сарапшы» – 52 адам;

82 адам (11,3%) талап етілген педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес келмеді, оның ішінде: «мұғалім» – 1; «мұғалім-модератор» – 58; «мұғалім-сарапшы» – 18, «мұғалім-зерттеуші» – 5 адам;

2 адам (0,3%) – қайтадан аттестациялануға қалдырылды;

1 адам (0,1%) – педагогикалық шеберлік деңгейі төмендетілді;

4 адам (0,6%) – аттестация мерзімі дәлелді себептер бойынша шегерілді;

9 адам (1,2%) – мерзімінен бұрын аттестацияланудан шеттетілді (рефлексивті есептерде плагиат табылды).

Педагогикалық шеберліктің екі деңгейі бойынша аттестацияланған 165 қызметкер:

142 адам (86,1%) талап етілген педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес келеді, оның ішінде: «негізгі деңгей» – 53; «бірінші деңгей» – 89 адам;

17 адам (10,3%) талап етілген педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес келмеді, оның ішінде: «негізгі деңгей» – 3; «бірінші деңгей» – 14 адам;

1 адам (0,6%) қайтадан аттестациялануға қалдырылды;

5 адам (3%) аттестация мерзімі дәлелді себептер бойынша шегерілді.

Атап өтуге тұрарлық жайт – өз рефлексивті есептерінде плагиат жібермеген мұғалімдердің саны алдыңғы жылдағылармен салыстырғанда едәуір азайды. Сонымен, 2016 жылы өз есептерінде плагиат жіберген мұғалімдер саны 2016 жылы 7%-ды құраса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 1,2% болды.

Сөйтіп, Зияткерлік мектептердегі соңғы аттестация нәтижелері бойынша мұғалім-зерттеушілер саны 6 адамды, мұғалім-сарапшы – 243, мұғалім-модератор – 892, мұғалімдер – 1342 және мұғалім-тағылымдамашы 522 адамды құрады.

Былтырғы есептік кезеңмен салыстырғанда **мұғалім-сарапшы саны 52 адамға, мұғалім-модератор саны 430 адамға ұлғайса**, мұғалім мен мұғалім-тағылымдамашылар саны 256 адамға кеміді.

Еңбекақы төлеу

Жоғары қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясының 1.5-тармақшасына сәйкес ДББҰ жұмыс қағидаттарының бірі – жаңашылдық, яғни әрдайым ең жаңа әдістер мен технологияларды қолдануға тырысу, жаңа білім мен ақпаратты қолдануға әзір болу.

Осыған орай, «Мектеп ресурстарын қолдану тиімділігі. Қазақстан. 2015 жыл» атты елдік шолуда көрсетілген мұғалімдердің мөлшерлемелік төлемақы жүйесінен жұмыс жүктемесі төлемақы жүйесіне өту туралы ЭЫДҰ-ның кеңесін ескере отырып, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Зияткерлік мектептердің педагог мамандарына еңбекақыны қызметақы жүйесі бойынша төлеу мақұлданып, ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің 2017 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен бекітілді.

Еңбекақының жұмыс жүктемесіне негізделген қызметақы жүйесінің мынадай артықшылықтары бар:

- ♦ шамадан тыс педагогикалық жүктемесі бар оқытушылардың саны қысқаратындықтан, оқыту сапасы жоғарылайды;
- ♦ мұғалімнің еңбекақысы тұрақты болады, себебі тек жұмыс сағаттары ғана төленбейді, сонымен қатар, сабаққа дайындалу, оны жоспарлау, бағалау, оқушылардың оқу жетістіктерін талдау, кәсіби даму, сабақтан тыс жұмыс, сондай-ақ тәжірибені тарату және т.б. кеткен сағаттар үшін де төлем жүреді;
- ♦ мұғалімдер арасында оқыту жүктемесі тең бөлінетіндіктен, педагогтер ұжымындағы қарым-қатынас жағдайы жақсарады.

2.4. МАМАНДАР ҚҰРАМЫ

Жыл сайын академиялық дәрежеге ие педагогтер саны ұлғаюда. Былтырғы есептік кезеңмен салыстырғанда, ғылым кандидаттарының саны 3 адамға, Phd докторлардың саны 2 адамға және магистрлердің саны 71 адамға ұлғайды.

Кесте. 2016-2017 жылдарда Зияткерлік мектептердегі педагог қызметкерлердің академиялық дәрежелері

Академикалық дәреже	2016	2017
Phd докторлар	2	4
Ғылым кандидаттары	19	22
Магистрлер	648	719
Барлығы:	669	745

Жұмыс өтілі мен қызметкерлердің жасы

Мұғалімдердің жас бойынша құрамы мен жұмыс өтілі көрсеткіші аса қатты өзгермей, былтырғы жылдың есебі деңгейінде қалды.

Диаграмма. Жас бойынша құрам





Диаграмма. Жұмыс өтілі



Жыныс бойынша талдау жасайтын болсақ, Зияткерлік мектептерде **731 (27%)** ер адам мен **1953 (73%)** әйел адам жұмыс істейді.

2.5. ПЕДАГОГТЕР ЖЕТІСТІКТЕРІ

Педагогтердің жоғары кәсіби деңгейі – республикалық және халықаралық конкурстар мен конференцияларға қатысудың негізі. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог мамандары биік жетістіктерге жетті.

Атап айтқанда, Зияткерлік мектептердің екі мұғалімі «Үздік педагог – 2017» республикалық байқауының жеңімпаздары атанды.



Бекжан Копбосынов,
Шымкент қаласындағы
физика-математика
бағытындағы Зияткерлік
мектептің қазақ тілі және
әдебиеті пәнінің мұғалімі

Оған дейін Зияткерлік мектептер желісінде «Жыл мұғалімі – 2013» атағын иеленіп, Түрік Карсында өткен «Түрік тілдес халықтардың ақындар фестивалі» атты халықаралық байқаудың жеңімпазы атанды.

Бекжанның ең қызықты жобасының бірі – «Әліппе: әріптер әлемі», мұнда әр әріпке өлеңдер, әндер мен ертегілер арналған.



Нұрым Нургалиев,
Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы
Зияткерлік мектептің
биология мұғалімі

«Ең үздік жыл мұғалімі» атты кәсіби байқауда жеңіске жеткен, Гран-при (Орал қаласы).

Биология бойынша төрт электрондық оқулықтың авторы, Microsoft-тың сертификатталған мұғалімі, Action Research тобының үйлестірушісі. «Хип-хоп педагогика» бағдарламасының авторы.

ДББҰ мен оның филиалдарының **29**
қызметкері келесі марапаттарға ие болды:



«Ы. Алтынсарин» төсбелгісі –

6 адам

«Білім беру ісінің құрметті қызметкері»
төсбелгісі – **2 адам**

ҚР БҒМ-нің құрмет грамотасы –
21 адам

50 адам мұғалім күніне орай ҚР
БҒМ-нен құттықтау түріндегі алғыс хат
алды

Халықаралық білім беру ортасына ену

Республикалық және халықаралық конференцияларға қатысу – мұғалімдердің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі болып табылады.

«Зияткерлік мектептерде оқытудың нәтижелері мен келешегі: жаңа талаптар, жаңа мүмкіндіктер» тақырыбындағы педагог қызметкерлердің тамыз айында өткен конференциясында 6 зерттеуші-мұғалімнің шығармашылық зертханалары таныстырылды. Мұнда олар оқытудағы жаңашыл тәжірибесімен бөлісті.

Ахметова С.Р., Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің тарих пәнінің мұғалімі, гуманитарлық бағыттағы пәндер сабақтарында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту жұмысы жүйесін ұсынды.

Апеева Г.К., Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектептің математика пәнінің мұғалімі, саралау мен дербес оқыту арқылы

оқытудың тиімділігін арттыру әдістері мен құралдарын пайдала отырып, жоспарлау тәжірибесімен бөлісті.

Асылбекова С. Н., Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектептің физика пәнінің мұғалімі, өз тәжірибесі негізіндегі материал бойынша оқытуда жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін мұғалімдік стратегия мен оқыту стилі жайлы баяндап берді.

Жампеисова Г. Д., Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің математика пәнінің мұғалімі, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін сабақты жоспарлау тәжірибесін жалпылап, қорытты.

Полянских С. С., Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектептің математика пәнінің мұғалімі, олимпиадалық резерв тренерлерін даярлау қағидаттарымен таныстырып, «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасының математикалық пәндерге бейімделген түрлерін ұсынды.

Имашпаева Г. А., Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің биология пәнінің мұғалімі, тұжырымдамалық оқыту бойынша өзінің тәжірибесімен, сондай-ақ жоспарлау ерекшеліктерімен бөлісті.

www.conferences.nis.edu.kz

2017 жылдың тамыз айында **оқытып жүрген 5 мұғалім мен ДББҰ-ның 2 қызметкері** Копенгаген (Дания) қаласында өткен «Білім беруді реформалау және үнемі өзгеріс енгізу қажеттілігі: саяси және білім беру саласындағы зерттеулер арасындағы қарама-қайшылықтар» тақырыбындағы **The European Conference on Educational Research (ECER)** халықаралық конференциясына қатысты.

68 елдің 2700 өкілі қатысқан **конференцияның мақсаты** – ЭЫДҰ, ЕО, Болон үдерісі және т.б. сияқты халықаралық агенттер жүргізетін жаһандық зерттеулердің әртүрлі елдердің ұлттық саясаты мен білім беру жүйесінің дамуына ықпалы мен рөлін талқылау үшін кең ауқымды халықаралық алаң құру.

Пленарлық және секциялық отырыстар мен постер-сессияларда 895 баяндама оқылды, оның ішінде біздің педагогтердің баяндамалары да бар. Конференциялардың басты спикерлері: Гарвард университеті, АҚШ, Бат Университеті, Ұлыбритания, Орхус университеті, Дания, Сёдерторн Университеті, Швеция.

<http://www.eera-ecer.de/>

2017 жылдың қараша айында ДББҰ-ның 3 педагог қызметкері 5 құрлықта орналасқан 38 мемлекеттің 146 қатысушы-компанияларының қатысуымен өткен «WORLD DIDAC RUSSIA» көрмесіне қатысты.

Педагогтер өз тәжірибелерімен таныстырып,

«Сандық білім беру – сандық экономика бағытындағы алғашқы қадам» тақырыбындағы конференцияның кәсіби бағдарламасында сөз сөйледі.

<http://www.worlddidac-russia.com>

2017 жылдың сәуір айында Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің 3 педагог қызметкері Ереван қаласында өткен Халықаралық Бакалавриат мектептері Ассоциациясының жыл сайын өтетін «Халықаралық Бакалавриат: мемлекеттердің білім саласындағы бірігуі» атты XI конференциясына (Армения) қатысты.

Конференцияның мақсаты – Халықаралық Бакалавриат мектептері өзара көмектесіп, қолдау көрсетуі үшін білім беру ұйымдарының қоғамдастығын құру.

Педагог қызметкерлер төмендегі тақырыптар бойынша сөз сөйледі:

- ♦ «МҮР-дың негізгі компоненттерін енгізу бойынша ұйымдастырушылық үдеріс Қызмет және Әрекет ретінде және академиялық көшбасшылардың көмегіне жүгінетін оқыту тәсілдемелері» (Ибентаева А. Е.);
- ♦ «Бейнелеу өнері сабағында 8-9 сынып оқушылары бойындағы шығармашылық дағдыларды қалай дамыту керек» (Данильчук О. А.);
- ♦ «Көркем әдебиет туындысын үзбей оқу дағдысын қалыптастыру – жемісті білім берудің негізі» (Ганиев Т. Ж.).

<http://ibsa.studyapps.ru/Conference/ConferenceInfo/97>

2017 жылдың қазан айында Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің 4 педагог қызметкері Гаагада өткен (Нидерланды) Африка, Еуропа және Орта Азия елдеріне арналған Халықаралық Бакалавриаттың Аймақтық конференциясына қатысты.

Конференция шеңберінде келесі мәселелер қарастырылды:

- ♦ негізгі жоғары мектеп бағдарламасының тәжірибелері мен бағдарлама стандарттары;
- ♦ негізгі мектептің жаңа бағдарламасы моделінің құрылымы және оның іргелі түсініктері;
- ♦ жаңа бағдарламаларға қойылатын талаптар;
- ♦ жоғары мектептің оқу бағдарламаларындағы жаңашылдықтар (DP).

Зияткерлік мектептердің қатысушылары келесі тақырыптар бойынша баяндама жасады:

- ♦ «Көшбасшылықты дамытудағы ментордың рөлі» (Ахмадиева К. Т., Бытимбаева Г.);
- ♦ «Жанашыр жүйелер: күрделі әлемде тиімді әрекет етіп, халықаралық ойлаудың негізі» (Алтайбекова М.);
- ♦ «Ұлы ұстаздар барлығын өзгеше жасайды: қолы босамайтын мектеп басшыларына арналған мектеп саралауы» (Құдайберген Р.).

www.ibo.org/about-the-ib/the-ib-by-region/ib-africa-europe-middle-east/aem-regional-conference/ib-global-conference-the-hague-2017/



3-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ





3.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

3.1.1. «НАЗАРБАЕВ ЗИАТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – NIS-PROGRAM

2017 жылы Зияткерлік мектептердің Кіріктірілген білім беру бағдарламасының атауы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ білім беру бағдарламасы – NIS-program болып өзгертілді және 2017 жылы 16 тамызда (№ 41 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілді.

Аталған білім беру бағдарламасы 2012 жылдан бастап Зияткерлік мектептердің оқыту үдерісіне кезең-кезеңімен енгізіле бастады. 2017-2018 оқу жылында NIS-Program негізінде 1-5 және 7-12-сынып оқушылары білім алды.

Білім беру бағдарламасын апробациялау әдістемеге сәйкес мониторингпен қатар жүреді, әдістеме Білім беру бағдарламалары орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2014 жылдың 10 қаңтарында өткен отырысындағы №1 хаттамасымен бекітілді. Мониторинг іс-шаралары оқу бағдарламаларын сәтті енгізуге басымдық беретін факторларды, сондай-ақ оларды жүзеге асыруда кедергі болатын мәселелерді айқындауға бағытталған.

Мониторингтің мақсатты аудиториясы: Зияткерлік мектептердің әкімшілігі, NIS-Program бағдарламасын енгізу үйлестірушілері, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, 4, 7-12-сынып мұғалімдері мен оқушылары. 2017 жылы мониторинг аясында тексерушілер **4, 7-12-сыныптардың жалпы 327 сабағына** қатысты.

Оқушылардың жыл сайын өтетін мониторингке қатысуы оқушының «дауысын» естуге, мәселелерді анықтауға, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі³. Оқу бағдарламалары енгізілген бес жылдан бері жоғары сыныптардағы шамадан тыс оқу жүктемесіне қатысты мәселе күн тәртібінен түскен емес. Бекітілген әдістеме негізінде оқу бағдарламаларының мазмұны мен моделіне түбегейлі өзгерістер енгізу үшін олар ең көбі 5 жыл ішінде апробациядан өтуі керек. Осыған байланысты, есептік кезеңде жоғары мектеп моделі жоспар негізінде қайта қарастырылды.

2017 жылы білім мазмұнын қайта қарау жұмысы келесі бағыттар негізінде жүргізілді:

- ♦ Бастауыш мектептің оқу бағдарламалары мен жоспарларын оларды алғаш рет апробациялап, оқу үдерісіне енгізгеннен кейін ғана қайта қарау;
- ♦ Негізгі мектеп оқу бағдарламалары мен жоспарларының мазмұнын Мемлекеттік

жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қайта қарау;

- ♦ Жоғары мектеп пәндері негізінде оқу бағдарламаларының моделі мен мазмұнын қайта қарау.

Бастауыш мектеп

Бағдарламаларды енгізу кестесіне сәйкес 2016-2017 оқу жылында бүкіл пәндерге 4-сыныпқа арналған оқу бағдарламалары мен жоспарлардың бастапқы апробациясы өткізілді. Мониторинг нәтижесінде 10 оқу бағдарламасы мен бастауыш мектепке арналған Тілге ену бағдарламасы қайта қаралды.

Жалпы білім беретін мектептердің жаңартылған білім беру мазмұнымен сәйкестендіру мақсатындағы оқу бағдарламалары мен жоспарларын қайта қарау кезінде оқу мақсаттары мен ортақ тақырыптардың анықтамалары өзгертілді. Тіл пәндерін оқыту үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында жазба жұмыстарының көлемі анықталды.

1-5-сыныптардың оқу жоспарларына төмендегідей мәселелерге қатысты өзгерістер енгізілді:

1) тіл пәндерінен оқу үдерісінің тиімді түрлері мен формалары іріктеп алынды, олар оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар ресурстар қайта қаралып, жаңартылды;

2) жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерден жасы кіші оқушылардың жобалық жұмыс арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, логикалық ойлауын дамытуға бағытталған әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылды.

Негізгі мектеп

2015 жылы Зияткерлік мектептердің Директорлар кеңесі ұсынысының негізінде (2015 жылғы 07 ақпандағы № 2 Хаттама) 2012 жылы Халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі Кембридж бағалау кеңесімен бірлесіп әзірленген негізгі мектеп оқу бағдарламаларын қайта қарау туралы шешім қабылданды (2015 жылғы 13 наурыздағы №66-1/ОД бұйрық). Жалпы білім беретін мектептердің білім беру бағдарламасының мазмұны мен Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына арналған оқу бағдарламаларының сабақтастығын сақтау мақсатында, сондай-ақ, пәнаралық кіріктіруді нығайту үшін қосымша түзетулер қажет болды.

Осылайша, 2015 жылдан бастап негізгі мектептің оқу бағдарламалары сатылай енгізіліп, қайта қарастырылуда.

³ ЭЫДҰ зерттеулері негізінде оқушылардың өз айналасындағы әлемді қалыптастыруға қатысуы өте маңызды, олар өзіндік шешім қабылдау дағдыларын дамытуы қажет.

Оқу жылы	Сынып			
	7	8	9	10
2015-2016				
2016-2017				
2017-2018				
2018-2019				

Бағдарламаларды енгізу кестесіне сай 2017 жылы «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Информатика», «Қазақ тілі» (Т1), «Қазақ тілі және әдебиеті» (Т2), «Қазақ әдебиеті» «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Өнер», «Орыс тілі» (Т1), «Орыс тілі және әдебиеті» (Т2), «Орыс әдебиеті»,

2. Оқушылар физика-химиялық құбылыстарды толыққанды түсіну үшін апталық жүктемесі 6 сағат екі бейінді пәннен басқа («Биология», «Физика», «Химия», «Информатика», «География» пәндерінен), **3-ші стандартты деңгейдегі бейінді пәнді таңдай алады.** Таңдалған пәнді оқушылар **11-сыныпта және 12-сыныптың бірінші жартыжылдығында аптасына 3 сағат жүктемемен** оқитын болады.

3. Таңдау негізіндегі стандартты деңгейдегі жаңа пән енгізіледі – **«Графика және жобалау»** (11-сыныпта және 12-сыныптың бірінші жартыжылдығында аптасына 3 сағат). Пән жобалық-конструкторлық іскерліктің

Жоғары мектеп моделін қайта қарау үдерісі зерттеу ұстанымына негізделіп, бірнеше кезеңде жүзеге асырылды.



Бірінші кезеңде пәндердің қолданыстағы оқу бағдарламалары талданып, жоғары мектеп моделінің жобасы әзірленді.



Екінші кезеңде оқу үдерісіне қатысушылардың – оқушылар, мұғалімдер, мектептер әкімшілігінен – жаңартылған модель негізінде берген кері байланыстары жинақталды.



Үшінші кезеңде жиналған деректер талданып, оқушылар мен мұғалімдердің берген ұсыныстары ескеріліп, жоғары мектеп моделі жетілдірілді, сондай-ақ Зияткерлік мектептердің Директорлар кеңесінің талқылаулары өткізілді.

«Ағылшын тілі» пәндерінен 9-сыныпқа арналған оқу жоспарлары мен бағдарламалары қайта қаралып, оқу үдерісіне енгізілді.

Жоғары мектеп

Осыған қоса, Зияткерлік мектептерді бітірген түлектердің Оқу бағдарламасының артықшылықтары жайлы ойлары мен оқуын отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында жалғастырғанда кездесетін қиыншылықтары жайлы пікірлері ескерілді.

Жоғары мектептің жаңартылған моделінде оқудың вариативтік және бейінділік қағидалары сақталды, мынадай негізгі өзгерістер енгізілді:

1. «Математика» пәнінен, аптасына 7 сағаттық жүктемесі бар оқу бағдарламасынан басқа 10 сағаттық күрделілендірілген бағдарлама ұсынылады. Аптасына 10 сағат жүктемесі бар бұл оқу бағдарламасы тереңдетілген бейінді пәні – математика болып табылатын мамандықтарды таңдайтын оқушыларға арналған. Бағдарламаға қосымша оқу тақырыптары енгізіліп, кейбір тараулар кеңейтілді, бұл тараулар тереңдетіп оқуға арналған деп танылды.

негіздерімен танысуға бағытталған, инженерлік мамандығына дайындалуға септігін тигізеді.

4. Осыған дейін тіл және әдебиетті кіріктіріп оқу формасы тек екінші тілді игеру кезінде ғана жүзеге асырылған болатын, жаңа модель негізінде **бірінші** (қазақ/орыс) тіл мен әдебиетті де кіріктіріп оқыту формасы енгізіледі.

Тіл және әдебиет мазмұндарын кіріктіру болашақтағы оқу сауаттылығын қалыптастыруға, мәтіндерді түсінуге, тұжырымдарды талдау, салыстыру қабілеттерін дамытуға, түрлі жанрлардағы мәтіндерді сыни тұрғыдан бағалау дағдысын нығайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, кіріктірудің нәтижесінде **тілдік пәндер бойынша 11 және 12-сыныптар үшін оқу жүктемесі азайды.**

5. Ағылшын тілін оқытуда қолданылатын коммуникативті ұстаным және жоғары сыныптарда сол тілде бейінді пәндерді оқыту (жаңа модель негізінде 1 жаңа пән қосылды) оқушыларға тілді жетік меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл 12-сыныпта «Ағылшын тілі», «Жаһандық перспективалар мен жобалық жұмысы» пәндерін **оқыту сағаттарын қысқартуға** ықпал етеді, соның арқасында қорытынды бағалауға көбірек уақыт бөлінеді.

Нәтижесінде жоғары мектептің 11-12-сынып оқушыларының апталық жүктемесі 82 сағаттан 75 сағатқа дейін азайды, ал 12-сыныптың соңғы тоқсаны сыртқы қорытынды бағалауға дайындалу үшін босатылады.

Жоғары мектептің жаңартылған моделі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ



Басқармасының 2017 жылғы 22 маусымындағы шешімімен (№31 хаттама) бекітілді. Жоғары мектептің жаңартылған моделі 2017-2018 оқу жылында 11-сыныптарда жүзеге асырылады.

2017 жылы қайта қарастырылды: жоғары мектеп моделі, 24 оқу бағдарламасы мен 92 оқу жоспары: пәндер бойынша 8 оқу бағдарламасы мен 10 оқу жоспары әзірленді.



3. Таңдау негізінде стандартты деңгейдегі жаңа пән енгізіледі – «Графика және жобалау» (11-сыныпта және 12-сыныптың бірінші жарты-жылдығында аптасына 3 сағат). Пән жобалық-конструкторлық іскерліктің негіздерімен танысуға бағытталған, инженерлік мамандыққа дайындалуға септігін тигізеді.

4. Осыған дейін тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқу формасы тек екінші тілді игеру кезінде ғана жүзеге асырылған болатын, жаңа модель бойынша бірінші (қазақ/орыс) тіл мен әдебиетті де кіріктіріп оқыту формасы енгізіледі.

5. Ағылшын тілін оқытуда қолданылатын коммуникативті ұстаным және жоғары сыныптарда сол тілде бейінді пәндерді оқыту (жаңа модель бойынша 1 жаңа пән қосылды) оқушыларға тілді жетік меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл 12-сыныпта «Ағылшын тілі», «Жаһандық перспективалар мен жобаны

жұмысы» пәндерін оқыту сағаттарын қысқартуға ықпал етеді, соның арқасында қорытынды бағалауға көбірек уақыт бөлінеді.

Нәтижесінде жоғары мектептің 11-12-сынып оқушыларының апталық жүктемесі 82 сағаттан 75 сағатқа дейін азайды, ал 12-сыныптың соңғы тоқсаны сыртқы қорытынды бағалауға дайындалу үшін босатылады.

Жоғары мектептің жаңартылған моделі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2017 жылғы 22 маусымындағы шешімімен (№31 хаттама) бекітілді. Жоғары мектептің жаңартылған моделі 2017-2018 оқу жылында 11-сыныптарда жүзеге асырылады.

2017 жылы қайта қарастырылды: жоғары мектеп моделі, 24 оқу бағдарламасы мен 92 оқу жоспары: пәндер бойынша 8 оқу бағдарламасы мен 10 оқу жоспары әзірленді.

NIS-Programme бағдарламасын енгізу барысында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету

Оқу бағдарламасын енгізу мониторингінің нәтижелері оқу үдерісінде жаратылыстану-математика бағытындағы пәндердің «жаңа» тақырыптары оқушылар мен мұғалімдерде ең үлкен қиыншылықтар туғызатынын көрсетеді. Бұл тақырыптар 12 жылдық оқуды жүзеге асыратын халықаралық оқу бағдарламаларының мазмұнында қарастырылады, мысалы, A-level, O-level, IB және т.б.



Мысалы, математикадан - «Кездейсоқ дискреттік шамаларды үлестірудің түрлері», «Қолданбалы есептерді интегралдау және дифференциалдау арқылы шешу», «Кеңістіктегі вектор.

Векторды түзу мен жазықтық теңдеулерді құрастыру кезінде қолдану», физикадан: «Идеалды сұйықтық, ламинарлық және турбулент ағыс, Торричелли теңдеуі», «Жұлдыздардың спектрлік кластары», химиядан: «Кешенді қосылыстар, металдардың аквакешендері»; «Анализді аспаппен зерттеу әдістері: газ-сұйықтық хроматография, масс-спектрометрия, ИҚ-спектрометрия, ЯМР-спектрометриясы», биологиядан: «Өмірдің Жердегі қалыптасу кезеңдері. Кладограммалар мен филогенетикалық ағаштар арасындағы айырмашылықтар», «Миеленденген және миеленбеген нейрондардың жұмысын модельдеудің көмегімен салыстыру», «Деректерді статистикалық жолмен өңдеу әдістерін қолдану» және т.б.



Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін **жаратылыстану-математикалық** бағыттағы пәндердің оқу бағдарламаларының жаңа тараулары бойынша «белсенді» лекциялар ұйымдастырылып, тәжірибелік шеберлік-класстар өткізілді.

Зерттеу жұмысы арқылы оқу мақсаттарын жүзеге асыру тәсілдері қарастырылды. Бұл қарастыру жұмысы зертханалық және дала жұмыстары, оларды рәсімдеу мен бағалау арқылы жүзеге асты.

А
Ә

Тілдік пәндерден оқу және оқыту үдерісінде пайда болатын қиыншылықтар коммуникативтік тәсіл негізіндегі тілдік білім мен дағдыларды дамыту кезінде, атап айтқанда, мәтінді толық талдағанда, оқушылардың пунктуациялық және орфографиялық сауаттылығын қалыптастыру кезінде туындайды.

Осыған орай, «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс тілі және әдебиеті», «Орыс әдебиеті» пәндері бойынша жазғы тренингтер төмендегідей дағдыларды нығайтуға бағытталды:

- ♦ **негізгі мектепте** мәтінді талдауға үйрену, түпнұсқалық материалдармен және аралас мәтіндермен жұмыс жасау, мәнмәтін мен мақсатты аудиторияны түсіну, стилистикалық тәсілдерді қолдану, мәтінге салыстырмалы талдау жасау.
- ♦ **жоғары мектепте** тіл мен әдебиетті кіріктіріп оқытудың ерекшелігіне оқушылардың мәтіндік материалдарға лингвистикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдері, функционалды аспект тұрғысынан тілдік бірліктерді талдау жұмысы көрсетілді.



Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер негізінде тарихи ойлауды дамытуға бағытталған ұстанымдарды тәжірибелі нұсқада жүзеге асыруға басты назар аударылады. Тарихи ақпаратты іріктеу, құрылымдау және синтездеу арқылы оқушылардың терең жүйелі ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын тұжырымдарға негізделген оқыту тәсілдері мен әдістері қарастырылды.


Осылайша, 2017 жылы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді енгізу барысында Зияткерлік мектептердің **557** мұғалімі үшін **42 пәндік оқыту тренингі** өткізілді, олардың ішінде:

- ♦ «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «География», «Өнер», «Қазақ тілі» (Т1), «Қазақ

тілі мен әдебиеті» (Т2), «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі» (Т1), «Орыс тілі және әдебиеті» (Т2), «Ағылшын тілі», «Математика», «Биология», «Физика», «Химия», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша **7-10-сынып** мұғалімдері үшін **20 тренинг**,

- ♦ «Құқық негіздері» пәні бойынша **9-сынып** мұғалімдері үшін **1 тренинг**,
- ♦ «Жаһандық перспективалар мен жобалық жұмыс» пәні бойынша **11-сынып** мұғалімдері үшін **1 тренинг**,
- ♦ «Информатика», «Экономика», «Қазіргі әлемдегі Қазақстан», «Қазақ тілі» (Т1), «Орыс тілі» (Т1), «Қазақ тілі» (Т2), «Орыс тілі» (Т2), «Ағылшын тілі»; «Әдебиет», «Орыс әдебиеті», «Математика», «Биология», «Химия», «Физика», «Дене шынықтыру» пәндерінен Зияткерлік мектептердің **11-12-сынып** мұғалімдері үшін **20 тренинг**.

Диаграмма. Зияткерлік мектептер мұғалімдері үшін ұйымдастырылған тренингтер



Оқу бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетудің келесі бағыты практик-мұғалімдермен бірлесе отырып, **әдістемелік құралдарды әзірлеу** болып табылады.

Осылайша, 2017-2018 оқу жылына 7 әдістемелік құрал әзірленіп, мектептерге тапсырылды, олардың ішінде: NIS-Programme бағдарламасы бойынша – 6 құрал, үштілдік оқыту бойынша – 1 құрал. Бүкіл әзірленген әдістемелік құралдар cep-forum.nis.edu.kz онлайн-форумында орналастырылған.

Үй жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында **«Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының үй жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар» әзірленді**. Әдістемелік құралда бүкіл пәндер бойынша үй жұмысы түрлері мен көлемі бойынша нұсқаулықтар, мақсаттар, қағидалар мен міндеттер жазылған. Пәнаралық кіріктіру мен тік/көлденең жоспарлау арқылы үй жұмысының көлемін оңтайландыру жолдары келтірілген.

Ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту

БББО қызметкерлеріне зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуға қолдау көрсету мақсатында, 2017 жылы **біліктілікті арттыру курстары** ұйымдастырылды. Курсқа Халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі Кембридж бағалау кеңесінің бағалау саласындағы ғылыми зерттеулер департаментінің жетекшісі – **Тим Оутс** қатысты.

24 қызметкер оқудан өтіп, сертификатқа ие болды.

Оқу-әдістемелік кешендерді (бұдан әрі – ОӘК) тиімді нұсқада рецензиялау мақсатында **пән мамандары мен редакторларға** ХББМЖКБК кеңесшілерінің қатысуымен оқу семинары ұйымдастырылды. Семинар БББО қызметкерлерінің бұрын жүргізілген рецензиялау нәтижелерін талдау негізінде бастауыш және негізгі мектепке арналған **ОӘК-ті рецензиялау** әлеуетін арттыруға бағытталған.

25 қызметкер оқытылып, барлығы сертификаттарға ие болды.**ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

19 Зияткерлік мектепте үш тілде білім беру моделі қолданылады. Бұл модель түлектердің жұмылғыштығына, әлеуметтенуіне, жалпы дамуына көмектесетін негізгі білім мен құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Зияткерлік мектептерде үштілді білім беруді жүзеге асырудың мониторингі

Үш тілде оқыту жүйесін жүзеге асыру мониторингісаясаттисәттіенгізугекөмектесетін және кедергі жасайтын факторларды уақытылы анықтауға мүмкіндік береді.

БББО мониторингінің аясында деректер жинаудың аралас әдістерін қолдана отырып, 3 зерттеу жұмысы жүргізілді: жергілікті және шетелдік мұғалімдердің пікірін онлайн сауалнама арқылы білу, сабақтарды бақылау мен мұғалімдерден сұхбат алу.

Зерттеулер нәтижелері оқу бағдарламаларын қайта қарау кезінде, сондай-ақ оқыту тренингтерінің мазмұнын әзірлеу кезінде қолданылып, конференцияларда ұсынылды.

Жыл сайын өтетін халықаралық «ECER-2017: Білім беру жүйесін реформалау мен тұрақты өзгерістердің қажеттігі: білім мен саясат зерттеулерінің екі мәнді рөлі» конференциясында БББО 2 зерттеу өз нәтижесін ұсынды:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуды жүзеге асыру жұмысын зерттеу»

Зерттеу екінші және үшінші тілде сабақ жүргізу барысында CLIL ұстанымын қолдану кезінде мұғалімдер кездесетін жағымды жақтары мен қиыншылықтарын анықтау мақсатында жүргізілген.

Онлайн сауалнамаға 19 Зияткерлік мектепте тілдік емес пәндерді екінші және/немесе үшінші тілдерде оқытатын 583 мұғалім қатысты. 4 Зияткерлік мектепте 30 сабақ бақыланды (7, 10 және 11-сыныптар), жергілікті және шетелдік мұғалімдерден 40 сұхбат алынды.

Мұғалімдер педагогикалық тәжірибелерін жақсы бағалайды, үштілді білім беру бойынша Нұсқаулықта ұсынылған қағидалар мен нұсқаулықтарды ұстанады.

Тілдік емес пәндер мұғалімдері оқушылардың

тілдік дағдыларын дамытуға көмектесетін жаттығулар мен құралдарды жиі қолданады. Мысалы: Мәтінге дейінгі және мәтіннен кейінгі күрделі материалды шағын бөліктерге бөлу, оқушылардың тіл деңгейіне сәйкес материалдарды бейімдеу, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін түрлі мәнмәтінде қолдану, оқушылар жазылым мен айтылымда қолдана алатын пайдалы тілдік құрылымдарды ұсыну, оқушылар түсінетін лексиканы қолдану және т.б.

Былтырғы мониторинг нәтижелеріне қарағанда қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің мұғалімдері CLIL әдістерін сенімдірек қолданады, жаратылыстану математика бағытындағы пәндер мұғалімдері бұл әдісті әлі толығымен меңгерген жоқ. Қиыншылық туғызатын факторлар: а) жаратылыстану-математикабағытындағыпәндермұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі; б) жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер мұғалімдерінің оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуына жеткілікті назар аудармай, өздерін тек пән мұғалімдері ретінде қабылдауы.

2. 10-11-сыныптарда «Зияткерлік мектептердегі дарынды оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін, оқылымға қатысты сараланған нұсқаулықтарды қолдану»

Зерттеу «Ағылшын тілі» пәнінің оқылым дағдыларына қатысты оқу мақсаттарын жүзеге асыру кезінде пайда болатын қиыншылықтарды анықтауға бағытталған болатын. Мұндай қиыншылықтарға мұғалімдер сараланған тапсырмаларды әзірлеу кезінде, сәйкесінше, оқушылар оқу мақсаттарын жүзеге асыру кезінде тап болады. Онлайн-сауалнамаға 1173 оқушы, 39 ағылшын тілі мұғалімі қатысты, 8 мұғалімнен сұхбат алынып, 15 сабақ бақыланды.

Зерттеу нәтижелері бойынша пікір білдірген оқушылардың көбі (50%-ы – 10-сынып, 67%-ы – 11-сынып) күрделі тапсырмаларды артық көреді және оқылым дағдыларына қатысты оқу мақсаттарына жеңіл жетеді; оқушылардың 60%-ы сабақтарда қолданылатын оқу материалдарының оқу сауаттылығын және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға, халықаралық емтихандардан өтуге (IELTS, SAT) көметесетінін айтты. Алайда, мұғалімдердің үштен бір бөлігі жоғары деңгейдегі дағдыларды нығайтуға бағытталған сараланған тапсырмаларды құрастыруға, мәтіндерді таңдауға қиналады.

Зерттеу нәтижелері ағылшын тілі пәнінің мұғалімдеріне арналған жазғы оқыту тренингтерін әзірлеу кезінде, онлайн-курстар мен вебинарлар мазмұнын анықтау кезінде, және «The updated English programme: differentiation in teaching reading and writing (secondary school, grades 5, 7) for mainstream schools» әдістемелік құралын әзірлеу кезінде ескерілді.

ДББҰ IX ғылыми-тәжірибелік «Білім берудің жарқын болашағына арналған құндылықтар, әл-ауқаттылық және инновация» (бұдан әрі – ДББҰ Конференциясы) конференциясында «Оқушылардың сөйлесім дағдыларын қалыптастыруда аутентті мәтіндерді тиімді қолдану» тақырыбындағы зерттеу ұсынылды.

Зерттеуде орыс тілінде оқитын сыныптарда қазақ тілін оқыту кезіндегі аутентті мәтіндерді тиімді қолдану аспектісі қарастырылды. Оқушылар үшін бұл тілдік жағдайға енудің ең тиімді құралдардың бірі болып табылады.

Бұл зерттеу негізінде онлайн сұранысқа 8-сыныптың 146 оқушысы мен 14 мұғалімі қатысты. Мұғалімдерден, оқушылардан, мектеп басқармасынан сұхбат алынды.

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің 90%-ы сабақтарда аутентті материалды қолданатынын, оқушылардың 63%-ы қазақ тілінде түрлі ақпаратты түсіне алатынын көрсетті.

Бұған қарамастан, сабақтарда мұғалімдер аутентті материалды қолданудың тиімді әдістерін нашар қолданады, мәтінмен жұмыс жасау кезеңдерін сақтамайды, мәтін үзінділерімен жұмысты ұйымдастыру барысында қатты қиналады.


Аңғарылған мәселелердің негізінде тақырыпқа сәйкес лексикалық минимум анықталған. Оқу мақсаттарын жүзеге асыру мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында орта мерзімді жоспарларда ұсынылатын әдеби шығармалардың және аутентті мәтіндердің жанрлары анықталды. Мұғалімдер үшін аутентті материалмен жұмыс жасау әдістерін таңдау бойынша тренингтер өткізілді, тәжірибе жүзінде мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың кезеңдері қадамдап көрсетілді.

Бүкіл зерттеулердің нәтижесінде пайда болған ұсыныстар «2017-2018 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы нұсқаулық-әдістемелік хатта» келтірілген.

Үштілді білім беруді жүзеге асыру бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Мұғалімдердің CLIL әдісін қолдану біліктілігін арттыру мақсатында 4 оқыту семинары жүргізілді. Семинарларға халықаралық мамандар, Зияткерлік мектептердің 115 мұғалімі мен қызметкері қатысты, олардың 68-і каскадтық оқытуды жүзеге асыра алатын CLIL тренерлері етіп дайындалды.

Диаграмма. Соңғы үш жыл ішіндегі CLIL тренерлерінің саны



2016-2017 оқу жылының ішінде CLIL ұстанымын қолдану бойынша жалпы 141 тренер дайындалды, әріптестерді оқытуға арналған семинарлардың модульдері әзірленді.



Ғылыми кеңесші Питер Мехисто (Лондон Университеттік колледжінің Білім беру Институты) «Скаффолдинг» әдістемелік құралын әзірледі, бұл құралды тілдік және тілдік емес пәндердің мұғалімдеріне қолдану өте пайдалы.

Аталған құралда 2-ші және 3-ші тілдерде оқылатын тілдік емес пәндердің мазмұнын меңгеруде оқушыларға қолдау көрсетудің тәжірибелік үлгілері қамтылған.

Көптілді білімнің дамуы

Елбасының Жоғары Қамқоршылық Кеңесінің отырысында берген тапсырмасына сай, Зияткерлік мектептерде екінші шет тілін оқытуды ұйымдастыру жұмысы басталды.

Міндетті компонент ретінде екінші шет тілін оқыту оқушыларға алыс және жақын шетелдің үздік университеттерінде оқуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Элективті курстардың аясында екінші шет тілін меңгеру бойынша Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесін, Зияткерлік мектептердің қолданыстағы тәжірибесін талдау нәтижесінде неміс, француз, қытай, кәріс тілдері оқуға міндетті екінші шетел тілдері ретінде ұйғарылды.


Екінші шет тілін тиімді оқыту үдерісін ұйымдастыру мақсатында сәйкес әдістемелік нұсқаулықтар мен тұжырымдама әзірленеді.

Қазақстандағы ресми өкілдіктермен ынтымақтастық туралы келісім жасалынды: Гете Институты, ZfA Kazakhstan, Француз альянсы, Campus France Kazakhstan Бюросы; Конфуций институты мен Кәріс Мәдени Орталықтары.

Қазақ тіліне ену жобасын енгізу

2016-2017 оқу жылының нәтижелері бойынша Қазақ тіліне ену жобасына қатысқан балалардың контингенті бала бақшада – 60 адам, бастауыш мектебінде – 149 адамды құрады.

Диаграмма. Бастауыш сыныптар контингенті



Қазіргі уақытта сыныптар мен ену топтарында 11 ұлт өкілдерінің балалары оқиды.

Жыл сайын жүргізілетін мониторинг Жобаны енгізу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мониторинг барысында түрлі зерттеу әдістері, соның ішінде, бақылау, әңгімелесу, сауалнама өткізу әдістері жиі қолданылады.

Жоба үлестірушілері мен педагогтер жыл сайын оқушылардың диалогтік қатынасқа белсенді қатысуға тырысатынын, мәтіндердің мәнін тезірек қабылдайтынын атап өтеді.

Мұны әр жартыжылдықта жүргізілетін диагностикалардың нәтижелері де мәлімдейді. Диагностикалар балалардың қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған. **Айта кететін жайт, диагностика нәтижелері бойынша әр сынып/топ оқушысының жеке картасы жүргізіледі, бұл картада 5 жыл ішіндегі даму серпіні қадағаланады.**

Оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейінің даму серпінін 2016-2017 оқу жылында қадағалап, өткен диагностикалар нәтижелерімен салыстырғанда, төмендегідей өзгерістер байқалады:

- ♦ сөздік қордың тұрақты өсуі;
- ♦ бірінші оқу жылынан бастап қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту қабілеті;
- ♦ тілдің грамматикалық категорияларын білу мен дұрыс қолдана алу қабілеті;
- ♦ басқа тұлға оқыған мәтінді ұғынуды байқату қабілеті;
- ♦ оқушылардың сөйлей білу деңгейін дәлелдейтін дұрыс, нақты, логикалы сөйлеу қабілеті. строить правильную, четкую, логичную речь, свидетельствующую об уровне речевого развития школьников.

Мониторинг мақсаттарының бірі оқу пәндерінің мазмұнын игеру деңгейін зерттеу болып табылады.

Төменде берілген диаграммаға сәйкес, бүкіл ену сыныптары оқушыларының білім сапасы 87%-дан 100%-ға дейінгі көрсекішті құрап, білім беру бағдарламасының талаптарына сай келеді.


Параллель сыныптардың оқу нәтижелерін салыстырғанда, ену сыныптары оқушыларының академиялық үлгерімі бірінші тілде оқитын оқушылардың оқу сапасымен салыстырмалы болатыны байқалады.

Талдықорған қаласындағы тілдік енуге негізделген мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы 5 жылдың ішінде жақсы нәтижелерді көрсетті.

Мектепке дейінгі балалардың даму деңгейі білім беру салаларын меңгеру барысында қалыптасатын дағдылармен анықталады және сәйкес көрсеткіштермен өлшенеді.



Диаграмма. Ену сыныптары оқушыларының білім сапасы көрсеткіштері (%)



Мониторинг нәтижелері мектепке дейінгі және бастауыш мектеп деңгейіне сәйкес келетін ену әдісін қолдану арқылы қазақ тілін меңгеру өте тиімді болып табылатынын айғақтайды.

3.1.2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қаласындағы Зияткерлік мектепте (IB MYP, IB DP) және Астана қаласындағы Халықаралық мектепте (IB PDP, IB MYP) оқушылар Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары негізінде оқиды. www.ibo.org

2017 жылы Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп негізгі орта білім бағдарламасының (MYP) құрамдас бөліктерін дамытуға байланысты ауқымды жұмыс атқарды:

- ◆ «Тұжырымдамалық және Пәнаралық оқыту» компонентінен **7 пәнаралық юнит** әзірленіп, жүзеге асырылды;
- ◆ зерттеу дағдыларын меңгертуден **82 стратегия** дайындалды;
- ◆ «Қоғамға қызмет ету» компонентін дамыту мақсатында жоспарланған **қызмет көрсету юниттері** жүзеге асырылды;
- ◆ **60 әлеуметтік жоба** (орыс және қазақ тілдерінде) жүзеге асырылды;
- ◆ **136 жеке жоба** (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде) жүзеге асырылды.

16 пәндік юнит-жоспар мен 2 пәнаралық юнит **MYP оқу бағдарламасын** тексеруге арналған Халықаралық Бакалавриаттың ресми қызметі оң бағасын берді. Оң пікір талданып, мектеп ішіндегі юнит-жоспарларды тексеру формасы әзірленді. Бұл форма оқыту үдерісінің сапасын жоғары деңгейде сақтауға өз үлесін тигізеді.

2017 жылы Халықаралық сыртқы бағалау қағидаларын MYP бағдарламасының eAssessment электронды нұсқасына енгізу жұмыстары одан әрі жалғасын тапты. Оқушыларды сыртқы бағалауға уақытылы дайындаудың арқасында оқу жетістіктерінің нәтижелері жақсарды.

Өткен жылмен салыстырғанда **көптеген пәндерден нәтижелер айтарлықтай жоғары.**

Атап өтетін басты жайт, Математика мен Дизайн пәндерінен орташа нәтижелер әлемдік орташа нәтижелерден жоғары.

Жоғары мектеп бағдарламасынан (DP) өткен сыртқы емтихандардың қорытынды нәтижесі негізінде оқу жоспарларына Халықаралық Бакалавриаттың әр пәнге қатысты жасалған ескертулер негізінде түзетулер енгізілді.

Келесі құжаттар әзірленіп, бекітілді:

- ◆ DP бағдарламасына арналған іс-шаралар күнтізбесінде ішкі бағалаудың жұмыстарды тапсыру мерзімдері көрсетілді;
- ◆ стандартты деңгейде оқытылатын «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәнінің оқу бағдарламасы бекітілді;
- ◆ жоғары және стандартты деңгейлерде оқытылатын «Әлеуметтік және мәдени антропология» пәнінің оқу бағдарламасы бекітілді.

«Экономика» және «Компьютерлік ғылымдар» пәндері сарапшыларының іссапарлары ұйымдастырылды. Сарапшылар DP мұғалімдерімен бірлесіп, бағалаудың (ішкі және сыртқы) бүкіл құрамдас бөліктерін пысықтады.

Сарапшылар пән мұғалімдерінің кәсіби деңгейінің жоғарылығын және нәтижеге қол жеткізудегі жауапкершілігін жоғары бағалаған.

Сонымен қатар, Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп Астана қаласының Халықаралық мектебіне тәжірибесін таратуды жалғастыруда. Астана қаласының Халықаралық мектебі Бастауыш мектеп бағдарламасының (PYP) авторизациясынан өтіп, негізгі мектеп бағдарламасының (MYP) авторизациясынан өтуге үміткер атанды, сондай-ақ DP Бағдарламасына қатысты жұмыстар жүргізілуде.

3.2. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

ДББҰ-дағы тәрбие жұмысы ДББҰ Қамқоршылық кеңесі мен ДББҰ Басқармасының шешімдерімен бекітілген нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

2017 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде өткізілген маңызды шаралардың бірі – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің әлеуметтік жобалары мен тәжірибелері негізінде дайындалған **«Ұлы дала мұрагерлері»** қойылымы болды.

2017 жылы ақпанда аталған шарада Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары «Ұлы жібек жолының шығыс базарын» және «20 Зияткерлік мектептің символы» атты хореографиялық қойылымдарды, көлеңкелі театр, домбыра оркестрі, хор, барабандық марш және би түріндегі флешмоб қойылымдарын ұсынды. «Қолөнершілер көшесі» қайырымдылық жәрмеңкесі, қыштан бұйымдар жасаудан шеберлік сабақтар, сурет салу, киізбен жұмыс, ши тоқу, ұлттық қуыршақтар жасау, кілем тоқу, кесте тігу шеберлік-сабақтары ұйымдастырылып өткізілді. Зияткерлік мектептердің оқушылары әзірлеген **ғылыми жобалардың мен креативті өнімдері** көрмесі қатысушылардың ерекше қызығушылығын туғызды.

Орал, Атырау, Ақтау қалаларындағы Зияткерлік мектеп ұжымдарының «Ұлы дала мұрагерлері» қойылымдары орасан зор табысқа ие болды.

2017 жылдың наурыз айында «Ғылымның шексіз сырлары» деген атаумен дәстүрлі **VII Наурыз кездесулері** ұйымдастырылды. Аталған шараға Зияткерлік мектептердің және жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқуда әлеуеті жоғары **160 оқушысы** қатысты.

Назарбаев Университетінің, Оңтүстік Корея және Венгрия елдерінен келген жас ғалымдар:

- ◆ «Медицинадағы жаңа технологиялар»;
- ◆ «Биотехнология және медицина»;
- ◆ «Адам генетикасы»;
- ◆ «IT технологиялар»;
- ◆ «Әлемнің және қоршаған ортаның іргелі заңдарын интеграциялау»;
- ◆ «Медицинаны оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер»;
- ◆ «STEAM-білім беру» тақырыптарында ғылыми эксперименттер көрсетіліп, лекциялар өткізілді.

Сонымен қатар, EXPO-2017 халықаралық көрмесіне бағытталған инновациялық идеялары, жасыл экономиканы дамыту, «STEAM» салаларына қатысты оқушылардың жоба жұмыстары қорғалды.

Наурыз кездесулері жетінші жыл қатарынан жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына Зияткерлік мектептерде жүзеге асырылатын ғылыми жобаларға және техникалық шығармашылыққа қатысу мүмкіндігін береді.

Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және **«Рухани жаңғыру» бағдарламасының** Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру идеяларын жүзеге асыру мақсатында 240 оқушы және 40 мұғалім «Алаш-Орда» қозғалысының 100-жылдығына арналған жыл сайынғы дәстүрлі **«Туған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясы** ұйымдастырылды.

«Алтын қазған» тарихи-мәдени кешеніндегі археологиялық қазба жұмыстарына Ақтау қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушыларының қатысуы жобаның маңызды нәтижелерінің бірі болып табылады.

Ғалымдардың жетекшілігімен біздің заманымыздың III-V ғасырларына жататын археологиялық ескерткішті зерттеу, 150-200 метр биіктіктегі тұрғынжайды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Экспедиция барысында Ұсақ деген таудан оқушылары ежелгі теңіз жануарының қаңқасын тауып алды. Ғалымдар тасқа айналған қаңқаны осыдан 38-55 млн. жыл бұрын мұхит түбінде өмір сүрген алып жануарға теңеп отыр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, зерттеу және өлкетану бағытында аймақтың экономикалық ерекшеліктерін, тарихи-мәдени мұрасын, табиғи байлықтарын танытатын маршруттар көрсетілген видео-карталар қоры жасақтала бастады.

Оқушылардың бойында қазақ халқының рухани құндылықтарын қалыптастыру, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге баулуда **«2 апта ауылда» әлеуметтік тәжірибесінің** маңызы зор.

Оқушылардың бағалауына сәйкес, «2 апта ауылда» әлеуметтік тәжірибесі 2017 жылдың ең үздік жобасы деп танылып, оған 12 351 оқушы қатысты.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнін мерекелеу аясында Зияткерлік мектептердің 40 отандық және шетел педагогі, 40 оқушысы «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, **«Зияткер Ұрпақ»** тақырыбындағы білім беру жобасын жүзеге асырды. Еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 6 000 оқушысына «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Білімге басымдық беру», «Қазақстан – дос пейілді ел» деп аталатын шеберлік сабақтары өткізілді. Бұған қоса, бүкіл аймақтарда бір уақытта **«Ұлы дала мұрагерлері»** атты үлкен домбырашылар

флэшмобы ұйымдастырылған. Шараға Зияткерлік мектептердің 2000 оқушысы қатысты. Домбырашылар, әдеттегідей, Құрманғазының атақты «Адай», «Балбырауын», «Сарыарқа», Дина Нұрпейісқызының «Науысқы», Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы», «Әлқисса», «Аққу», Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлерін орындады. Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектептің оқушысы Жанат Олжас «Еліме сәлем» авторлық күйін тарту етті.

Сонымен қатар «Жүз күйдің тарихы», «Қазақ әндері», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн», «Баланы жұмысқа алып бар», «Қоғамға қызмет ету», «Тартуға лайықты идея» форматындағы «TEDx NIS», «Wikipedia» сияқты тәрбие жұмысының жобалары оқушылардың «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясына сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады.

Жыл бойында өткізілген зерттеу нәтижелері Зияткерлік мектептер оқушыларының 98%-ы Отанға деген сүйіспеншілік және оның болашағына жауапкершілік сезімін қалыптастыратын тәрбие жұмысының жобаларына қатысқан.

3.3. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Зияткерлік мектептерде оқушылардың жан-жақты қабілетін дамыту мақсатында сабақтан тыс уақытта элективті курстар, «Жазғы мектеп» және «Серіктес мектептер» жобалары жүзеге асырылады.

3.3.1. ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР

Элективті курстар оқушылардың инженерлік, кәсіпкерлік дағдыларын, математикалық модельдеу, креативті жазу, жоба жұмысы, жасанды интеллектті модельдеу дағдыларын нығайтуға көмектеседі.

Есеп беру кезеңінде элективті курстар Зияткерлік мектептерде, елімізде және шетелде ұйымдастырылады.

Зияткерлік мектептерде 4 бағытта 660 элективті курс оқытылды, атап айтқанда:

- 1) академиялық білімді тереңдету (пәндік салалар);
- 2) зерттеу дағдыларын дамыту;
- 3) тілдік дағдыларды дамыту;
- 4) халықаралық емтихандарға дайындық.

Елімізде Зияткерлік мектептердің 80 оқушысын қамтып, Массачусетс Технологиялық Институты (MIT, АҚШ) және Тель-Авив университетінің (Израиль) оқытушыларының қатысуымен курстар өткізілді.

MIT-мен бірге өткізілген курстар

Ағылшын тілі, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерден білімді тереңдету мақсатында 2017 жылдың қантар айында Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебінің **60 оқушысы қатысқан** MISTI Kazakhstan «Жаһандық оқу зертханалары» бағдарламасы аясында «Химия», «Физика», «Робототехника» курстары жүзеге асырылды.

MISTI Kazakhstan «Жаһандық оқу зертханалары» бағдарламасы 26 мемлекетті қамтиды (Ұлыбритания, Франция, Оңтүстік Корея, Сингапур, Германия, Израиль, Италия, Испания, Мексика және т.б.), 2017 жылы олардың қатарына алғаш рет Қазақстан кірді.

<http://misti.mit.edu/student-programs>

The screenshot shows the MISTI (MIT International Science and Technology Initiatives) website. The header includes the MISTI logo, navigation links (Apply Now, Contact Us, Search), and the MIT logo. The main content area is titled 'STUDENT PROGRAMS' and features a 'Browse Student Programs' section. This section is organized into three columns: 'BY LOCATION', 'BY AREA OF INTEREST', and 'BY LANGUAGE'. The 'BY LOCATION' column lists various countries, with 'Kazakhstan' highlighted with a red circle. The 'BY AREA OF INTEREST' column lists fields like Aero-Astro, Arch & Planning, Bio/Chem, etc. The 'BY LANGUAGE' column lists languages like Chinese, English, French, etc.

BY LOCATION	BY AREA OF INTEREST	BY LANGUAGE
Africa	Aero-Astro	Chinese
Australia	Arch & Planning	English
Belgium	Bio/Chem	French
Brazil	BioE/ChemE	German
Chile	Brain & Cog	Italian
China	CEE	Japanese
France	EAPS	Korean
Germany	EECS	Portuguese
India	Energy	Russian
Israel		Spanish
Italy		
Japan		
Jordan		
Kazakhstan		



«Массачусетс Технологиялық Институты (MIT) – әлемнің ең беделді техникалық институттарының бірі, әлем рейтингінде бас орындарға ие. Бакалавриаттың, магистратура мен докторантураның соңғы курсына оқитын студенттерге арналған MITI Халықаралық ғылыми-техникалық бастамалар MIT «Жаһандық оқыту зертханалары» бағдарламасын жүзеге асырады. MITI Kazakhstan «Global Teaching Labs» бағдарламасы студенттердің білімін әлем мектептерінің оқушыларына жеткізуді көздейді.

IT курстарының ерекшеліктері:

- ♦ ғылымның қолданбалы мақсаттарына басымдық береді;
- ♦ оқушыларды жаһандық мәселелер туралы ойлауға ынталандыру, оларды шешу жолында ғылымды қолдануға мүмкіндік беру;
- ♦ - әлемнің ғылыми зертханаларында жасалған соңғы үздік зерттеулерді, MIT инновациялық және алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктерін таныстыру.

«Химия» пәніне арналған курс

«Химия» курсын – «Химияны жан-тәніңмен үйренуге ұмтыл» курс бағдарламасын әзірлеуші, MIT «Механикалық инженерия» мамандығының докторанты Хан Сами өткізді.



MIT 2017 жылы өткен MITI «Жаһандық оқыту зертханалары» бағдарламасына қатысқандардың арасында жүргізілген бейне есептерінің конкурсында Хан Сами бейне ролигі 1 орынға ие болды.

<http://misti.mit.edu/phd-student-mit-inspires-kazakh-kids-love-chemistry>

Бағдарлама химия және зерттеулердің жаңа бағытына қатысты күнделікті құбылыстардың тәжірибелері мен көрсетілімдерін қамтиды. Курстың көп бөлігі «Қолданбалы химияға», атап айтқанда – энергетика, қоршаған орта, медицина сияқты, оқушылардың тәжірибелі

дағдыларын нығайтуға негізделген салаларға бағытталады.

Біздің оқушылар су өткізбейтін, жанбайтын материалдарды жасауға бағытталған зертханалық жұмыстарды жүргізді.

«Физика» пәніне арналған курс

«Физика» курсын MIT «Жер, атмосфера, планетарлық ғылым мен физика» мамандығының студенті – Бринна Дауни жүргізді.

Курс бағдарламасы планетамызға байланысты физикалық үдерістерді тереңдетіп оқуға бағытталған.

Курс аясында бізді қоршаған әлемде орын алатын физиканың негізгі түсініктері анықталды, қолданбалы материалдардың көмегімен тәжірибелер мен эксперименттер орындалды.

«Робототехника» пәніне арналған курс

«Робототехника» курсын MIT «Математика» мамандығының студенті – Асра Али жүргізді.

Курс бағдарламасы «Математика» және «Робототехника» пәндерінің синтезі болып табылады.

Курс аясында оқушылар математикалық сызбаларды талдау негіздерін меңгерді, бағдарламалаудан есептерді шешті, сызбалардың шығармашыл дизайнын жасауды үйренді, «Роботтың қолы», «Көрінбейтін күзетші», және «Ақылды үй» жобаларын жасады. «Ақылды үй» жобасында үйдің түрлі жерлерінде сигнал жабдығы, температура датчиктерінен дабыл қабылдайтын өрт сөндіруге арналған су сорғысы әзірленді.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқушылар MIT студенттерінің жұмысы мен курс бағдарламаларын өте жоғары деңгейде бағалады.

Сауалнамаға қатысқандардың 96%-ы таңдау пәні ретінде MITI MIT «Жаһандық оқыту зертханалары» бағдарламасының аясында оқыған жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді таңдады.

8 оқушы мақсатты түрде MIT оқуға тапсыруға дайындалуда.

Студенттер 11-сынып оқушылары үшін SAT емтиханына дайындалу сессиясын өткізіп, MIT мамандықтары және оқуға түсу мүмкіндіктерімен таныстырды.

MIT студенттері Зияткерлік мектеп оқушыларының оқуға деген жоғары деңгейдегі ынтасын және жаратылыстану-математика пәндерінен жоғары деңгейдегі академиялық білімдерін атап өтті.

MITI Kazakhstan «Жаһандық оқыту зертханалары» бағдарламасының жақсы

нәтижелерін ескере отырып, бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды.

2018 жылы бұл жоба Қарағанды, Семей, Петропавл қалаларындағы Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылады, 2019 жылдан бастап жас мұғалімдерді жұмысқа тарту арқылы бүкіл Зияткерлік мектептерде жүзеге асыру жоспарлануда.

Тель-Авив университетімен бірігіп жүргізілген элективті курсы

2017 жылдың қазан айынан желтоқсан айына дейінгі аралықта Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебінің негізінде Зияткерлік мектептердің **20 оқушысы** мен қалалық білім беру ұйымдарының **10 оқушысы** үшін «Моментум» бағдарламасы аясында «Оқушыларды кәсіпкерлікке оқыту» курсы ұйымдастырылды.

Курстың мақсаты – оқушыларға кәсіпкерлік дағдыларды меңгеруге ынталандыру, кәсіпкерлік ортаға ену мен жоба әзірлеу дағдыларын дамыту.

«Тель-Авив университетінің достар қауымдастығы – шетелдік академиялық топтарды Тель-Авив университетімен байланыстыратын ұйым. Тель-Авив университеті – ең танымал және патенттер саны жағынан Израиль мемлекетінде бірінші орын алатын Жоғары оқу орны. Қауымдастық 20-дан астам мемлекетте кәсіпкерлік білімді дамыту және кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру бағытында қызмет атқарады».

Курстың ерекшеліктері:

- ♦ отандық және шетел сарапшылары шақырылады, оқушылар кәсіпкерлік ортаға енеді;
- ♦ оқушыларды негізгі тиімді жоспарлауға үйрету, жеке жобаны бағалау мен жүзеге асыруды оқыту;
- ♦ жеке бизнес-жобаны жүргізу тәжірибесі.

Курс теориялық және тәжірибелік бөліктерден тұрады.

Қарқынды теориялық бөлігін шақырылған израильдік сарапшылар: Тель-Авив университеті Кәсіпкерлік орталығының директоры Елена Донец пен Project-based Learning тренері Марина Цимблер жүргізді. Бұл бөлім аясында оқушылар жеке бизнес-жобаларды, венчурлік қорларды және стартаптардың заманауи модельдерін құру мен жүргізу тәсілдерін меңгерді.

Оқушылар кәсіпкерлік саласындағы танымал сарапшылармен: заманауи флэш-карта жасаушысы Семен Лицынмен, табысты әлемдік стартаптардың негізін қалаушы Игорь Нусиновичпен және жас қазақстандық кәсіпкерлер: Арслан Даримовпен, Мұхтар Қуанышбайұлымен, Бағдат Уапов және Дағар Давлетовпен кездесті.

Оқушылар курсқа қатысты көптеген жақсы пікірлерін білдірді. Курсты өткізуге шақырылған сарапшылардың жоғары деңгейдегі дайындығын және олардың жобаларды жүргізудегі бірегей әдістемесін атап өтті.

2018 жылы Курсты оқыту әдістемесін ДББҰ-ға таратып, бүкіл Зияткерлік мектептерге кезеңдеп енгізу жоспарлануда. Бұл іс-шараға Зияткерлік мектептердің мұғалімдері тартылатын болады.

Шетелде 3 мектептен тыс элективті курс өткізілді. Курс 106 оқушыны қамтып, АҚШ-тың үздік университеттерінің негізінде жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Стэнфорд, Джонс Хопкинс Университетінің талантты жастар Орталығы және Колумбия университеті. Курсқа қатысқан 80 оқушы көпбалалы және әлеуметтік аз қамсыздандырылған отбасылардан шыққан.





Кесте. Мектептен тыс элективті курстар

№	Мектептен тыс элективті курстар	Оқушы саны
1.	Джонс Хопкинс Университетінің талантты жастар Орталығының курстары (АҚШ): «Жоғары мектеп биологиясы» «Жоғары мектеп химиясы» «Жоғары мектеп физикасы» «Математикалық логика» «Электротехника» «Информатика негіздері» «Ықтималдылық теориясы мен ойындар теориясы»	20
2.	Стэнфорд Университетінің курстары (АҚШ): «Криптология» «Бағдарламалық инженерия» «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндер» «Кәсіпкерлік» «Өнер» «Креативті хат жазу» «Медицина және бизнес»	41
3.	Колумбия Университетінің курстары (АҚШ): «Оқылым мен жазылым арқылы сыни ойлау» «Python арқылы веб-бағдарламаларды әзірлеу» «Заманауи химияның қарқынды курстары» «Бизнес, қаржылар мен экономикаға кіріспе» «Химиялық инженерияға, компьютерлік ақуыздарды модельдеуге кіріспе» «Физикалық ғылымдарға кіріспе» «Теориялық және эксперименталды физика саласындағы зерттеулер» «БАҚ және Саясат» «Қор нарығы» «Биохимияға кіріспе: Тамақ өнімдерінің химиясы» «С бағдарламалауға кіріспе» «Компьютерлік бағдарламалауға кіріспе: С негіздері» «Неврологияға кіріспе: Ми жұмысын түсіну» «Инженерияға кіріспе: Күн энергиясын түрлендіру» «Астрономия және астрофизика» «Генетика мен молекулалық биология саласындағы зерттеулер» «Струналар теориясын қолдаушыларға арналған математикалық оқыту лагері»	45

3.3.2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Академиялық әлеуетін және жобалық-зерттеу жұмыстарын дамыту мақсатында Зияткерлік мектептер мен жалпы білім беретін ұйымдардың оқушылары үшін жазғы курстар ұйымдастырылды.

2017 жылы Жазғы мектеп келесі бағыттарда жүзеге асырылды:

1) әлеуметтік аз қамсыздандырылған отбасылардың 7 554 оқушы, атап айтқанда Зияткерлік мектептерден 6 821 оқушы, жалпы

білім беретін ұйымдардан 733 оқушы тегін негізде;

2) арнайы бағдарламалар аясында 433 оқушы, атап айтқанда Зияткерлік мектептерден 213 оқушы, жалпы білім беретін ұйымдардан 220 оқушы ақылы негізде келесі курстарда білім алды:

- ◆ «STEM Robotics»;
- ◆ «Ағылшын тілі»;
- ◆ «Биотехнология ғажайыптары»;
- ◆ «Ойлау дизайны»;
- ◆ «Функциялар және олардың графикалары»;



- ◆ «Роботты бағдарлау»;
- ◆ «Бізді қоршаған физика»;
- ◆ «Біздің өміріміздегі химия»;

3) Стэнфорд университеті және Джонс Хопкинс Университетінің дарынды жастар ортылығының 6 оқытушысы шақырылған 341 оқушы (Зияткерлік мектептерден 332 оқушы, жалпы білім беретін ұйымдардан 9 оқушы) ақылы және ақысыз негізде келесі бағдарламаларда білім алды:

- ◆ «Креативті жазу»;
- ◆ «Бағдарламалық инженерия және видео-ойындар дизайны»;
- ◆ «Қоршаған орта туралы ғылым»;
- ◆ «Кәсіпкерлік»;
- ◆ «Криптология»;
- ◆ «STEM аясында ағылшын тілі коммуникациялары»;

4) Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 58 оқушы ақысыз негізде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің А.Н. Колмогоров атындағы мектеп-интернатының оқытушылары шақырылған «Математика» курсына білім алды.

5) Назарбаев Зияткерлік мектептеріне түсу кезінде тіл біліктілігінен жеткіліксіз деңгейді көрсеткен 634 оқушы тілдік курстарда (қазақ тілі – 180, орыс тілі – 40, ағылшын тілі – 414) білім алды.

Жазғы мектепті ұйымдастыру Зияткерлік мектептер мен еліміздің білім беру ұйымдары оқушыларының зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын арттыруға, академиялық әлеуетін дамытуға, әлеуметтік-эстетикалық тұрғыдан кешенді дамуына бағытталған.

Зияткерлік мектептердің оқушылары, ата-аналары және педагогтерінің ұсыныстары негізінде 2018 жылы шетел университеттердің қатысуымен «Робототехника», «Ағылшын тілі және креативті жазу», «Бағдарламалау негіздері», «Математика» және тағы да басқа Жазғы мектеп курстарын ұйымдастыру жоспарланып отыр.

3.3.3. СЕРІКТЕС МЕКТЕПТЕР

Оқушыларды мәдениет аралық қарым-қатынас жасау, жаһандық тұрғыдан ойлау және толеранттылық дағдыларын дамыту мақсатында Зияткерлік мектептер «Серіктес мектептер» жобасын жүзеге асыруды жалғастыруда.

2017 жылдың қыркүйек айында Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің **8 оқушысы Ernst Abbe Gymnasium (Оберкохен қаласы, Германия Федеративтік Республикасы) гимназиясында** білім алды.

«Эрнст Аббе гимназиясы – неміс білім беру ісінің ең үздік дәстүрлері мен әлемнің заманауи технологияларының тұтынушысы. 1999 жылдан бастап гимназия Италия, АҚШ, Франция және Қазақстан мектептерінің белсенді серіктесі ретінде қызмет атқарып келеді.

Сапар барысында оқушылар тілдік ортаға еніп, зерттеу дағдыларын меңгеріп, өз білімдерімен бөлісті. Олар жаратылыстану-математика бағытындағы сабақтарға қатысты. «Жергілікті өндіріс өнімдері» жобалық жұмысы аясында Германияның әртүрлі өндірістік нысандарына, оның ішінде нан мұражайы, диірмен, ет комбинаты, сүт компаниялары, «Ritter Sport» шоколад компаниясы және медициналық құрылғылар мен оптика әзірлеуші «Carl Zeiss AG» компаниясына экскурсиялар ұйымдастырылды.

«Carl Zeiss AG» компаниясына экскурсия нәтижесінде екі оқушы зерттеу жобаларына қатысты әрі қарай бірлесіп жұмыс жасау ұсынысын алды.

Сонымен қатар, **қыркүйек айында International School Hannover Region (Ганновер қаласы, Германия Федеративтік Республикасы)** оқушылары Астана қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне «Серіктес мектептер» жобасымен оқуға келді. International School Hannover Region оқушылары Зияткерлік мектеп оқушыларымен бірге Зияткерлік мектеп өміріне араласып, Қазақстандық отбасылардың үйінде тұрды.

«International School Hannover Region – шығармашыл ортада сапалы халықаралық білім беруге талпынатын халықаралық мектеп. Мұнда жеке көзқарастар, құндылықтар, дәстүрлер мен мәдениеттерді еркін түрде білдіруге жағдай жасалады».

Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебінің 10 оқушысы **International School Hannover Region** мектебіне қазан айында барды. Оқушылар тілдік және мәдени ортаға ене отырып, PBL-жобаларын (жобаға бағытталған оқу) жүзеге асырды.

2017 жылдың сәуір айында Павлодар қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі және Мәскеу мемлекеттік университетінің А.Н. Колмогоров атындағы мектеп-интернатының арасында өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Бұл меморандум аясында мұғалімдер мен оқушыларға арналған жиналған білім мен тәжірибемен алмасу шаралары жоспарлануда.

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің А.Н.Колмогоров атындағы мектеп интернаты математика, физика, химия, биология және информатиканы тереңдетіп оқытатын орта білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Мектепте бейінді пәндер кафедрасы мен жалпы білім пәндері кафедраларының жұмысы ұйымдастырылған.

2017 жылдың желтоқсан айында Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектептің 10 оқушысы А.Н. Колмогоров атындағы МОҒО-ға сапармен барды. Зияткерлік мектептердің оқушылары А.Н. Колмогоров атындағы МОҒО оқушыларымен бірге арнайы әзірлеген бағдарлама бойынша оқыды.

2017 жылдың желтоқсан айында Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің 10 оқушысы **Birchwood High School (Бишопс Стортфорд қаласы, Ұлыбритания)** мектебінде оқып келді.

Birchwood High School – A-Level бағдарламасына сәйкес дарынды балаларға арнап 1991 ж. құрылған академия. Ол

оқушының жеке әлеуетін, жоғары оқу үлгерімін және кәсіби бағдар жұмысын дамытуға бағытталған.

Аталған бағдарлама оқушыларға тілдік ортада STEM-зертханаларында зерттеу тәжірибелерін өткізуге, жаһандық тұрғыдан ойлау және коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді.

2017 жылдан бері Зияткерлік мектептерде серіктес мектептермен ынтымақтастық бағытында белсенді жұмыс жасалуда. Атап айтқанда,

- ♦ **Айб мектебі (Армения),** Оқушылар «Мәдениетаралық диалог» және «Балалар құқығы» атты жобалық жұмыстарды жүргізілуде;
- ♦ **Нуева мектебі (АҚШ),** Ұлы Жібек жолы тарихын, оның әлем экономикасындағы экономикалық және саяси ролін зерттеу жұмыстары жүргізілуде;
- ♦ **Сучжоу өнеркәсіптік паркіндегі Шет тілдер мектебімен (ҚХР, Цзянсу провинциясы)** Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық. «Серіктес мектептер» жобасы Зияткерлік мектептердің оқушыларының ғылыми-зерттеу дарындарын, толеранттылығы мен сыни ойлау қабілетін дамытады.

Жұмыс нәтижелері бойынша мектептер ынтымақтастықты дистанциялық түрде жалғастырады, мұнда шетелдік оқушылар бірігіп зерттеу жүргізуге, сондай-ақ Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасының ерекшеліктеріне қызығушылық танытуда.

3.4. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ-ЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

3.4.1. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Зияткерлік мектептердегі психологиялық қызмет өз жұмысын ДББҰ Басқармасының 2016 жылғы 18 мамырдағы (№19 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларын қорғауға бағытталған саясаты» және ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 9 қыркүйектегі (№47 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарындағы Психологиялық қызмет туралы типтік ережеге» сәйкес жүргізеді.

Оқушылардың әл-ауқатын, амандығын жалғастыру мақсатында 2017 жылы Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтері оқу үдерісіне психологиялық қолдау көрсету жұмысын жалғастырды. Атап айтқанда:

- ♦ 7-сынып оқушылары мен желі ішіндегі басқа мектептерден ауысып келген оқушылардың бейімделуіне қолдау көрсету;
- ♦ академиялық әлеуметтік-эмоционалды,

мінез-құлық (жоғары көңіл бөлуді талап ететін балалар) қиыншылықтарына тап болған оқушыларды анықтап, оларға қолдау көрсету;


- ♦ оқушылар мен мұғалімдерге емтихан алды және емтихан барысындағы күйзеліске түспеуге көмектесу;
- ♦ кәсіби бағдар жұмысына көмектесу жүргізіледі.

психодиагностикалық рәсімнің жаңа түрлері енгізілді.

Психодиагностика оқушылардың ақпаратты қабылдауын, ойлау түрлерін, тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Аталған диагностика өз кезегінде оқушының базалық психологиялық бейінін қалыптастыруға, оқушыларға өзінің мықты



Оқушылардың жатақханада құрдастарымен тұруға бейімделуі үшін «Мен және мені қоршаған орта» атты акция өткізілді.



Әр Зияткерлік мектепте «Негативті позитивке өзгерт», «Психологиялық бөгеу», «NIS-тың жұлдыз жорамалы», «IELTS-Нысана» психологиялық акциялары, сондай-ақ психологиялық жеңілдеу бөлмелерінің құрылғылары пайдаланылып, топтар немесе жеке оқушы ғана қатысқан жеңілдеу дәрістері өткізілді.



Зияткерлік мектептердің психолог-педагогтері білім беру кинесиологиясы жүйесі жайлы, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер коучингі жайлы оқып, оларды тәжірибеге енгізе бастады.

Есеп беру кезеңінде кураторлар, пән мұғалімдері, жатақхана тәрбиелеушілері, қосымша білім беру педагогтері мен оқушылардың заңды өкілдерінің қатысуымен

жақтарын анықтауға, даму өрісін көруге, өз даралығын қабылдауға көмектесті.

Резервтік тізімнен қайта қосылған 7-сынып оқушылары мен басқа мектептерден ауысып келген оқушылар үшін бейімделу бағдарламалары әзірленді. Балаларға жаңа сыныпқа сіңісуге, «бұрынғы» оқушылар мен «жаңа» оқушылардың бірігуіне, жатақханада



бірге тұрғанда достасып кету мүмкіндігін беретін «Team building» жіптік тренингтері, «Сәлем, бұл менмін» бейімдеу тренингі, «Сынып – МЫҚТЫ!», «Мен қасыңдамын», «Мен және менің сыныбым», «Біздің сынып планетасы» және т.б. психологиялық акциялар ұйымдастырылды.

Балаларға әлеуметтік желіні қауіпсіз қолдануды үйрету үшін 1540 оқушыдан сауалнама алынып, жағымсыз әлеуметтік желілерді анықтауды көздейтін акциялар мен психологиялық ойындар өткізілді.

9-12-сынып оқушылары пәнді таңдауы үшін өз бейіні мен қызығушылықтарын анықтауға, сондай-ақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу мақсатында «Мамандықтар атласы», «Мамандықтар калейдоскопы», «Мамандық таңдау», «Жол», «Келешек (Перспектива)» және басқа да үлкен психологиялық ойындарды қолданып, тренингтер өткізілді.

10 және 12-сыныптарда емтиханға байланысты күйзелісті төмендету мақсатында шағын топтарда жүргізілетін релаксациялық жаттығулар арқылы алаңдау мен қобалжуды жеңілдету тәсілдері қолданылған топтық кеңестер жүргізілді.

Тараз, Петропавл, Семей, Қарағанды қалаларындағы Зияткерлік мектептерде өз жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлауды қиынсынатын 7-12-сынып оқушылары үшін психологтар дамытушы бағдарламалар дайындады. «Тайм-менеджмент дегеніміз не?», «Уақытты зерттей келе», «Мақсат қою», «Маңызды және шұғыл» тақырыптарына арналған тәлімгерлерге арналған оқыту семинарлары өткізілді.

Психологиялық қызмет ерекше көңіл бөлуді қажет ететін 547 оқушыға жеке қолдау көрсету жұмысын жүргізді.

Мектептердің педагог қызметкерлерімен жұмыс

Мұғалімдер, үйлестірушілер және тәрбиешілер үшін оқушыларды саралап, сыныппен жұмыс жасауға арналған ұсыныстар енгізілген оқушылар профильдерінің электронды базалары әзірленді.

687 педагог арасында педагогтік ұжымдарды ынтымақтастыратын тренингтер мен үлкен психологиялық ойындар, сондай-ақ оқушылар мен ата-аналармен оңтайлы қарым-қатынас

орнату тренингтері өткізілді. Сонымен қатар, педагогтер жұмыста туындайтын күйзелісті басқару, жұмысқа қабілеттілікті жылдам қалпына келтіру, тепе-теңдікке жету дағдыларын қалыптастыру, кәсіби эмоциялық күйінудің алдын алу мақсатында жеке ресурстарды іздеп, күшейту тренингтері өткізілді.

Әдістемелік бірлестіктер ішінде жаңадан қабылданған мұғалімдер үшін адамдарды ұжымдастыратын «Біз – бір топпыз» атты іс-шаралар өткізілді.

Барлық Зияткерлік мектептерде мұғалімдердің оқушылармен және ата-аналармен сындарлы, дау-дамайсыз қарым-қатынас жасау тәсілін қолдану, нақты педагогикалық жағдайларда ашық сұрақтар қою дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тренингтер өткізілді.

511 ата-ана үшін баланың психологиялық-эмоциялық жағдайы, онымен тіл табысу тәсілдеріне арналған топтық кеңестер ұйымдастырылды.


3.4.2. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Барлық Зияткерлік мектептерде медициналық пункттер мен стоматологиялық кабинеттер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы (№62 хаттама) (2016 жылы 29 қыркүйекте түзетіліп, толықтырылды, №47 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі медициналық қызмет туралы типтік ереже» негізінде өз жұмысын ұйымдастырады.

Зияткерлік мектептердің желісінде – барлығы 21 дәрігер-педиатор, 20 стоматолог, 41 мектеп мейірбикесі, жатақханада 51 мейірбике, 21 диеталық мейірбике жұмыс жасайды.

Есептік кезеңде 40 мың өтініш тіркелген, оның ішінде педиаторға қаралуға 38 мың өтініш, мектептің стоматологиялық кабинетіне қаралуға 2 мыңға жуық адам өтініш жасаған. Медициналық анықтамалар негізінде оқушылардың ауруларын талдау нәтижесі Зияткерлік мектептер оқушыларының арасындағы аурулардың негізгі топтарына

Зияткерлік мектептер оқушыларын вакциналармен қамту диаграммасы



тыныс алу жолдарының аурулары (ЖРВИ, баспа, фарингит, синусит, ринит және т.б.) жататындығын көрсетті.

Мектептегі медициналық қызметкерлер профилактикалық медициналық тексерістер өткізіп, тиісті екпелерін екті, санитарлық-ағартушылық жұмыстар жүргізді.

13,5 мыңнан астам оқушылар **профилактикалық медициналық тексерістен** өтті. 11 мыңнан астам оқушы **Зияткерлік мектептердегі стоматологтардан профилактикалық тексерістерден** өтті.

Аурудың алдын алу екпелерінің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес оқушыларға дифтерияға, көкжөтелге және сіреспеге (АДС-М, АБКДС), туберкулезге (туберкулез ауруларына қарсы вакцинация, туберкулездің диагностикасы), қызылша және қызадыққа қарсы (ҚҚП), тұмау және А вирустық гепатитіне (сары ауру) қарсы вакцинация жасалды.

Оқушылардың вакцинациямен толық қамтылмауының негізгі себебі оқушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің ерікті түрде бас тартқандығынан болып отыр.


Зияткерлік мектептердегі **санитарлық-ағартушылық жұмыс** әртүрлі тақырыптарда өткізілді:

- ♦ тұмау, инфекциялық аурулардың алдын алу;
- ♦ салауатты өмір салтын қалыптастыру,
- ♦ зиянды әдеттердің алдын алу;
- ♦ дұрыс тамақтану;
- ♦ төтенше жағдайлардағы алғашқы көмек және т.б.

Мектеп оқушылары мен қызметкерлеріне арналған бұл шаралар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдардан, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтарынан, апат медицинасынан, аумақтық емханалардан, қоғамдық ұйымдардан мамандар шақыра отырып өткізілген дәрістер мен семинарлар түрінде өтті, санитарлық бюллетендер шығарылды, салауатты өмір салты мәселелеріне

арналған пікірталас, денсаулық апталықтары және өзге де жоспарланған шаралар өткізілді.

Мысалы, 2017 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектебінің *youtube.com* ресми каналында **«Денсаулық» мектеп жобасының** бейнематериалдары жүктелген, бұл материалдардағы мектеп жасындағы балалардың арасында жиі кездесетін аурулар, сондай-ақ, олардың алдын алу әдістері қарастырылады.





Акция шеңберінде оқушыларға жұқпалы аурулардың алдын алу туралы айтылды, тісті қалай дұрыс тазалау және қолды қалай дұрыс жуу керектігі көрсетілді. Шараның аяғында оқушылардың, мұғалімдер және колледж студенттерінің қатысуымен жеңіл атлетикадан қызықты жарыстар өткізілді.

2017 жылдың қазан айында Атырау қаласындағы Зияткерлік мектепте оқушыларда салауатты өмір салты дағдыларын дамыту мақсатында Атырау қаласының қалалық балалар стоматологиялық емханасының қызметкерлерімен, сондай-ақ, Атырау медициналық колледжінің студенттерімен бірлесіп «Өмір бойы жарқыраған күлкі» акциясы өткізілді.

Есепті жылдың қазан-қараша айларында Көкшетау қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі 1-3-сыныптарының оқушыларымен бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын нығайту, салауатты тамақтану мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Сау күлкі», «Рационалды тамақтану ережелері» тақырыптарына арналған шаралар ұйымдастырды.

Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебінде қыркүйек айында мектептің педагог-психологтарымен бірлесе отырып, «Дәрумендер жәрмеңкесі» өткізілді. Жыл сайын осы шараның аясында оқушыларға жеміс-жидектің пайдалы қасиеттері жөнінде, сондай-ақ, оқушының таңдап алған жемісінің және оның мінез-құлқы мен темпераментіне қалай ұқсайтындығы туралы қызықты мәліметтер беріледі.



3.5. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

3.5.1. NIS-PROGRAMME СӘЙКЕС ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ӘЗІРЛЕУ

Оқу үдерісін оқу-әдістемелік кешендерімен (бұдан әрі - ОӘК) қамтамасыз ету мақсатында NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес 7-8-сыныптарға арналған ОӘК әзірлеу жұмыстары жалғасуда. ОӘК-ті әзірлеу жұмысы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасы 2014 жылдың 8 шілдесінде бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары мен ресурстарын әзірлеу, сараптамадан өткізу және бекіту Ережелеріне» сәйкес жүргізілді.

ОӘК әзірлеу стратегиялық серіктестердің бірі – Лондон колледж университетінің Білім беру институтымен (IOE, University College London) бірлесіп жүзеге асырылды.

ОӘК әзірлеу жобасында 7-сынып үшін **49 автор, 18 жетекші автор/редактор** қатысты, 8-сынып үшін **36 автор, 15 жетекші автор/редактор** қатысты. ОӘК әзірлеуге таңдап алынған барлық авторларға белсенді оқыту принциптері негізінде, оқушылардың психологиялық жас ерекшелігі және педагогика мәселелері, сондай-ақ, редакторларға редакциялау техникаларын үйретуге арналған оқыту ұйымдастырылды.

Оқулықтардағы тапсырмалар оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу материалдарын ұсыну жолдары оқушылардың білімді игеруге қатысты танымдық қызығушылығын жандандырады. Әртүрлі форматтарда берілген материалдар оқушылардың суреттер, фотосуреттер, кестелер, сызбалар, диаграммалар, ақпараттық кестелер және т.б. түрінде берілген ақпаратпен жұмыс жасау дағдысын дамытуға ықпалын тигізеді.

Тапсырмалардың басым бөлігі коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған, оқу үдерісін жұпта және топтарда ұйымдастыруды қарастырады.

Мұғалімге арналған нұсқаулық оқулықтардың қосарлы беттерін қолданумен қатар, сабақ-

Кесте. Зияткерлік мектептер үшін ОӘК әзірлеу

Сынып	Басталған жылы	Аяқтаған жылы	Пәндер саны	ОӘК саны	Атаулардың саны (бөлімдер мен тілдерді есепке ала отырып)
7-сынып	2014	2018	9 пән: «Математика (1-бөлім)», «Физика», «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы»	23	46
8-сынып	2016	2019	8 пән: «Физика», «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы»	12	24

тардың сценарийлерінен тұрады. Сараланған оқытуды ұйымдастыру мақсатында, ОӘК аталған компонентіне оқулықтың қосалқы беттерінде берілмеген қосымша тапсырмалар енгізілген.

ОӘК оқу бағдарламаларының және ОӘК компоненттерінің өзара сәйкестігін анықтау мақсатында Халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі Кембридж бағалау кеңесінің кеңесшілері 2017 жылы 7-сыныпқа арналған 3 пән, атап айтқанда «Математика», «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен ОӘК рецензиялауын жүргізді.

«Білім беру бағдарламалары» орталығы қызметкерлерінің әлеуетін арттыру шеңберінде «Білім беру бағдарламалары» орталығы пәндік үйлестірушілері Халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі Кембридж бағалау кеңесінің кеңесшілермен бірлесіп «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «География», «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен 8-сыныпқа арналған ОӘК рецензиялауын бірлесіп жүргізді. Аталған үдерістің барысында рецензиялау нысандары мен бағалау есептері берілді, бұл құжаттар оқулықтардың қосарлы беттерін жақсарту барысында есепке алынды.



- Жұмыстың нәтижелері:
- Зияткерлік мектептерде 7-сыныпқа арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі 9 пәннен **23 ОӘК апробациядан** өткізілуде;
 - 8-сыныпқа арналған **9 пәннен 12 ОӘК рецензиялаудан өтіп**, соның негізінде оның мазмұнын қайта түзету жұмыстары жүргізілуде.

7-сынып үшін ОӘК-ті апробациядан өткізу

2017-2018 оқу жылдарында Зияткерлік мектептерде 7-сыныпқа арналған бірқатар ОӘК-ті апробациядан өткізу үдерісі басталған болатын.

19 Зияткерлік мектепте «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүние-жүзі тарихы», «Өнер», «Химия», «Биология», «География», «Физика» пәндерінен ОӘК апробациядан өткізу жұмыстары басталды. Зияткерлік мектептерден ОӘК-ті апробациядан өткізуге 430 мұғалім қатысуда.

Апробациядан өткізу үшін 9 пәннен ОӘК-нің жалпы саны 20 888 дана таралымы жарық көрді. Сондай-ақ, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі электрондық нұсқалары www.sk.nis.edu.kz сайтында жүктелген және білім беру үдерісінде қолдануға қолжетімді.

3.5.2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Кітапхана қоры ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 23 қазандағы шешімімен (№50 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының кітапханаларын қолдану Ережесі және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№62 хаттама) бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларын ұйымдастыру Ережесі шеңберінде қалыптастырылады.

Зияткерлік мектептердің кітапхана қоры NIS-Programme білім беру бағдарламасына сәйкес, мұғалімдердің және оқушылардың қажеттіліктерін, отандық және шетелдік кітап нарығын талдау нәтижелерін есепке ала отырып қалыптастырылады.

2017 жылы жалпы кітапхана қоры 660 395 дана оқу, әдістемелік, көркем, ғылыми-танымдық әдебиеттерден құрылған.

Кітап оқу мәдениетін дамыту және оқу сауаттылығын қалыптастыру

Зияткерлік мектептердегі кітапханалар жұмысының басты нысандарының бірі ретінде: «Жетістік сапары», «Let's READ», «Послы любви чтения», «Книжный сюрприз», «LibraryX», «Сиқырлы туған күн», «Reading Time», «1234», «Мемого», «100 кітап», «Book Start», «READx», «Біздің арамыздағы жазушылар», «Жас ақындар», «Жаңа кезеңнің жазушылары», «Сүйікті кітап туралы 5 минут», «Story Time» интерактивті оқылымы сияқты зияткерлік ойындар арқылы оқырмандық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстарын атап өтуге болады.

Диаграмма. Зияткерлік мектептер кітапханаларының жалпы қоры



Педагог-кітапханашылар төмендегідей жаңа әдістерді енгізді: «1 сағаттың ішінде 100 кітап», «Книжное безумие», «Әдеби джем», «Осы күннің дәйексөзі», «Reading Man», «Side Walk Chalk Fun», «Book Tasting».



Бастауыш мектептердің оқушылары үшін оқу сауаттылығын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерді дамытуға мүмкіндік беретін «Эрик Карлдың әдісі бойынша аппликацияларды жасау» әдісі енгізілуде. Әрбір Зияткерлік

мектепте кітап оқу клубы жұмыс жасайды, оның шеңберінде онлайн-конференциялар өткізіледі.



«Global Readers» кітап оқу клубының шеңберінде Көкшетау қаласының Зияткерлік мектебі Wharton High School (Флорида, АҚШ) серіктес мектебімен әріптестік жүргізеді.

2017 жылдың қарашасында Халықаралық мектеп кітапханаларының айында Oakridge International School (Үндістан) және Agrupamento de Escolas Dr. Júlio Martins, Chaves Portugal (Шавиш қаласы, Португалия) мектептерімен оқырмандардың онлайн-конференциялары өткізілді.



Жыл сайын Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күніне орай оқушыларды кітап оқуға тарту және Зияткерлік мектептердің кітапханалық қорына еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «Bookcrossing» акциясы өткізіледі. Аталған акцияның негізінде 20 Зияткерлік мектептің оқушылары мен мұғалімдері басқа оқырмандармен өздері оқыған 5 568 кітаптарымен бөлісті.

Ата-аналармен серіктестік

Оқушылардың ата-аналарынан алынған оң пікірлердің негізінде оқушылар, ата-аналар және педагогикалық қоғамдастық арасында байланыстарды нығайту мақсатында отбасылық кітап оқу клубтары құрылды.



Отбасымен оқу клубтары оқушылар мен ата-аналар арасындағы бейресми қарым-қатынастың, кітаптарды талқылау, пікір және оқырман ұсыныстарымен алмасудың шығармашыл алаңы болып табылады.

Кіріктірілген сабақтар

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту мақсатында ақпараттық технологиялардың, ойын әдістемелерінің көмегімен Зияткерлік мектептер кітапханаларының ресурстарын қолдана отырып, келесі пәндер бойынша кіріктірілген сабақтар өткізілді:

- ◆ «Математика»: «Векторлар», «Үшбұрыштардың ұқсастығы», «Көпжақ» тақырыптары;
- ◆ «Физика»: «Электр энергиясын беру. Генераторлар. Трансформаторлар» тақырыптары;
- ◆ «Орыс тілі мен әдебиеті»: «Я говорю с тобой стихами» тақырыбы;
- ◆ «Биология»: «Қазақстанның Қызыл кітабы», «Тіс» тақырыптары;
- ◆ «Информатика»: «Мәліметтер базасы» тақырыбы;
- ◆ «География»: «Ұлы саяхатшылардың іздері бойынша», «Ауарайы құбылыстары» мерзімді басылымдармен жұмыс жасау, «Гидросфера және оның құрылымы» тақырыптары;
- ◆ «Ағылшын тілі»: «Alphabet», «Kazakh Tales. Aldar Kose and His Magic Fur Coat» тақырыптары бойынша, ертегіні оқу, Л. Кэрролдың 'Alice in Wonderland' кітабының желісі бойынша тілді қалыптастыру, ертегіні құрастыру;
- ◆ «Қазақстан тарихы»: «Әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін жариялауға қойылатын талаптар» және т.б. тақырыптары.

Оқу жылы барысында барлық кітапханаларда EBSCO халықаралық ақпараттық мәліметтер базасын, Twig-bilim, Bilimland білім беру ресурстарын қолдану бойынша оқушылар мен педагогтерге арналған оқу тренингтері өткізілді.



Зияткерлік мектептер кітапханаларының практикалық қызметі

Кітапханалардың заманауи жұмыс әдістерін қолдану, сондай-ақ белсенді емес оқырмандарды кітап оқуға тарту мен ынталандыру мақсатында педагог-кітапханашылар мынадай біліктілікті арттыру курстарынан өтті:

- ◆ «Оқылымның сауаттылық дағдыларын практикалық тұрғыдан жетілдіру – оқушылардың зияткерлік және шығармашылық дамуының негізі»;
- ◆ «STEM-оқыту кеңістігін дамыту арқылы оқушылардың оқу және сауаттылық мәдениетін арттыру»;
- ◆ «Кітапхананың мүмкіндіктерін арттыру – мектепте медиа-оқыту мен зерттеуді қамтамасыз ету».
- ◆ Сондай-ақ, педагог-кітапханашылар төмендегідей конференцияларға қатысты:
- ◆ Дүниежүзілік кітапхана және ақпараттық конгресі: «Кітапхана. Ынтымақтастық. Қоғам» тақырыбында 83 КАХФ Бас конференциясы мен Ассамблеясы, Вроцлав қаласы, Польша;
- ◆ АҚШ, Калифорния штаты, Лонг Бичтағы XXI Мектеп кітапханасы саласын зерттеу бойынша халықаралық форумның «Шекарасыз оқыту (Обучение без границ)» тақырыбындағы 46 жыл сайынғы халықаралық конференциясы.



Педагог-кітапханашылар «Зияткерлік мектептер кітапханаларының заманауи жұмыс жасау әдістері» тақырыбындағы презентацияны, «Кітаптарды кілт сөздер бойынша оқу-Keyword Hexagon» практикалық жұмысты, ақпараттық функционалдық және оқылым сауаттылығын дамыту бойынша жұмыс жасаудың заманауи әдістері туралы «Обучай, мотивируй, вдохновляй» постерін ұсынды.

2017 жылдың қазан айында білім беру ресурстары саласындағы әлемдік үрдістерді зерттеу мақсатында педагог-кітапханашылар «Frankfurt Book Fair 2017» халықаралық кітап көрмесіне қатысты. Нәтижесінде келесі баспалармен әріптестік туралы келіссөздер жүргізілді: MM publications, Harper Collins Children's Book-Dorling Kindersley Limited, Faber and Faber, Little, Brown Book Group UK, Penguin Books Limited, Scholastic UK, Usborne Publishing

Limited, Simon & Schuster UK, Langenscheidt, Hachette Book Group USA және т.б.



Зияткерлік мектептері педагогтерінің арасында тәжірибе алмасу мақсатында педагог-кітапханашылар әдістемелік бірлестік, педагог-ұйымдастырушылармен тығыз әріптестікті жүргізе отырып, біліктілік арттыру курстары мен семинарлар кезінде алған білімін тренингтер ретінде таратады.

Әдістемелік бірлестіктердің мұғалімдері, педагог-ұйымдастырушы кураторлар үшін оқыту семинар-тренингтері өткізілді:

- ♦ «EBSCO», «Twig – Bilim», «Bilim – land» халықаралық мәліметтер базасын қолдану бойынша;
- ♦ «Book Bingo»;
- ♦ «Keyword Hexagon»;
- ♦ «Затемненная поэзия»;
- ♦ «Буквомиксер»;
- ♦ «Танграм»;
- ♦ «LearningApps», «Kahoot» қолданбалы бағдарламаларын қолдану бойынша;
- ♦ «Әртүрлі пән саласы және тақырыптары бойынша Time Line» және «Cart Line» үстел ойынын қолдану және әзірлеу»;
- ♦ «Сабақтарда Plickers қолданбалы бағдарламасын пайдалану»;
- ♦ «Ақпараттық сауаттылықты дамыту»;
- ♦ «3 бағана әдісі бойынша мерзімді басылымдармен жұмыс».

Ақпараттық сауаттылық және зерттеу дағдыларын дамыту

Зияткерлік мектептердің кітапханаларының ақпараттық сауаттылық деңгейін арттыру және зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында сабақтарды аналитикалық сауалнаманы қолдану, электрондық ресурстармен жұмыс жасау, ресурстарды шынайылыққа талдау, газет мақаласын жиынтықтау әдістерін қолдана отырып өткізеді. Соның ішінде, газет мақаласын жиынтықтау әдісіне төмендегілер жатады:


«Материалдарды дәлелдей отырып талдау», «Визуалды сауаттылық», «Газеттердің көмегімен ақпараттық сауаттылықты

дамыту», «Затемненная поэзия», «Графикалық органайзер», «Блумның түймедағы», «Ойлаудың 6 қалпағы», «Brain Storming», «Әлемдік дәмхана», «Ақыл-ой шайқасы», Зият-картасы», «Кітап оқудың маңызыдылығы», «Танграм» кеңістікте ойлауды дамыту, «Үш бағана әдісімен оқу», «Барлығына арналған поэзия» өлеңдерін терең талдау, «Keyword Hexagon», сондай-ақ, «Путешествие по книжному океану» квест ойыны, «Академиялық жазылым» практикалық тренингі, «оқылымды дамытудың 5 жолы: Kim? Қайда? He? Қашан? Here? Қалай?» (5W+1H questions); Big6, ADDIE, Guided Inquiry, Super3 зерттеу үлгісін оқу және практикалық тұрғыдан қолдану бойынша тренингтер.

Аталған әдістер оқушының әлеуетін жан-жақты ашуға, әртүрлі ақпараттармен танысып, ақпараттық сауаттылық деңгейін арттыруға және зерттеу жұмысына қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.



4-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ





2017 жылы ДББҰ-ның зерттеу бағытындағы жұмысын одан әрі дамытты. Зерттеу жұмысы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Ғылыми зерттеу жүргізу тұжырымдамаларына» негізделеді.

Ұйымның зерттеу әлеуетін нығайту жұмысы төрт негізгі бағытта жүзеге асырылады:

- ◆ зерттеу жобалары және оқу бағдарламаларын бағалау (оның ішінде сыртқы зерттеушілермен және сыртқы жобалармен жұмыс жасау);
- ◆ әлеуетті дамыту (мысалы, мұғалімдерге зерттеу әдістерін оқыту);
- ◆ мұғалімдердің зерттеулері (тәжірибені іс жүзінде зерттеу және сабақты зерттеу);
- ◆ жинақталған біліммен алмасу (оның ішінде, зерттеулер дайджесі, халықаралық конференциялар);
- ◆ Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымының «Болашақтағы білім мен дағдылар: Білім беру – 2030» Жобасы аясында зерттеу жүргізу.

ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

Зияткерлік мектептерде жүргізілетін зерттеулер үш санатқа бөлінеді.

1-санат зерттеулері – ДББҰ зерттеулері.

2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша 11 зерттеу аяқталды, 6 зерттеу – жүзеге асырылуда, 2 зерттеу – жоспарлау үстінде (*қосымшада берілген*).

Жүргізілген зерттеулер VII тамыз конференциясында (18-19 тамыз 2017 ж.) және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің IX Халықаралық конференциясында (26-27 қазан 2017 ж.) ұсынылды.

2-санат зерттеулері – ДББҰ қызметкерлері магистрлік және докторлық бағдарламалар шеңберінде жүргізетін зерттеулер.

Осы санатта зерттеулер жүргізуге барлығы 17 сұраным қабылданды, олардың 16-сы мақұлданып, жүргізілді.

3-санат зерттеулері – сыртқы ұйымдар жүргізетін зерттеулер. Әртүрлі ұйымдардан 8 сұраным түсті, олардың 4-і қабылданды. Зерттеушілердің басым бөлігі жоғары оқу орындарының студенттері болып табылады.

Зияткерлік мектептердегі зерттеу қызметі ғылыми-консультациялық кеңеспен (ҒКК) реттеледі.



Ғылыми-консультациялық кеңес

Жылына екі рет өтетін ҒКК отырыстары шеңберінде ұйымның зерттеу әлеуетін нығайту мәселелері бойынша кеңестер берілді. Ағымдағы және жаңа зерттеу жобалары келісіп шешілді, оларды одан әрі дамытуға қатысты ұсыныстар талқыланды.

ҒКК ДББҰ-ға Аризона мемлекеттік университетінің (АҚШ) профессоры Паси Салбергпен қарым-қатынас орнатуға жағдай жасады.

ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ

Зияткерлік мектептердің тамыз конференциясында оқыту семинары өткізілді. Семинар ғылыми зерттеулер үйлестірушілері үшін мектептегі зерттеу жобаларын үйлестіру ісіне зор пайдасын тигізе білді.

Зерттеу әлеуетін дамыту мақсатында Зияткерлік мектептердің 20 мұғалімі Финляндияның Қолданбалы ғылымдар институтының (HAMK University) академиялық жазудан үш айлық онлайн-курсын өтті. Оқыту курсын аяқтағаннан кейін олар қазақстандық және халықаралық кәсіби және ғылыми журналдарда жариялауға бірнеше мақала дайындады.

Сонымен қатар, 2017 жылдың мамыр айында «Білім берудегі зерттеу әдістері» (Research Methods in Education) курсының бірінші кезеңі аяқталды. Оқытуды апта сайын шақырылған баяндамашылардың қатысуымен ДББҰ қызметкерлері (Skype арқылы) үш тілде өткізді. 2017 жыл ішінде зерттеулерге қатысатын және қызығушылық білдіретін Зияткерлік мектептер мұғалімдері үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 14 онлайн-семинар өткізілді. Келешекте мұғалімдерге осы курсқа edX платформасында өздеріне ыңғайлы уақытта қол жеткізе алу мүмкіндігі ұсынылып, курсты жетілдіру жоспарлануда.

Курс туралы толық ақпарат мына сілтемеде: <http://research.nis.edu.kz/>

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

«Тәжірибені іс жүзінде зерттеу» және «Сабақты зерттеу» Зияткерлік мектептердің мұғалімдері



арасында кең қолданысқа ие зерттеулер. 2017 жылы сол жобаларға қатысатын мұғалімдер саны 50%-ға артты, ал 1400 мұғалім практикалық зерттеулерге қатысты. Жақын арада мектептер осы зерттеулердің нәтижелеріне арналған үш тілде басып шығарылатын «Мұғалімдердің зерттеулері» журналын шығара бастайды.

БІЛІМ АЛМАСУ

Қалыптастырушы бағалау, топтық оқыту, пән мен тілді кіріктіріп оқыту және Зияткерлік мектептерде оқу жайлы түлектердің пікірлері туралы баяндамаларымен 6 ДББҰ қызметкері 2017 жылы Копенгаген қаласында (Дания) өткен Білім беру саласындағы зерттеушілердің еуропалық конференциясына қатысты.

2017 жылдың қазан айында «Білім берудің жарқын болашағына арналған құндылықтар, әлауқаттылық және инновация» деп аталатын IX Халықаралық конференция ұйымдастырылды. Екі күн ішінде конференцияға 1400-дан астам қатысушы келді.

Негізгі пленарлық отырыстарда қазақстандық және әлемге әйгілі халықаралық спикерлер баяндама жасады:

- ◆ 1-пленарлық отырыс: Күләш Шәмшидинова (ДББҰ), Паси Салберг (Аризона мемлекеттік университеті) және Тан Оон Сенг (Сингапур ҰББИ);
- ◆ 2-пленарлық отырыс: Гордон Ньюфелд (Ньюфелд институты), Саясат Нұрбек («Астана» Халықаралық қаржы орталығы) және Лиз Уинтер (Кембридж университеті);
- ◆ 3-пленарлық отырыс: Юри Белфали (ЭЙДҰ), Тим Оутс (Кэмбридж бағалауы) және Каролин Адамс (Халықаралық бакалавриат);
- ◆ 4-пленарлық отырыс: Фил Ламберт (Сидней университеті), Гарри Патринос (Дүниежүзі банкі), Асылбек Қожахметов (Алматы менеджмент университеті).

Конференция аямында атақты спикерлердің негізгі баяндамалары ұсынылды, дөңгелек үстелдер, жинақтама талқылаулар, семинарлар, постер-сессиялар және білім беру ресурстарының көрмесі ұйымдастырылды.

Зияткерлік мектептердің Кіріктірілген білім беру бағдарламаларының басты авторларының бірі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мақпал Жадринаның орта білім саласына сіңірген еңбегіне арналған симпозиум өтті.


Бағалау тақырыбына екі талқылау форумы, мектепте денсаулық сақтауды қамтамасыздандыру симпозиумы, күзінеттіліктерді өзектендіру семинары (ЮНЕСКО), авторлар Коллин Маклафлин, Алан Руби және Мэтью Хартлидің қатысуымен «Реформалар және жоғары білімді дамыту: Қазақстан тәжірибесі» кітабының тұсаукесері ұйымдастырылды.

Мұғалімдер, аймақтық ұйымдардың қызметкерлері және халықаралық ұйымдардың мүшелері арасында конференция туралы ақпарат кеңінен таралған сайын Халықаралық конференцияның географиялық аясы жылдан жылға өсуде. ДББҰ Конференцияны қазақстандық және халықаралық сарапшылар арасында үнемі дәріптеп отырады. Конференцияға 25 елдің өкілдері қатысты.

2017 жылдың ақпан айында Назарбаев Университетінде ДББҰ қолдауымен KERA «Еуразия білім беру саясаты мен тәжірибесіндегі үрдістер» Халықаралық конференциясы өтті.

ДББҰ өткізетін зерттеулермен конференциялар туралы ақпаратты мына сілтемеден табуға болады <http://research.nis.edu.kz> және <http://conferences.nis.edu.kz>.

ДББҰ білім беру саласындағы соңғы зерттеулер туралы ақпарат берілген Зерттеулер дайджесін тоқсан сайын шығарып тұрады.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫНЫҢ «БОЛАШАҚТАҒЫ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАР: БІЛІМ БЕРУ – 2030» ЖОБАСЫ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Экономикалық Ғылымдар және Даму ұйымының «Болашақтағы білім мен дағдылар: Білім беру – 2030» жобасының Қазақстан атынан ұлттық үйлестірушісі ретіндегі жұмысын табысты жалғастырды. 2017 жылы ДББҰ қызметкерлері ЭҰДЫ 2030 Тұжырымдамалық негізін әзірлеуге ат салысты, ол болашақ жастарға қажетті

білім, дағдылар, құндылықтарды анықтауға бағытталған.

Дене шынықтыру пәніне арналған оқу бағдарламаларына салыстырмалы талдау жүргізу мақсатында, сауалнама толтырылып, ЭЫДҰ хатшылығынан алдынала есеп қабылданды. Математика пәнінен оқу бағдарламаларын салыстыру жұмысы бүгінгі таңда мәліметтерді жинақтау кезеңінде.

ДББҰ өкілдері 30 қатысушы мемлекет қатарында Лиссабон (Португалия) және Париж (Франция) қалаларында өткен екі бейресми кездесуге қатысты. Жалпы, ЭЫДҰ жобасына қатысушы елдердің отырыстары келесі мәселелерді қозғады:

- ◆ білім мазмұнының шектен тыс көлемі;
- ◆ оқу бағдарламаларына құндылықтарды енгізу;
- ◆ оқушылардың өзгеріс агенттері ретінде қалыптасуы мен олардың білім беру сұрақтарына қатысуы, шешім қабылдау үдерісіне қатысуы;
- ◆ 2030 жылда қажетті білім, дағдылар және қатынастардың дамуы;
- ◆ білім, ғылым және инновацияларды кіріктіру;
- ◆ математика оқу жоспарының болашағы.



бұл оқушыларға Парижде өткен сессияны ашу мүмкіндігі берілді. Сессия математика пәнінен оқу жоспарының болашағы тақырыбына арналған.

Жобаға қатысу нәтижесінде негізгі ақпараттық материалдар, ЭЫДҰ «Білім беру – 2030» Тұжырымдамалық жобасы және сарапшылардың «Беталыстарды талдау / Болашақ өзгерістер мен күйзелістер: жаһандық жұмыс күші мен дағдылардың болашағы» мақаласын қамтитын, екі тілде жазылған брошюра дайындалды (<http://smk.edu.kz/Bank/Show/109486>; <http://smk.edu.kz/Bank/Show/109487>).



«БОЛАШАҚТАҒЫ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАР. БІЛІМ БЕРУ – 2030» жобасы ДББҰ-ға білім беру саласындағы негізгі трендтер жайында хабардар болуға, білім саласында көшбасшы елдермен ынтымақтасып, халықаралық деңгейде оқу жоспарына қатысты мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді. Жоба білім мазмұнын жаңарту мен әзірлеу үдерісінде жаңа мүмкіндіктер ашады.

Жұмыс тобының отырысында ДББҰ өкілдері оқу бағдарламаларын әзірлеу мен жаңартуға байланысты өзекті мәселелерді талқылауға белсенді қатысты: оқу жоспарының оқушылардың болашақтағы қажеттіліктеріне сай келмей, артта қалуы; жаһандық құзіреттіліктердің дамуы және т.б.

Екі жұмыс кездесуіне Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің оқушылары А. Мұратбаев, Д. Сапаров, Д. Абдишев пен К. Дәулетбек қатысты. Оқушылар оқу бағдарламаларын жаңарту мәселелерінің негізгі талқылаушылары ретінде пікірталасқа белсенді қатысты. 2017 жылдың қазан айында

5-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

ЭМПАТИЯ
САМОВЫРАЖЕНИЕ
ТРУДОЛЮБИЕ

Критерий оценивания

- Критерий А • понимание устного и визуального текстов
- Критерий В • понимание устного и визуального текстов
- Критерий С • ответы в ответ на письменный, устный и визуальный тексты
- Критерий Д • использование языка в устной и письменной формах

7 КЛАСС

ЮНИТ «Я В ОТВЕТЕ ЗА ЭТОТ МИР»
КЛЮЧЕВАЯ КОНЦЕПЦИЯ: КОММУНИКАЦИЯ
ПРЕДМЕТНЫЕ КОНЦЕПЦИИ: ЭМПАТИЯ, ГОЛОС
ГЛОБАЛЬНЫЙ КОНТЕКСТ:
ОРИЕНТАЦИЯ ВО ВРЕМЕНИ И В ПРОСТРАНСТВЕ
(ОБМЕН И ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ).
ИДЕЯ ИССЛЕДОВАНИЯ:
ОБМЕН МНЕНИЯМИ ПРИ ЗДОРОВОЙ
КОММУНИКАЦИИ И ЭМПАТИИ ФОРМИРУЕТ
ГОЛОС ОБЩЕСТВА

- Я ХОЧУ БЫТЬ ЗДОРОВЫМ
1. Вредит здоровью
 2. Вредит окружающим
 3. Пустая трата времени
 4. Плохое влияние.
 5. Короткая жизнь

ЗДОРОВЫЙ
ОБРАЗ ЖИЗНИ



ЭТО КОГДА ЧЕЛОВЕК
СЛЕДИТ ЗА СОБОЙ



Бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу тәртібі ДББҰ Қамқоршылық кеңесі және ДББҰ Басқармасының (қосымшаны қараңыз) шешімімен бекітілген ережелермен, нұсқаулармен, модельдермен және бағалау саясатымен реттеледі.



5.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ӨТКІЗУ

2017 жылдан бастап БАББО-ға есеп беру және компьютерлік тестілеу жүргізу барысында ТАО бағдарламалық қамтамасыздандыруға ауысу арқылы оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу жүйесі оңтайландырылды.


«МАТЕМАТИКА» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ӨТКІЗУ

Cito халықаралық сарапшыларының қолдауымен және Зияткерлік мектептердің математика пәні мұғалімдерінің қатысуымен «Математика» пәні бойынша бағалау стандарттарын белгілеуге, оқу жетістіктері деңгейінің сипаттамаларын дайындауға, тест тапсырмаларын сараптау нәтижелерін талқылауға арналған 4 семинар өткізілді. 2017 жылы тапсырмалар қорын жаңарту мақсатында **350 тест тапсырмасы** әзірленді.

2016-2017 оқу жылы **екі мониторинг** өткізілді:



2017-2018 оқу жылы **бір мониторинг** өткізілді:



2017 жылдың қаңтар айында өткізілген мониторингке **12 226 оқушы** қатысты.

Мониторинг нәтижелері бойынша **95 860** есеп әзірленіп, Зияткерлік мектептерге жіберілді, олардың ішінде:

- ♦ әрбір тапсырманы орындау ахуалы туралы ақпарат берілген **47 379** жеке есеп;
- ♦ сыныптар мен параллельдер деңгейіндегі **1 102** есеп;
- ♦ оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлері көрсетілген және сипатталған оқу ілгерілігі туралы **47 379** есеп.

7-сынып оқушыларының 2016 жылдың қыркүйегіндегі және 2017 жылдың сәуіріндегі нәтижелерін салыстырмалы талдау оқу бағдарламасының бұрын өткен бөлімдері бойынша оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесінің артқанын көрсетті: «Сандардан» – «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі 1,4%-ға; «Алгебрадан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 14,3%-ға; «Геометриядан» – «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесі тиісінше 6,9% және 3,2%-ға; «Статистика және ықтималдықтар теориясынан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 19%-ға; «Математикалық модельдеу және талдаудан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 3,7%-ға артты.

8-сынып оқушыларының 2016 жылдың қыркүйегіндегі және 2017 жылдың сәуіріндегі нәтижелерін салыстырмалы талдау оқу бағдарламасының бұрын өткен бөлімдері бойынша оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесінің артқанын көрсетті: «Алгебрадан» – «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі 2,6%-ға; «Геометриядан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 8,3%-ға; «Математикалық модельдеу және талдаудан» – «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі 2,4%-ға артты.

9-сынып оқушыларының 2016 жылдың қыркүйегіндегі және 2017 жылдың сәуіріндегі нәтижелерін салыстырмалы талдау «Алгебра» бөлімі бойынша «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесінің тиісінше 2,7% және 9,4%-ға артқанын көрсетті.

10-сынып оқушыларының 2016 жылдың қыркүйегіндегі және 2017 жылдың сәуіріндегі нәтижелерін салыстырмалы талдау оқу бағдарламасының бұрын өткен бөлімдері бойынша оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесінің артқанын көрсетті: «Алгебрадан» – «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесі тиісінше 13,4% және 2,2%-ға; «Геометриядан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 6,3%-ға; «Математикалық модельдеу және талдаудан» – «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесі тиісінше 22,8% және 4,7%-ға артты.

⁴ ТАО – оқушыларды тестілеу үдерісін автоматтандыру мақсатында оқу жетістіктерін бағалау саласындағы Халықаралық зерттеу орталығымен әзірленген компьютерлік тестілеу жүйесі.

11-сынып оқушыларының 2016 жылдың қыркүйегіндегі және 2017 жылдың сәуіріндегі нәтижелерін салыстырмалы талдау оқу бағдарламасының бұрын өткен бөлімдері бойынша оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесінің артқанын көрсетті: «Алгебрадан» – «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі 2,2%; «Геометриядан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 9,2%-ға артты.

12-сынып оқушыларының 2016 жылдың қыркүйегіндегі және 2017 жылдың сәуіріндегі нәтижелерін салыстырмалы талдау оқу бағдарламасының бұрын өткен бөлімдері бойынша оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейлердегі оқушылар үлесінің артқанын көрсетті: «Алгебрадан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 20,6%-ға; «Геометриядан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 36,1%-ға, алайда «бастапқы» деңгейдегі оқушылар жоқ; «Статистика және ықтималдықтар теориясынан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 21,7%-ға; «Математикалық модельдеу және талдаудан» – «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі 5%-ға артты.

Осылайша, 2016 жылдың қыркүйегінде және 2017 жылдың сәуірінде өткізілген мониторинг нәтижелерін салыстырмалы талдау қорытындысы бойынша «Математика» пәні оқу бағдарламасының бес бөлімі («Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және талдау») бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің төрт деңгейінен («бастапқы», «негізгі», «жақсы», «жоғары») оңалыс айқындалды. Бұл үрдіс қосымша педагогикалық қолдауды қажет ететін оқушылар санының азаюына байланысты оқушылардың оқу материалдарын меңгерудегі ілгерілеуінің белгісі.

2017 жылдың қыркүйек айында өткізілген мониторингке **14 076 оқушы** қатысты.

Мониторинг нәтижелері бойынша **112 866** есеп әзірленіп, Зияткерлік мектептерге жіберілді, олардың ішінде:

- ♦ әрбір тапсырманы орындау ахуалы туралы ақпарат берілген **55 725** жеке есеп;
- ♦ сыныптар мен параллельдер деңгейіндегі **1 416** есеп;
- ♦ оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлері көрсетілген және сипатталған оқу ілгерілігі туралы **55 725** есеп.

2017 жылдың қыркүйек айында оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептер оқушылары «Математика» пәнінен өзекті білім мен дағдылардың айтарлықтай жоғары деңгейін көрсетті, ол оқушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын тиімді меңгергенін білдіреді.

7-сынып оқушыларының нәтижелерін талдау оқу бағдарламасының барлық бұрын өткен бөлімдері бойынша оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейдегі оқушылар санының басым екенін көрсетті: «Сандар» – 56,2% «жақсы» және 19,7% «жоғары» деңгейде, «Алгебра» – 28,8% «жақсы» және 51,1% «жоғары» деңгейде, «Геометрия» – 27,2% «жақсы» және 23,7% «жоғары» деңгейде, «Статистика және ықтималдықтар теориясы» – 16,5% «жақсы» деңгейде және 75,4% «жоғары» деңгейде, «Математикалық модельдеу және талдау» – 30,3% «жақсы» деңгейде және 43,2% «жоғары» деңгейде.

Оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу нәтижелері бойынша **9-сынып** оқушылары «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі бойынша жоғары нәтижелер көрсетті («негізгі» деңгей – 38,5%, «жақсы» деңгей – 20,1%, «жоғары» деңгей – 3,3%).

10-сынып оқушыларының нәтижелерін талдау оқушылардың келесі бөлімдер бойынша ең үздік көрсеткіштерін айқындады: «Геометрия» («негізгі» деңгейдегі оқушылар үлесі – 46,3%, «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі – 5,7%, «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі – 1,2%), «Математикалық модельдеу және талдау» («негізгі» деңгейдегі оқушылар үлесі – 39,9%, «жақсы» деңгейдегі оқушылар үлесі – 21,7%, «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі – 8%).

Оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу нәтижесінде **11-сынып** оқушылары келесі бөлімдер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті: «Сандар» («негізгі» деңгей – 25,9%, «жақсы» деңгей – 15,3%, «жоғары» деңгей – 12%), «Алгебра» («негізгі» деңгей – 30,8%, «жақсы» деңгей – 21,8%, «жоғары» деңгей – 4,6%), «Статистика және ықтималдықтар теориясы» («негізгі» деңгей – 39,1%, «жақсы» деңгей – 16,4%, «жоғары» деңгей – 3%), «Математикалық модельдеу және талдау» («негізгі» деңгей – 44,2%, «жақсы» деңгей – 16,1%, «жоғары» деңгей – 7,3%).

Мониторинг нәтижелеріне сәйкес 12-сыныптарда «Алгебра» бөлімінен «бастапқы» деңгейдегі оқушылар болған жоқ, ал «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі бойынша оқушылардың басым бөлігі оқу материалын тиімді меңгерген («негізгі» деңгейдегі оқушылар үлесі – 30,8%, «жақсы»

деңгейдегі оқушылар үлесі – 40%, «жоғары» деңгейдегі оқушылар үлесі – 6%).

ТІЛДІК ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ӨТКІЗУ

Cito халықаралық сарапшыларының қолдауымен және Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қатысуымен тілдік пәндер бойынша бағалау стандарттарын белгілеуге, оқу жетістіктері деңгейінің сипаттамаларын дайындауға, тест тапсырмаларын сараптау нәтижелерін талқылауға арналған 2 семинар өткізілді. 2017 жылы тапсырмалар қорын жаңарту мақсатында 500 тест тапсырмасы әзірленді.

2017 жылы оқушылардың тілдерді меңгеру деңгейін бағалау мақсатында «Кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті» (бұдан әрі - Қазақ тілі екінші тіл ретінде), «Кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті» (бұдан әрі - Орыс тілі екінші тіл ретінде), «Ағылшын тілі» пәндері бойынша екі мониторинг өткізілді:

- ◆ 2016-2017 оқу жылының сәуір айында – 19 Зияткерлік мектептің 7-9-сынып оқушылары үшін;
- ◆ 2017-2018 оқу жылының қыркүйек айында – 20 Зияткерлік мектептің 7-сынып оқушылары үшін.

Мониторинг нәтижелері бойынша 121 092 есеп әзірленіп, Зияткерлік мектептерге жіберілді, олардың ішінде:

- ◆ әрбір тапсырманы орындау ахуалы туралы ақпарат берілген 59 273 жеке есеп;
- ◆ оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлері көрсетілген және сипатталған оқу ілгерілігі туралы 59 273 есеп;
- ◆ сыныптар мен параллельдер деңгейіндегі 2 546 есеп.

2017 жылдың сәуір айында тілдік пәндер бойынша 7, 8 және 9-сынып оқушыларынан мониторингке 7 620 оқушы қатысты.

7-СЫНЫП

NIS-Programme бағдарламасына сәйкес 7-сынып оқушылары оқу жылының соңында қазақ/орыс тілін екінші тіл ретінде «Жақсы»/«Жоғары» В1 деңгейде, ағылшын тілін – «Жақсы»/«Жоғары» А2 деңгейде меңгереді деп күтіледі.

«Қазақ тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі сөйлеу әрекетінің төрт түрінен «Жақсы» В1 және одан жоғары деңгейлерге жетті («Тыңдалым» – 57,2%, «Оқылым» – 37,3%, «Айтылым» – 67,5%, «Жазылым» – 68%).

«Орыс тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес

оқушылардың басым бөлігі сөйлеу әрекетінің төрт түрінен «Жақсы» В1 және одан жоғары деңгейлерге жетті («Тыңдалым» – 86,3%, «Оқылым» – 64,8%, «Айтылым» – 82,7%, «Жазылым» – 78,3%).

«Ағылшын тілі» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі сөйлеу әрекетінің төрт түрінен «Жақсы» А2 және одан жоғары деңгейлерге жетті («Тыңдалым» – 40,9%, «Оқылым» – 48,2%, «Айтылым» – 55,5%, «Жазылым» – 69,3%).

Осылайша, мониторинг нәтижелері оқушылардың тілдерді қажетті деңгейде білетінін және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің үш тілде білім беру саясатына сәйкес пәндерді екінші тілде оқып, меңгере алатынын көрсетті.

8-СЫНЫП

NIS-Programme бағдарламасына сәйкес 8-сынып оқушылары оқу жылының соңында қазақ/орыс тілін екінші тіл ретінде «Жақсы» В2 деңгейде, ағылшын тілін – «Жақсы» В1 деңгейде меңгереді деп күтіледі.

«Қазақ тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелері оқушылардың басым бөлігінің оқу жетістіктері сөйлеу әрекетінің төрт түрінен («Тыңдалым» – 92,9%, «Оқылым» – 52,6%, «Айтылым» – 77,4%, «Жазылым» – 63,3%) қажетті деңгейге жеткенін көрсетті. Осы ретте оқушылардың бір бөлігі «Жоғары» В2 деңгейіне жетті, ол күтілетін деңгейден де жоғары екенін байқатты («Тыңдалым» – 2,7%, «Оқылым» – 3,2%, «Айтылым» – 23,8%, «Жазылым» – 13,6%).

«Орыс тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі сөйлеу әрекетінің төрт түрінен «Жақсы» В2 деңгейіне жетті («Тыңдалым» – 76,2%, «Оқылым» – 75,6%, «Айтылым» – 91,3%, «Жазылым» – 87%). 8-сыныптарда тілді «Жоғары» В2 деңгейінде білетін оқушылар да бар, ол күтілетін деңгейден де жоғары екенін байқатты («Тыңдалым» – 10,4%, «Оқылым» – 11,6%, «Айтылым» – 42,6%, «Жазылым» – 34%).

«Ағылшын тілі» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылар сөйлеу әрекетінің төрт түрінен «Жақсы» В1 және одан жоғары нәтижелер көрсетті: «Тыңдалым» – 64%, «Оқылым» – 45,1%, «Айтылым» – 49,5%, «Жазылым» – 41,4%. Осы ретте оқушылардың бір бөлігі «Жоғары» В1 деңгейіне жетті, ол күтілетін деңгейден де жоғары екенін байқатты («Тыңдалым» – 1,7%, «Оқылым» – 6%, «Айтылым» – 2,9%, «Жазылым» – 6,5%).

Осылайша, мониторинг нәтижелері тілдерді коммуникативтік оқыту, сонымен қатар CLIL (пән мен тілді кіріктіріп оқыту) әдісімен үйрену оқушылардың екінші тілді меңгеруіне жағымды әсер еткенін көрсетеді.

9-СЫНЫП

NIS-Programme бағдарламасына сәйкес 9-сынып оқушылары оқу жылының соңында қазақ/орыс тілін екінші тіл ретінде **«Жақсы»/«Жоғары» B2** деңгейде, ағылшын тілін – **«Жақсы»/«Жоғары» B1** деңгейде меңгереді деп күтіледі.

«Қазақ тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі сөйлеу әрекетінің төрт түрінен **«Жақсы»/«Жоғары» B2** деңгейге жетті («Тыңдалым» – 46,8%, «Оқылым» – 35,3%, «Айтылым» – 46,8%, «Жазылым» – 41%).

«Орыс тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі **«Жақсы»/«Жоғары» B2** деңгейіне жетті («Тыңдалым» – 71,1%, «Оқылым» – 61%, «Айтылым» – 42,7%, «Жазылым» – 40,4%).

«Ағылшын тілі» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі **«Жақсы»/«Жоғары» B1** деңгейіне жетті («Тыңдалым» – 39,8%, «Оқылым» – 41,8%, «Айтылым» – 52,8%, «Жазылым» – 52,7%).

Осылайша, 9-сынып оқушылары тілді, атап айтқанда, жоғары мектепте жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерді оқу үшін қажетті ағылшын тілін айтарлықтай жоғары деңгейде білетінін көрсетті.

2017-2018 оқу жылының қыркүйек айында 7-сынып оқушыларының арасында тілдік пәндер бойынша мониторинг өткізілді. Мониторингке **1 810** оқушы қатысты.

Мониторинг нәтижелері бойынша **28 562** есеп әзірленіп, Зияткерлік мектептерге жіберілді, олардың ішінде:

- ♦ әрбір тапсырманы орындау ахуалы туралы ақпарат берілген **14 161** жеке есеп;
- ♦ оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлері көрсетілген және сипатталған оқу ілгерілігі туралы **14 161** есеп;
- ♦ сыныптар мен параллельдер деңгейіндегі **240** есеп.

NIS-Program бағдарламасына сәйкес 6-сынып оқушылары оқу жылының соңында қазақ/орыс тілін екінші тіл ретінде **«Жақсы» B1** деңгейде, ағылшын тілін – **«Жақсы» A2** деңгейде меңгереді деп күтіледі.

Оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі **«Қазақ тілі екінші тіл ретінде»** пәні бойынша сөйлеу әрекеттерінің төрт түрінен **«Негізгі» және «Жақсы» B1** деңгейлерінде екені айқындалды: «Тыңдалым» – 79,9%, «Оқылым» – 83,2%, «Айтылым» – 60,1%, «Жазылым» – 75,3%. Алайда, «Жақсы» B1 деңгейінде білу талап етілетін қазақ тілін екінші тіл ретінде «Бастапқы» B1 деңгейінде білетін оқушылардың «Айтылым» (15,5%) және «Жазылым» (17,4%) дағдыларының

нашар дамуы алаңдатады.

«Орыс тілі екінші тіл ретінде» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелері оқушылардың басым бөлігі **«Жақсы» B1 және одан жоғары** деңгейлерге жеткенін көрсетті («Тыңдалым» – 92,7%, «Оқылым» – 79,2%, «Айтылым» – 77,4%, «Жазылым» – 69,8%).

«Ағылшын тілі» пәні бойынша өткізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқушылардың басым бөлігі **«Жақсы» A2 деңгейіне** жетті («Тыңдалым» – 89,8%, «Оқылым» – 68,4%, «Айтылым» – 52,7%, «Жазылым» – 48,2%).

Жалпы, мониторинг нәтижелеріне сәйкес ілгерілеу байқалуда. Алайда, қазақ тілін жалпы білім беретін мектептерде грамматикалық-аударма әдісімен оқыту салдарынан, жаңадан қабылданған 7-сынып оқушыларының қазақ тілінен екінші тіл ретінде «Айтылым» және «Жазылым» дағдылары нашар дамығаны байқалады.

Оқушылардың тілдік пәндер бойынша оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу жүйесі Білім беруді бағалау қауымдастығының (IAEA) «Үш тілді ортада тілдік пәндерге мониторинг өткізу жүйесі» тақырыбындағы Халықаралық конференциясында ұсынылды (Грузия, Батуми қ.).

5.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Кезең-кезеңмен ауысу кестесіне сәйкес жетілдірілген критериалды бағалау жүйесі Зияткерлік мектептердің 1-5, 7-9-сыныптарында қолданылады.

Бағалау жүйесін тиімді әрі кешенді қолдану мақсатындағы іс-шаралар 2017 жылы төмендегідей бағыттарда өткізілді:

- ♦ мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында әдістемелік ұсыныстар мен спецификацияларды әзірлеу;
- ♦ «Бағалау» ақпараттық жүйесін құру (<http://se.nis.edu.kz>);
- ♦ **133** мұғалім үшін оқыту семинарларын өткізу;
- ♦ жиынтық бағалау негізінде мұғалімдермен бірлесіп, жиынтық жұмыстарға онлайн-сараптама жүргізу;
- ♦ тиімді қарым-қатынас жасау және дер кезінде хабардар ету мақсатында әдістемелік және кеңес беру арқылы қолдау көрсету.

Есептік кезеңде Зияткерлік мектептер үшін: **8-9-сыныптарға** арналған жиынтық бағалау бойынша **43** әдістемелік ұсыныс; **5, 8, 9, 11-сыныптарға** арналған **83** жиынтық бағалау спецификациясы әзірленді.


Бағалау бойынша барлық материалдар «Бағалау» ақпараттық жүйесінің платформасында орналасқан. Ол мұғалімдерді

тәжірибе алмасу үшін жағымды ортамен қамтамасыз етеді, мұғалімдердің бағалау құралдарын әзірлеу бойынша кәсіби дағдыларын дамытады, қалыптастырушы және жиынтық бағалау материалдарына шолу жасау мүмкіндігін туғызады.



«Бағалау» ақпараттық жүйесінің ресурстар кітапханасында қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалардың 1624 үлгісі, бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың 2071 үлгісі және тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың 2010 үлгісі бар 189 спецификация орналасқан. Сонымен қатар Ақпараттық жүйе платформасында Зияткерлік мектептер мұғалімдері мен ПӨО қызметкерлері мектептер, сыныптар, пәндер және оқыту тілдері бойынша тоқсан ішіндегі жиынтық жұмыстардың онлайн-сараптамасы мен стандарттау рәсімін жүргізеді. Бұл сараптамалық бағалау әдістері арқылы жиынтық жұмыстардың сапасын қамтамасыз етеді.

Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатында есептік кезеңде критериалды бағалау бойынша келесі іс-шаралар өткізілді:



Қалыптастырушы бағалау мәдениетін мақсатты және жүйелі дамыту үшін Зияткерлік мектептерде «оқушылардың қалыптастырушы бағалау мәдениетін дамытудың 100 идеясы» атты арнайы бағдарламаны әзірлеу және апробациялау басталды.

Критериалды бағалау тәжірибесінің ерекшеліктері мен артықшылықтары, оны Зияткерлік мектептерге енгізу нәтижелері өңірлік тамыз конференцияларында, халықаралық конференцияларда ұсынылды, атап айтқанда:

- ◆ «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жиынтық бағалау жүргізу барысында анықтықты, объективтілікті және әділдікті қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша Білім

беруді бағалау қауымдастығының (IAEA) конференциясы (Грузия, Батуми қ.);

- ◆ Еуропалық білім беруді бағалау қауымдастығының (AEAE) «Жиынтық бағалау мысалында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде объективті және әділ бағалау жүргізу тәжірибесі» тақырыбындағы конференциясы (Чехия, Прага қ.);
- ◆ Зияткерлік мектептер мұғалімдері көшбасшылықты дамыту, оқыту және сабақта бағалау тәжірибесін жетілдіру, оқушылардың когнитивтік емес дағдыларын бағалауды өзектендіру мәселелері бойынша шеберлік сыныптары көрсетілген «Қалыптастырушы бағалау мәдениетін дамытудың 100 идеясы» семинары шеңберіндегі «Білім берудің жарқын болашағына арналған құндылықтар, әл-ауқаттылық және инновация» атты IX Халықаралық конференциясы.

5.3. 10 ЖӘНЕ 12-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктері негізгі мектепті бітіргеннен кейін (10-сынып) *IGCSE* халықаралық стандарттарына, жоғары мектепті бітіргеннен кейін (12-сынып) *AS-level* немесе *A-level* стандарттарына сәйкес бағаланады.

Емтихандар түрлі форматта өтеді (қысқа әрі толық, жабық және ашық сұрақтарды талап ететін сұрақтар, эссе, практикалық және курстық жұмыстар) және көпкомпонентті болып табылады.

Сыртқы жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру мақсатында 10-сыныптарда мынадай жұмыстар жүргізілді:

- ◆ 11 пәннен тест спецификациялары әзірленді: «Математика», «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі бірінші тіл ретінде», «Кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті», «Орыс тілі бірінші тіл ретінде», «Кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті», «Ағылшын тілі», «Физика», «Биология», «Химия» және «Информатика»;
- ◆ ПӨО-мен бірлесіп ХББМКББ емтихан материалдары әзірленді;
- ◆ емтихан материалдары пошта қызметі арқылы барлық мектептерге жеткізілді;
- ◆ Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы нұсқаулығының талаптарына сәйкес 19 Зияткерлік мектепте инспекция жүргізілді;
- ◆ Зияткерлік мектептер директорларының орынбасарлары үшін жыл ішінде ЖБ өткізу және оған дайындық мәселелері бойынша семинарлар, вебинарлар өткізілді;
- ◆ 10-сынып оқушыларының 30 440 емтихан жұмысын нормативтік құжаттарға сәйкес Зияткерлік мектептердің 253 мұғалімі және

- 11 ПӨО маманы тексерді;
- нәтижелердің статистикалық өңдеуі жүргізілді;
- ЖБ нәтижелері бойынша төрт түрлі есеп әзірленді (13 509 жеке есеп, 209 сыныптар деңгейіндегі есеп, пәндер бойынша 11 есеп, 1 аналитикалық есеп);
- ЖБ пәндері бойынша оқушылар жауаптарының үлгілері берілген 17 жинақ әзірленіп, мектептерге жіберілді.

Сыртқы жиынтық бағалау емтихандарын ұйымдастыру және өткізудің барлық кезеңдерінде құпиялылық және қауіпсіздік талаптары орындалды.

Әрбір оқушы 5 міндетті пәннен және таңдау бойынша оқитын 4 пәннің 1 пәнінен емтихан тапсырды.

10-СЫНЫП

МІНДЕТТІ ПӘНДЕР		ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ТІЛІ	
Математика	қазақ тілі	орыс тілі	
Ағылшын тілі		ағылшын тілі	
Қазақстан тарихы		қазақ тілі	
Қазақ/Орыс тілі (бірінші тіл ретінде)		қазақ тілі/орыс тілі	
Қазақ/Орыс тілі және әдебиеті (екінші тіл ретінде)		қазақ тілі/орыс тілі	
ТАҢДАУ БОЙЫНША ОҚИТЫН ПӘНДЕР			
Химия	қазақ тілі	орыс тілі	
Физика	қазақ тілі	орыс тілі	
Биология	қазақ тілі	орыс тілі	
Информатика		орыс тілі	

ЖБ қатысушыларының жалпы саны 2 256 оқушыны құрады.

2017 жылы «Математика», «Қазақ тілі бірінші тіл ретінде», «Орыс тілі екінші тіл ретінде», «Ағылшын тілі», «Физика», «Химия» және «Информатика» пәндері бойынша емтихан нәтижелеріне сәйкес сандық және сапалық көрсеткіштердің оңалысы байқалды.

Математика бойынша емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды, тапсырмалар математикалық амалдарға сүйене білу және математикалық білім мен дағдыларды қолдана білуді тексеруге бағытталған.


Оқушылар алгебралық бөлшектермен амалдар орындау, квадрат, бөлшек-рационал теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу, бөлшектерді қысқарту барысында қысқаша көбейту формулаларын қолдану, *n* дәрежелі түбірі бар өрнектерді ықшамдау, арифметикалық және геометриялық прогрессиялар формулаларын қолдану дағдыларын көрсетті. Былтырғы жылмен салыстырғанда оқушылар «Логарифмдер. Көрнекті және логарифмдік функция», «Үшбұрыштарды шығару», «Тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларының арақатынасы» тақырыптары бойынша елеулі оңалыс көрсетті.

А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі **61%-ды құрады**, олардың 18,4%-ы А* және А бағаларын алды. 2016 жылмен салыстырғанда А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі 17,8%-ға артты.

Қазақстан тарихы пәнінен емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды, ал тапсырмалары тарихи фактілер мен оқиғаларды білуді және түсінуді, оларды талдауды, пайымдауды және жалпылама қорытындылар жасауды бағалауға бағытталған.

Оқушылар тарихи дереккөздермен жұмыс жасау, тарихи оқиғаларды сыни талдау дағдыларын, нақты дәлелдер мен фактілер келтіру, өз қорытындыларын негіздеу қабілетін көрсетті.

Диаграмма. 2016-2017 оқу жылында пәндер бойынша ЖБ-ға қатысқан 10-сынып оқушыларының контингенті



А*, А, В және
С бағаларын алған
оқушылардың үлесі
78,5%-ды құрады,
олардың **6,7%-ы А* және А**
бағаларын алды.
2016 жылмен салыстырғанда
елеулі өзгерістер
байқалмады.

Қазақ/орыс тілі (бірінші тіл ретінде) және **кіріктірілген қазақ/орыс тілі және әдебиеті (екінші тіл ретінде)** пәндерінен емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды, тапсырмалары коммуникативтік, тілдік және мәдениетаралық құзіреттіліктерді және заманауи қоғам туралы білімді бағалауға бағытталған.

Қазақ/орыс тілі (бірінші тіл ретінде) пәнінен оқушылар талдауға ұсынылған мәтіннің формасы мен жанрының, мақсатты аудиториясының, мақсатының, мазмұны мен тілінің негізгі сипаттамаларын жақсы түсінетінін көрсетті. Оқушылар стиль мен жанр байланысын, ақпарат көзі мен мақсатты аудитория арасындағы байланысты көрсете білді.

Қазақ тілінен А*, А, В және С бағаларын алған оқушылар үлесі 95,5%-ды, орыс тілінен – 65,8%-ды құрды, олардың 23,8%-ы және 5,2%-ы тиісінше А* және А бағаларын алды. Қазақ тілі бойынша көрсеткіш 31,2%-ға артты, ал орыс тілінен өзгеріс байқалмады.

Кіріктірілген қазақ/орыс тілі (екінші тіл ретінде) және **әдебиеті** пәнінен оқушылар түрлі дереккөздерден алынған мәтіндердің мазмұнын жақсы түсінетінін, сұрақтарға жауап бере алатынын, ақпаратты талдай, бағалай, іріктей алатынын және оны белгілі стильде ұсына білетінін көрсетті. Оқушылар дәлелдер мен идеяларын бірізді ұсынды және идеялары мен пікірлерін түсіндіре отырып, өздерінің жеке пікірлері мен бақылауларын жеткізе білді. Оқушылар үшін қорытынды жасауды талап ететін сұрақтар қиындық келтірді.

Кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті пәнінен А*, А, В және С бағаларын алған оқушылар үлесі 76%-ды, кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті пәнінен – 97,9%-ды құрады, олардың 14,7% және 10%-ы тиісінше А* және А бағаларын алды. 2016 жылға қарағанда кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша өзгерістер байқалмады,

ал кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша көрсеткіш 0,6%-ға артты.

Ағылшын тілінен емтихан жұмысы үш компоненттен тұрды, тапсырмалары коммуникативтік, тілдік және мәдениетаралық құзіреттіліктерді және заманауи қоғам туралы білімді бағалауға бағытталған.

Оқушылар сөйлеу әрекетінің үш түрі бойынша: оқылым, жазылым және тыңдалым дағдыларын көрсетті. Оқушылардың көбі тыңдаған және оқыған мәтіндердің мазмұнын түсінетінін, негізгі және толық ақпаратты таба алатынын, өз ойларын жазбаша түрде жүйелі әрі қисынды ұсына алатынын көрсетті.

2016 жылмен салыстырғанда оқушылардың оқылым бойынша нәтижелері жақсарды, алайда тыңдалым және жазылым дағдылары бойынша нәтижелері сәл төмендеді.

А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі 79,9%-ды құрады, олардың 6,5%-ы А* және А бағаларын алды. 2017 жылы 2016 жылға қарағанда көрсеткіш 6,3%-ға артты.

Физика, химия және биология пәндерінің емтихан жұмыстары екі компоненттен тұрды, тапсырмалары үдерістер мен заңдарды, ақпаратты өңдеу, қолдану және бағалай білу, практикалық және эксперименттік жұмыс жүргізу дағдыларын тексеруге бағытталған.

Оқушылар проблемаларды шешу барысында білімін қолдана білу, болжамдар жасау, әртүрлі дереккөздерден ақпаратты табу, оны жүйелендіру, жауаптарды негіздеу үшін дәлелдер келтіру, сандық деректерді түрлендіру, фактілерді сипаттау, заңдар мен теорияларды тұжырымдау, қорытындылар жасау, эксперименттер жүргізу, оларды түсіндіру және деректерді әртүрлі форматта (кесте, график, диаграмма) ұсыну дағдыларын көрсетті.

А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі: физикадан – 68,5%, химиядан – 81,9%, биологиядан – 80,1%, олардың 25,3%, 24% және 10,3%-ы тиісінше А* және А бағаларын алды. 2016 жылға қарағанда көрсеткіштер физика мен химиядан тиісінше 14,7% және 2,7%-ға артты, ал биологиядан өзгеріс байқалмады.

Информатика пәнінің емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды, тапсырмалары пән бойынша негізгі терминдер мен ұғымдарды білуді, алгоритмдерді қолдану және жобаны бағдарламалау, жоспарлау, модельдеу және басқару дағдыларын бағалауға бағытталған.

Нәтижелер оқушылардың пәннің негізгі қағидаларын түсінетінін; ақпарат жинау және талдау, қосымшаның дизайнын жасау және программалық кодты жазу, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау және шешімнің негізділігін бағалау дағдыларының қалыптасқанын көрсетті.



А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі **58,4%-ды** құрды, олардың **7,3%-ы А* және А** бағаларын алды. 2016 жылға қарағанда көрсеткіштер **23,5%-ға артты**

Сыртқы бағалау жүйесі «Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері оқыту және оқу тиімділігінің көрсеткіші ретінде» тақырыбы бойынша Халықаралық білім беруді бағалау қауымдастығының (IAEA) конференциясында ұсынылды (Грузия, Батуми қ.).

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагог қызметкерлерінің Тамыз конференциясында Зияткерлік мектептердің 100-ден астам мұғалімі сабақты жоспарлау барысында сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін қолдану бойынша «кері дизайн» әдісін үйренді.

5.4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТАЦИЯЛАУ

Council of International schools халықаралық аккредитация шеңберінде 2017 жылы алдын-ала және топтық сапарлар барысында **80** халықаралық сарапшы **13 Зияткерлік мектепке** барды.

Барлық 20 Зияткерлік мектеп CIS халықаралық ұйымының мүшелері болып табылады, **10 мектеп – «Аккредитацияға үміткер» мәртебесіне ие** және өзін-өзі бағалау үстінде.

Зияткерлік мектептерге топтық сапар шегу нәтижесінде **сарапшылар** аккредитацияның 7 стандартына сәйкес мектептердің дамуындағы, көптілді және көпмәдениетті ортада дамытын жаһандық азаматтық және мәдениетаралық қарым-қатынастар ұғымдарын шығару және енгізу бойынша елеулі оңалысқа ерекше назар аударды.



10 Зияткерлік мектеп CIS халықаралық аккредитациясына ие

Осылайша, есептік жылда Семей, Өскемен, Көкшетау, Атырау, Қызылорда, Ақтөбе, Шымкент ФМБ және Шымкент ХББ қалаларындағы **8 Зияткерлік мектеп CIS халықаралық аккредитациясын алды.**

ДББҰ қызметкерлерінің әлеуетін арттыру мақсатында CIS тәуелсіз сарапшыларды дайындайтын тренингтер өткізді. 2017 жылы сарапшыларды дайындау мақсатында **5** қызметкер Мәскеу қаласына оқуға шақырылды, тағы **6** қызметкер онлайн-оқытудан өтті. Зияткерлік мектептердің сарапшылары шетелде халықаралық аккредитациядан өту шеңберінде бірқатар топтық ресми сапарға қатысты (Ресей, Түркия).

6-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ





6.1. ҮЛГЕРІМ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫ

2016 -2017 оқу жылының соңындағы мәліметтер бойынша 20 Зияткерлік мектепте **13 794** оқушы оқыды. Оның ішінде 8 531 оқушы қазақ тілінде, 5 263 оқушы орыс тілінде білім алды.

Оқу сатылары бойынша нәтижелерді талдауға сәйкес 2016-2017 оқу жылындағы үлгерім 100%-ды құрады.

2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектеп оқушыларының **білім сапасы 93%-ды** құрады. Оқу жылының төрт тоқсаны бойынша келтірілген деректерден оқушылардың білім сапасы көрсеткіштері өсуінің оң үрдісі байқалады.

Қазақ тілінде оқитын сыныптардың білім сапасы 94,4%-ды құрады, бұл орыс тілінде оқитын оқушылардың нәтижелеріне (90,8%) қарағанда **3,6%-ға** жоғары.

Оқу сатылары бойынша білім сапасы талдауына сәйкес, ең жоғары нәтижелерді **бастауыш мектеп** оқушылары⁵ – **97,9%**, ал төмен нәтижелерді негізгі және жоғары мектеп оқушылары көрсетті – тиісінше 92,8% және 93,3%.

2016-2017 оқу жылында төрт мектептің (Астана, Алматы ХББ, Петропавл ХББ, Ақтау ХББ) 12-сынып оқушыларының ішінде жоғары мектепті бітіру туралы үздік аттестатты алуға үміткерлердің саны 13 оқушы болды, оның ішінде 11 оқушы (85%) үздік аттестат алды.

Осы мектептердің 12-сынып оқушыларының «Алтын белгіге» үміткерлерінің саны 50 адамды құрады, оның ішінде 45 оқушы (90%) үмітті ақтады.

мектептері оқушылары арасында жалпы білім беру пәндерінен олимпиада ұйымдастыру және өткізуге арналған Ережеге» сәйкес Зияткерлік мектептердің оқушылары жыл сайын халықаралық және республикалық олимпиадаларға, байқауларға және конференцияларға қатысады.


2017 жылы республикалық және халықаралық олимпиадалар мен байқауларға **3 662 оқушы** қатысып, оның **2 248** (61,4%) жүлделі орындарға ие болды (2016 жылы – 1949 (52,8%).

Олардың ішінде: **бірінші орынды – 441; екінші орынды – 880, үшінші орынды – 927** оқушы иеленді.

Оқушылар беделді халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарында жоғары нәтижелер көрсетуде:

- ◆ Халықаралық Менделеев олимпиадасы (Қазақстан, Астана қаласы);
- ◆ Химия пәнінен халықаралық олимпиада (ICHO) (Таиланд, Нахонпатхом қаласы);
- ◆ Математика, физика, информатика пәндерінен Халықаралық Жәутіков олимпиадасы (Қазақстан, Алматы қаласы);
- ◆ «Жібек жолы» Халықаралық математикалық олимпиадасы (Қазақстан, Алматы қаласы);
- ◆ Азия-Тынық мұхиты Халықаралық математикалық олимпиадасы (Қазақстан, Алматы қаласы);
- ◆ Азиялық халықаралық физикалық олимпиада (APhO) (РФ, Якутия қаласы);
- ◆ Жасөспірімдер арасындағы математикадан Балкан олимпиадасы (Болгария, Варна қаласы);
- ◆ Халықаралық физика олимпиадасы (IPhO) (Индонезия, Джокьякарта қаласы)
- ◆ Халықаралық лингвистикалық олимпиада (ILO), (Ирландия, Дублин қаласы);

Диаграмма. 2016-2017 оқу жылы қорытындылары бойынша Зияткерлік мектептердің оқушыларының оқу сатылары мен оқыту тілі бойынша білім сапасы, %



6.2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРҒА, ҒЫЛЫМИ БАЙҚАУЛАР МЕН КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі (№48 хаттама) шешімімен бекітілген «Робототехникадан олимпиада өткізу Ережесі» және ДББҰ Басқармасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы (№62 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік

- ◆ Географиядан халықаралық олимпиада (IGEO) (Сербия, Белград қаласы);
- ◆ Математика, физика, химия, информатика пәндерінен «Туймаада» Халықаралық мектеп оқушылары арасындағы олимпиада (Ресей, Якутия қаласы);
- ◆ Ө. Жолдасбеков атындағы математика және механикадан Халықаралық ғылыми жобалар конкурсы (Қазақстан, Алматы қаласы);
- ◆ «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулерге арналған Халықаралық ғылыми

⁵ Бастауыш мектеп талдауы екі мектеп оқушыларының нәтижелері негізінде жасалды: Көкшетау қаласындағы ФМБ және Талдықорған қаласындағы ФМБ

Кесте. Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқаулары жүлдегерлерінің саны

Олимпиадалар		Ғылыми байқаулар		Конкурстар		Қашықтықтан өткізілетін интернет-олимпиадалар		Барлығы		
ҚР	Халық-аралық	ҚР	Халық-аралық	ҚР	Халық-аралық	ҚР	Халық-аралық	ҚР	Халық-аралық	Барлығы
160	51	112	66	808	133	694	224	1774	474	2 248

- жарыс (Қазақстан, Байқоңыр қаласы);
- ♦ «Адам-Жер-Ғарыш» қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған балалар мен жастардың ғылыми-зерттеу жобаларының бүкілресейлік олимпиадасы (РФ, Королев қаласы);
 - ♦ «INFOMATRIX-ASIA» компьютерлік жобалар (Информатика) Халықаралық жарысы (Қазақстан, Алматы қаласы);
 - ♦ «Математика және жобалау» Халықаралық ғылыми конкурсы (Ресей, Мәскеу қаласы);
 - ♦ Математиктердің Еуропалық Конгресі (Германия, Берлин қаласы);
 - ♦ 13-ші Халықаралық физикадан жасөспірімдер олимпиадасы (IJSO) (Индонезия, Бали аралы);
 - ♦ Халықаралық химиялық турнир (Ресей, Мәскеу қаласы).

